

# «Фридом Банк Қазақстан» АҚ

## Жекелеген қаржылық есептілік

2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін,  
тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебімен қоса

**МАЗМҰНЫ****БАСШЫАҒЫҚТЫҢ 2025 ЖЫАҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТААҒАН ЖЫАҒЫ ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫАҒЫҚ ЕСЕПТІАІКТІ ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ БЕКІТУ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІАІГІ ЖӨНІНДЕГІ МӘЛІМДЕМЕСІ****ТӘУЕАІСІЗ АУДИТОРДЫҢ АУДИТОРАҒЫҚ ЕСЕБІ****2025 ЖЫАҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТААҒАН ЖЫАҒЫ ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫАҒЫҚ ЕСЕПТІАІК:**

|                                                                          |     |
|--------------------------------------------------------------------------|-----|
| Қаржыағық жағдай туралы жекелеген есеп.....                              | 1   |
| Пайда немесе зиян және басқа да жиынтық кіріс туралы жекелеген есеп..... | 2-3 |
| Капиталдағы өзгерістер туралы жекелеген есеп.....                        | 4   |
| Ақша қаражатының қозғалысы туралы жекелеген есеп.....                    | 5-6 |

**ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫАҒЫҚ ЕСЕПТІАІККЕ ЕСКЕРТПЕАЕР:**

|                                                                                                                   |    |
|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----|
| 1. Қызметтің сипаттамасы.....                                                                                     | 7  |
| 2. Жекелеген қаржыағық есептілікті дайындау негізі.....                                                           | 8  |
| 3. Есеп саясаты туралы маңызды ақпарат.....                                                                       | 11 |
| 4. Маңызды есептік пайымдаулар мен бағалаулар.....                                                                | 22 |
| 5. Ақша қаражаты мен оның баламалары.....                                                                         | 24 |
| 6. Қаржы ұйымдарындағы қаражат.....                                                                               | 25 |
| 7. Клиенттерге берілген кредиттер.....                                                                            | 26 |
| 8. Сауда-саттықтағы бағалы қағаздар.....                                                                          | 33 |
| 9. Инвестициялық бағалы қағаздар.....                                                                             | 34 |
| 10. Негізгі құралдар.....                                                                                         | 35 |
| 11. Пайдалану құқығы нысанындағы активтер.....                                                                    | 36 |
| 12. Материалдық емес активтер.....                                                                                | 37 |
| 13. Елшілес ұйымдарға инвестициялар.....                                                                          | 37 |
| 14. Микроқаржы ұйымына қойылатын талаптар.....                                                                    | 38 |
| 15. Өзге де активтер.....                                                                                         | 38 |
| 16. Салық салу.....                                                                                               | 40 |
| 17. Қаржы ұйымдарының қаражаты.....                                                                               | 42 |
| 18. Клиенттердің қаражаты.....                                                                                    | 42 |
| 19. «РЕПЮ» шарттары бойынша кредиторлық берешек.....                                                              | 43 |
| 20. Реттелген борыш.....                                                                                          | 44 |
| 21. Жалдау бойынша міндеттемелер.....                                                                             | 44 |
| 22. Ипотекалық ұйым алдындағы міндеттемелер.....                                                                  | 45 |
| 23. Басқа да міндеттемелер.....                                                                                   | 45 |
| 24. Капитал.....                                                                                                  | 46 |
| 25. Таза пайыздық кіріс.....                                                                                      | 47 |
| 26. Кредиттік зияндар бойынша шығыстар.....                                                                       | 48 |
| 27. Таза комиссиялық (зала) / кіріс.....                                                                          | 48 |
| 28. Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы құралдарымен операциялар бойынша таза пайда..... | 49 |
| 29. Басқа да кірістер мен шығыстар.....                                                                           | 49 |
| 30. Персонал шығыстары.....                                                                                       | 49 |
| 31. Әкімшілік және басқа да операциялық шығыстар.....                                                             | 50 |
| 32. Ақцияға шаққандағы пайда.....                                                                                 | 50 |
| 33. Шарттық және шартты міндеттемелер.....                                                                        | 51 |
| 34. Тәуекелдерді басқару.....                                                                                     | 52 |
| 35. Әділ құнды бағалау.....                                                                                       | 68 |
| 36. Байланысты тараптармен операциялар.....                                                                       | 72 |
| 37. Активтер мен міндеттемелерді өтеу мерзімін сараптау.....                                                      | 76 |
| 38. Капитал жеткіліктігі.....                                                                                     | 77 |
| 39. Есепті күннен кейінгі оқиғалар.....                                                                           | 78 |

**БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ БЕКІТУ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ЖӨНІНДЕГІ МӘЛІМДЕМЕСІ****2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН**

Басшылық 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «Фридом Банк Қазақстан» акционерлік қоғамының («Банк») қаржылық жағдайын анық көрсететін жекелеген қаржылық есептілікті және пайда немесе зиян және өзге де жиынтық кіріс туралы, капиталдағы өзгерістер туралы және осы күні аяқталған жыл үшін ақша қаражатының қозғалысы туралы тиісті жекелеген есептерді дайындауға, сондай-ақ есеп саясатының маңызды ережелері туралы ақпаратты және Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары жөніндегі кеңес («ХҚЕСК») шығарған ХҚЕС-тің бухгалтерлік есеп стандарттарына сәйкес жекелеген қаржылық есептілікке (бұдан әрі - «жекелеген қаржылық есептілік») өзге де ескертпелерді анып көрсетуге жауапты болады.

Жекелеген қаржылық есептілікті дайындау барысында басшылық:

- Есеп саясаты қағидаларын дұрыс таңдау және қолданылуын қамтамасыз ету;
- Ақпаратты, соның ішінде есеп саясаты туралы деректерді мұндай ақпараттың орындылығын, нақтылығын, салыстырымдылығын және түсініктілігін қамтамасыз ететін нысанда беруге;
- Пайдаланушыларға түсіну үшін ХҚЕСК шығарған ХҚЕС-тің бухгалтерлік есеп стандарттары талаптарының орындалуы жеткіліксіз болғанда, сондай-ақ өзге де оқиғалар немесе шарттар Банк қызметінің жекелеген қаржылық жағдайы мен қаржылық нәтижелеріне әсер еткен жағдайларда қосымша ақпаратты ашуға; және
- Банктің өз қызметін келешекте жалғастыру қабілетін бағалауға жауапты.

Басшылық сондай-ақ:

- Банктегі ішкі бақылаудың сенімді және тиімді жүйесінің қызметін әзірлеуге, енгізуге және қолдауға;
- Банк мәмілелерін ашуға және түсіндіруге, сондай-ақ Банктің жекелеген қаржылық жағдайы туралы ақпаратты кез келген уақытта жеткілікті деңгейдегі дәлдікпен ұсынуға және жекелеген қаржылық есептіліктің ХҚЕСК шығарған ХҚЕС-тің бухгалтерлік есеп стандарттарының талаптарына сәйкес болуын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін нысан түріндегі есепті жүргізуге;
- Бухгалтерлік есепті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізуге;
- Банк активтерін сақтауды қамтамасыз ету бойынша мүмкін болатын барлық орынды шараларды қолдануға; және
- Алаяқтық және басқа да құқық бұзушылық фактілерін анықтауға және олардың алдын алуға жауапты болады.

Банктің 2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы жекелеген қаржылық есептілігін Банк Басқармасы 2026 жылғы 30 сәуірде шығаруға бекітті және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес Директорлар кеңесі мен жалғыз акционер кейіннен бекітуге тиіс.

Басқарма атынан:

Г.А. Ахметов  
Басқарма Төрағасы

2026 жылғы 30 сәуір  
Алматы қ., Қазақстан

Д.К. Күбеева  
Бас бухгалтер

## Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі

«Фридом Банк Қазақстан» акционерлік қоғамының Акционері мен Директорлар кеңесіне

### ***Пікір***

Біз «Фридом Банк Қазақстан» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – «Банк») жекелеген қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік, әрі оған 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы жекелеген есеп, пайда немесе зиян және басқа да жиынтық кіріс туралы жекелеген есеп, көрсетілген күнге аяқталған жыл үшін капиталдағы өзгерістер туралы жекелеген есеп және ақша қаражатының қозғалысы туралы жекелеген есеп, сондай-ақ есеп саясатының маңызды ережелері туралы ақпаратты қоса алғанда, жекелеген қаржылық есептілікке жасалған ескертпелер жатады.

Біздің пікірімізше, қоса беріліп отырған жекелеген қаржылық есептілік барлық елеулі қатынастарда 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Банктің қаржылық жағдайын, сондай-ақ көрсетілген күнге аяқталған жыл ішіндегі ақша қаражатының қозғалысы мен қаржылық нәтижелерін ХҚЕС-тің бухгалтерлік есеп стандарттарына сәйкес дұрыс бейнелейді.

### ***Пікірді білдіру негізі***

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына (ХАС) сәйкес жүргіздік. Осы стандарттарға сәйкес біздің міндеттеріміз одан әрі біздің есебіміздің «Аудитордың жекелеген қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі» бөлігінде сипатталған. Біз Банкқа қатысты бухгалтерлер үшін Халықаралық этика стандарттары жөніндегі кеңес қабылдаған *Кәсіби бухгалтерлер этикасының халықаралық кодексіне (халықаралық тәуелсіздік стандарттарын қоса алғанда)* (БХЭСК кодексі) сәйкес, жария мүдделі ұйымдардың қаржылық есептілігі аудитіне қолданылатын тәуелсіздік талаптарына және Қазақстан Республикасында жария мүдделі ұйымдардың қаржылық есептіліктің аудитіне қолданылатын этикалық талаптарға қатысты тәуелсізбіз. Біз сондай-ақ осы талаптарға және БХЭСК кодексіне сәйкес басқа да этикалық міндеттерді орындадық. Біз алынған аудиторлық дәлелдер өз пікірімізді білдіру үшін негіздеме ретінде болуы үшін жеткілікті әрі лайықты болып табылады деп пайымдаймыз.

### ***Аудиттің басты мәселелері***

Аудиттің басты мәселелері – біздің кәсіптік пайымдауымызға сай ағымдағы кезең үшін жекелеген қаржылық есептіліктің аудиті үшін барынша маңызды болып табылған мәселелер. Бұл мәселелер жекелеген қаржылық есептілік аудитіміздің контекстінде және осы есептілік туралы пікірімізді қалыптастыру кезінде қарастырылған және біз бұл мәселелер жөнінде бөлек пікірімізді білдірмейміз. Төменде көрсетілген мәселеге қатысты тиісті мәселенің аудитіміздің барысында қалай қарастырылғанының сипаты осы контекстінде келтіріледі.

Біз есебіміздің «Аудитордың жекелеген қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі» бөлімінде сипатталған міндеттерді, оның ішінде осы мәселеге де қатысты міндеттерді орындадық. Тиісінше, аудитімізге жекелеген қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін бағалауымызға жауап ретінде әзірленген рәсімдерді орындау жатады. Аудиторлық процедураларымыздың, соның ішінде төменде көрсетілген мәселені қарастыру барысында орындалған процедуралардың нәтижелері қоса беріліп отырған жекелеген қаржылық есептілік туралы аудиторлық пікірімізді білдірудің негізі болады.

## **Аудиттің басты мәселесі**

## **Тиісті басты мәселе аудитіміздің барысында қалайша қарастырылды**

### **Клиенттерге берілген кредиттер бойынша күтілетін кредиттік зияндар резерві**

«Қаржы құралдары» 9 ХҚЕС-ке (IFRS) сәйкес клиенттерге берілген кредиттер бойынша күтілетін кредиттік зияндар резервін бағалау Банк басшылығы пайымдауының басты аясы болып табылады. Актив алғаш рет танылған сәттен бастап кредиттік тәуекелдің айтарлықтай ұлғаю факторларының анықталуы, дефолт ықтималдылығының және дефолт кезінде шығындар деңгейінің мәндерін айқындау пайымдауды, жорамалдар мен тарихи, ағымдағы және болжамды ақпаратты талдауды айтарлықтай пайдалану амалдарын қосатын процестер болып табылады.

Түрлі модельдер мен жорамалдарды пайдалану клиенттерге берілген кредиттер бойынша күтілетін кредиттік зияндардың бағалау резервіне айтарлықтай әсер ете алады.

Клиенттерге берілетін кредиттер сомасының маңыздылығына, сондай-ақ кәсіби пайымдаудың айтарлықтай пайдаланылуына байланысты күтілетін кредиттік зияндар резервін бағалау аудиттің басты мәселесі болды.

Клиенттерге берілген кредиттер бойынша күтілетін кредиттік зияндар туралы ақпарат, сондай-ақ Банк басшылығының күтілетін кредиттік зияндардың резервін бағалауға әдісі жекелеген қаржылық есептіліктің «*Маңызды есепті пайымдаулар мен бағалаулар*» 4-ескертпесінде, «*Клиенттерге берілген кредиттер*» 7-ескертпесінде және «*Тәуекелдерді басқару*» 34-ескертпесінде сипатталған.

Біздің аудиторлық процедуралар клиенттерге берілген кредиттер бойынша күтілетін кредиттік зияндар резервін бағалау әдістемесін талдауды қамтыды. Біз сондай-ақ берешектің мерзімі өткен кезеңді және активтің кредиттік сапасының нашарлауы себебімен берешекті қайта құрылымдауды қамтитын актив бастапқы танылған сәттен бастап кредиттік тәуекелдің айтарлықтай өсу және дефолттың болу факторларын анықтау процестерін бақылау құралдарына талдау және тестілеу жүргіздік.

Аудиторлық процедураларымыздың шеңберінде біз, іріктелген негізде, жорамалдарды талдап, Банк клиенттерге жиынтық негізде берілген кредиттер бойынша күтілетін кредиттік зияндар резервін бағалау кезінде пайдаланған бастапқы деректерді тестіледік, оған берешекті өтеу бойынша нарықтық статистика және кепілде тұрған қамтамасыз етуді алу нәтижесінде дефолт бола қалған жағдайда шығындардың күтілетін өтелуі жатады.

Күтілетін кредиттік зияндар резервін дербес бағалауға қатысты, біз, іріктелген негізде, қарыз алушылар туралы қаржылық және қаржылық емес ақпаратты, сондай-ақ дефолт болған жағдайда кепілмен қамсыздандыруға өтелудің салынуы нәтижесінде Банк пайдаланған шығындарды өтеу сценарийін талдадық.

Біз сондай-ақ макроэкономикалық көрсеткіштерді таңдауды қоса алғанда, күтілетін кредиттік зияндарды бағалау моделінде Банк пайдаланған болжамды ақпаратқа талдау жасадық. Біз бастапқы деректерді ашық дерек көздеріндегі ақпаратпен салыстырдық және макротүзету коэффициентін математикалық тұрғыдан қайта есептедік.

Біз, іріктелген негізде, күтілетін кредиттік зияндар резервін қайта есептедік.

Біз жекелеген қаржылық есептілікке Ескертпелерде ашып көрсетілген клиенттерге берілген кредиттер бойынша күтілетін кредиттік зияндар резерві туралы ақпаратты талдадық.

### ***Басқа да мәліметтер***

Банктің 2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы қаржылық есептілігінің аудитін 2025 жылғы 15 сәуірдегі бұл есептілікке қатысты түрлендірілмеген пікірін білдірген басқа аудитор жүргізді.

### ***Банктің 2025 жылғы жылдық есебіне қосылған басқа да ақпарат***

Басқа да ақпаратқа Банктің 2025 жылғы жылдық есебінде қамтылған ақпарат жатады, бірақ жекелеген қаржылық есептілік пен сол туралы біздің аудиторлық есебіміз жатпайды. Басқа да ақпарат үшін жауапкершілікті басшылық көтереді. Банктің 2025 жылғы Жылдық есебі, жорамалмен, бізге осы аудиторлық есеп күнінен кейін ұсынылады.

Жекелеген қаржылық есептілік туралы пікіріміз басқа ақпаратқа таралмайды және біз бұл ақпаратқа қатысты қандай да бір нысанда сенімділікті білдіретін тұжырымды ұсынбаймыз.

Жекелеген қаржылық есептілікке аудитті жүргізуімізге орай біздің міндетіміз жоғарыда аталған басқа ақпаратпен, ол бізге ұсынылған кезде танысу және бұл ретте басқа да ақпарат пен жекелеген қаржылық есептіліктің немесе аудит барысында ие болған біліміміз арасында елеулі сәйкессіздіктердің болуы және басқа да ақпарат өзге елеулі бұрмалануларды қамтымайтындығы мәселесін қарастыру болып табылады.

### ***Басшылықтың және Аудит жөніндегі комитеттің жекелеген қаржылық есептілік үшін жауапкершілігі***

Басшылық жекелеген қаржылық есептіліктің ХҚЕС-тің бухгалтерлік есеп стандарттарына сәйкес жасалуы және шынайы ұсынылуы үшін әрі басшылық шынайы емес әрекеттердің немесе қатенің салдарынан маңызды бұрмалануы жоқ жекелеген қаржылық есептілікті дайындау үшін қажет деп санайтын ішкі бақылау жүйесі үшін жауапкершілік көтереді.

Жекелеген қаржылық есептілік нысандарын дайындау кезінде басшылық Банктің өз қызметін үздіксіз жалғастыра алу қабілетін бағалау үшін, тиісті жағдайларда қызметтің үздіксіздігіне қатысты мәліметтердің ашылып көрсетілуі үшін және басшылық Банкті таратқысы келген, басшылықтың қызметін тоқтатқысы келген жағдайларды немесе оның мұндай әрекеттерге іс жүзіндегі баламасы болмай қалған жағдайларды қоспағанда, есептіліктің қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалдың негізінде жасалуы үшін жауапкершілік көтереді.

Аудит жөніндегі комитет Банктің жекелеген қаржылық есептілігінің дайындалу процесін қадағалау үшін жауапкершілік көтереді.

### **Аудитордың жекелеген қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі**

Біздің мақсатымыз жекелеген қаржылық есептілік бүтіндей адал емес әрекеттердің немесе қателердің салдарынан және біздің пікірімізді қамтитын аудиторлық есепті шығаруда елеулі бұрмалануларды қамтымайды деген ақылға қонымды сенімдікке қол жеткізу болып табылады. Ақылға қонымды сенімділік - бұл сенімділіктің жоғары деңгейі, бірақ Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілген аудит әрқашан болған жағдайда айтарлықтай бұрмалануды анықтайтынына кепілдік болып табылмайды. Бұрмаланулар адал емес әрекеттердің немесе қателердің нәтижесі болуы мүмкін және егер олар жеке-жеке немесе жиынтығында осы жекелеген қаржылық есептіліктің негізінде қолданылатын пайдаланушылардың экономикалық шешімдеріне әсер етуі мүмкін деп негізделген күйде пайымдауға болса, елеулі болып есептеледі.

Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілетін аудит шеңберінде біз кәсіби пайымдауды қолданамыз және аудит барысында кәсіби скептицизмді сақтаймыз. Сонымен қатар, біз келесі әрекеттерді орындаймыз:

- ▶ адал емес әрекеттердің немесе қателердің салдарынан болған жекелеген қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін анықтап, бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық процедураларды жасаймыз; өз пікірімізді білдіру үшін негіздеме ретінде болуы үшін жеткілікті әрі лайықты болып табылатын аудиторлық дәлелдерді аламыз. Жосықсыз әрекеттер нәтижесінде елеулі бұрмалануды анықтамау тәуекелі қателіктер нәтижесінде елеулі бұрмалануды анықтамау тәуекелінен жоғары, өйткені жосықсыз әрекеттер сөз байласу, жалғандық, қасақана өткізіп жіберу, ақпаратты бұрмаланған түрде ұсыну немесе ішкі бақылау жүйесін айналып өту әрекеттерін қамтуы мүмкін;
- ▶ Банктің ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікірді білдіру мақсатында емес, жағдайларға сәйкес келетін аудиторлық процедураларды әзірлеу мақсатында, аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесін түсінеміз;
- ▶ қолданылатын есеп саясатының лайықты сипатын және басшылық есептеген бағалау мәндерінің және тиісті ақпараттың ашылып көрсетілу негізділігін бағалаймыз;
- ▶ басшылықтың қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалды қолдану заңдылығы туралы тұжырым жасаймыз және түскен аудиторлық дәлелдердің негізінде Банктің өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетінде айтарлықтай күмән туғыза алатын оқиғаларға немесе талаптарға орай елеулі белгісіздіктің бар екендігі туралы тұжырым жасаймыз. Егер де біз елеулі белгісіздіктің болуы туралы тұжырымға келетін болсақ, біз өзіміздің аудиторлық есебімізде жекелеген қаржылық есептілікте ақпараттың тиісінше ашылып көрсетілуіне назар аудартуымыз керек немесе егер ақпараттың осылайша ашылып көрсетілуі лайықты болып табылмаса, пікірімізді түрлендіру керек. Біздің қорытындыларымыз аудиторлық есеп беру күніне дейін алынған аудиторлық дәлелдерге негізделген. Дегенмен келешек оқиғалар немесе талаптар Банктің өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетінен айырылып қалуына әкеп соқтыра алады;
- ▶ жекелеген қаржылық есептіліктің бүтіндей ұсынылуын, оның құрылымы мен мазмұнын бағалаймыз, оған қоса ақпаратты ашып көрсету, сондай-ақ жекелеген қаржылық есептіліктің оның негізінде болған операциялар мен оқиғаларды олардың шынайы ұсынылуын қамтамасыз ететіндей етіп ұсынылатындығын бағалаймыз.

Біз Аудит жөніндегі комитеттің назарына, өзгесінен басқа, аудиттің жоспарланған көлемі мен мерзімдері туралы, сондай-ақ аудит нәтижелері бойынша елеулі ескертулер туралы, оның ішінде егер біз аудит процесінде ондайларды анықтасақ, ішкі бақылау жүйесінің едәуір кемшіліктері туралы ақпаратты жеткізе отырып, онымен ақпараттық өзара әрекеттесуді жүзеге асырамыз.

Сондай-ақ біз Аудит жөніндегі комитетке тәуелсіздікке қатысты барлық тиісті этикалық талаптарды сақтағандығымыз туралы мәлімдеме жасадық және осы тұлғаларды барлық өзара қарым-қатынастар мен аудитордың тәуелсіздігіне әсер етеді деп негізделген түрде есептеуге болатын басқа да мәселелер туралы, ал қажетті жағдайларда - қауіп-қатерлерді жою үшін жасалған іс-қимылдар немесе қолға алынған сақтық шаралары туралы хабардар еттік.

Біз Аудит жөніндегі комитеттің назарына жеткізген мәселелерден біз ағымдағы кезең үшін жекелеген қаржылық есептіліктің аудиті үшін барынша маңызды болған және тиісінше, аудиттің басты мәселелері болып табылатын мәселелерді айқындаймыз. Біз бұл мәселелерді аудиторлық есебімізде сипаттаймыз, тек бұл мәселелер туралы ақпаратты жария ету заңмен немесе нормативтік актімен тыйым салынған жағдайдан немесе қандай да бір мәселе туралы ақпарат біздің есебімізде хабарланбауы тиіс екендігі туралы тұжырымға келген сирек жағдайлардан басқа, өйткені мұндай ақпаратты хабарлаудың теріс салдары оның хабарлануынан қоғамдық маңызы бар пайдадан асады деп жорамал жасауға болады.

Соның нәтижелері бойынша тәуелсіз аудитордың осы аудиторлық есебі шығарылған, аудиттің жүргізілуіне жауапты басшы, - Ольга Хегай.

### „Эрнст энд Янг“ ЖШС



Ольга Хегай  
Аудитор

Аудитордың 2015 жылғы 25 қыркүйектегі  
№ МФ-0000286 біліктілік куәлігі



Рустамжан Саттаров  
«Эрнст энд Янг» ЖШС-тің  
Бас директоры

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі  
2005 жылғы 15 шілдеде берген сериясы  
МФЮ - 2 № 0000003 болатын Қазақстан  
Республикасының аумағында аудиторлық  
қызметпен айналысуға арналған  
мемлекеттік лицензия

А15Е3Н4, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.  
Әл-Фараби даңғылы, 77/7, «Есентай Тауэр» ғимараты

2026 жылғы 30 сәуір

**ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ЖЕКЕЛЕГЕН ЕСЕП****2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША***(Мың теңгеммен, егер өзгесі көрсетілмесе)*

|                                                                                          | <i>Ескертпе<br/>лер</i> | <i>2025 ЖЫЛҒЫ<br/>31 желтоқсан</i> | <i>2024 ЖЫЛҒЫ<br/>31 желтоқсан*</i> |
|------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------|------------------------------------|-------------------------------------|
| Ақша қаражаты мен оның баламалары                                                        | 5                       | 373.076.228                        | 254.681.637                         |
| Қаржы ұйымдарындағы қаражат                                                              | 6                       | 50.125.691                         | 47.518.955                          |
| Туынды қаржы активтері                                                                   |                         | —                                  | 397.649                             |
| Сауда-саттықтағы бағалы қағаздар                                                         | 8                       | 478.326.932                        | 447.781.951                         |
| «РЕПО» шарттары бойынша қамтамасыз ету ретінде берілген сауда-саттықтағы бағалы қағаздар | 8                       | 112.203.930                        | 718.557.781                         |
| Инвестициялық бағалы қағаздар                                                            | 9                       | 88.737.632                         | 37.236.674                          |
| «РЕПО» шарттары бойынша қамтамасыз ету ретінде берілген инвестициялық бағалы қағаздар    | 9                       | 381.240.525                        | 216.773.116                         |
| Клиенттерге берілген кредиттер                                                           | 7                       | 995.688.639                        | 766.612.520                         |
| Микроқаржы ұйымына қойылатын талаптар                                                    | 14                      | 9.627.264                          | —                                   |
| Неізілі құралдар                                                                         | 10                      | 43.059.486                         | 26.921.975                          |
| Пайдалану құқығы нысанындағы активтер                                                    | 11                      | 3.810.281                          | 4.261.838                           |
| Материалдық емес активтер                                                                | 12                      | 14.804.809                         | 8.844.404                           |
| Елшілес ұйымдарға инвестициялар                                                          | 13                      | 4.124.561                          | 4.564.000                           |
| Ағымдағы корпоративтік табыс салығы бойынша активтер                                     |                         | 960.699                            | 230.844                             |
| Басқа да активтер                                                                        | 15                      | 23.782.151                         | 8.013.734                           |
| <b>Активтер жиыны</b>                                                                    |                         | <b>2.579.568.828</b>               | <b>2.542.397.078</b>                |
| <b>Міндеттемелер</b>                                                                     |                         |                                    |                                     |
| Туынды қаржылық міндеттемелер                                                            |                         | 101.039                            | —                                   |
| «РЕПО» шарттары бойынша кредиторлық берешек                                              | 19                      | 470.655.418                        | 957.349.633                         |
| Клиенттердің қаражаты                                                                    | 18                      | 1.510.584.945                      | 1.083.571.305                       |
| Қаржы ұйымдарының қаражаты                                                               | 17                      | 61.169.478                         | 26.535.020                          |
| Ипотекалық ұйым алдындағы міндеттемелер                                                  | 22                      | 263.076.372                        | 248.307.105                         |
| Жалдау бойынша міндеттемелер                                                             | 21                      | 4.722.975                          | 4.844.101                           |
| Реттелген борыш                                                                          | 20                      | 1.040.000                          | 1.000.000                           |
| Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы бойынша міндеттемелер                     | 16                      | 2.265.494                          | 1.319.461                           |
| Басқа да міндеттемелер                                                                   | 23                      | 18.851.805                         | 11.236.620                          |
| <b>Міндеттемелер жиыны</b>                                                               |                         | <b>2.332.467.526</b>               | <b>2.334.163.245</b>                |
| <b>Капитал</b>                                                                           |                         |                                    |                                     |
| Жарғылық капитал                                                                         | 24                      | 111.856.152                        | 87.356.148                          |
| Қосымша төленген капитал                                                                 | 24                      | 2.400.340                          | 2.400.340                           |
| Негізгі құралдарды қайта бағалау резерві                                                 | 24                      | 1.872.135                          | 872.129                             |
| Бөлінбеген пайда                                                                         |                         | 130.972.675                        | 117.605.216                         |
| <b>Капитал жиыны</b>                                                                     |                         | <b>247.101.302</b>                 | <b>208.233.833</b>                  |
| <b>Міндеттемелер мен капитал жиыны</b>                                                   |                         | <b>2.579.568.828</b>               | <b>2.542.397.078</b>                |

\* Осы бағанда келтірілген кейбір сандар 2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы жекелеген қаржылық есептіліктен үйлеспейді, өйткені жасалған қайта жіктелулерді көрсетеді, олар тұрақты толық ақпарат 2-ескертемеде келтірілген.

Басқарма атынан:

Г.А. Ахметова  
Басқарма Төрағасы2026 жылғы 30 қаңыр  
Алматы қ., ҚазақстанД.К. Күбеева  
Бас бухгалтер

7-77 бет аралығындағы ескертпелер осы жекелеген қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

**ПАЙДА НЕМЕСЕ ЗИЯН ЖӘНЕ БАСҚА ДА ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ  
ЖЕКЕЛЕГЕН ЕСЕП**

2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

(Мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

|                                                                                               | Ескертпе<br>лер | 2025 жыл      | 2024 жыл*     |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------|---------------|---------------|
| Тіпті пайыздық мәншереммен пайдалана отырып есептеген пайыздық түсім                          | 25              | 185.735.112   | 121.788.629   |
| Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері бойынша пайыздық түсім | 25              | 67.375.683    | 140.131.384   |
| Пайыздық шығыстар                                                                             | 25              | (180.173.127) | (188.771.655) |
| Кредиттік зияндар бойынша шығыстарға дейінгі таза пайыздық кіріс                              |                 | 72.937.668    | 73.148.358    |
| Кредиттік зияндар бойынша шығыстар                                                            | 26              | (6.724.389)   | (15.477.175)  |
| Таза пайыздық кіріс                                                                           |                 | 66.213.279    | 57.671.183    |
| Комиссиялық кірістер                                                                          | 27              | 20.738.959    | 32.111.804    |
| Комиссиялық шығыстар                                                                          | 27              | (49.370.105)  | (28.834.266)  |
| Таза комиссиялық (шығыс) / кіріс                                                              |                 | (28.631.146)  | 3.277.538     |
| Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы құралдары бойынша таза пайда     | 28              | 19.725.821    | 39.585.972    |
| Шетел валютасымен операциялар бойынша таза пайда/(зиян):                                      |                 |               |               |
| - сауда-саттық операциялары                                                                   |                 | 39.827.828    | 30.065.766    |
| - валюталық бағтарды қайта бағалау                                                            |                 | (5.194.399)   | (22.299.147)  |
| Шығындарды өтеу бойынша кіріс                                                                 | 14              | 17.140.283    | -             |
| Басқа да кірістер                                                                             | 29              | 1.687.630     | 614.103       |
| Пайыздық емес кірістер                                                                        |                 | 73.187.163    | 47.966.694    |
| Персонал шығыстары                                                                            | 30              | (41.416.283)  | (31.523.538)  |
| Әкімшілік және басқа да операциялық шығыстар                                                  | 31              | (39.491.163)  | (24.647.133)  |
| Қаржы активтерін тануды тоқтату нәтижесінде болған залал                                      | 14              | (6.059.865)   | -             |
| Ешпәлес ұйымға салынған инвестицияның құнсыздануы                                             | 13              | (606.777)     | -             |
| Басқа да шығыстар                                                                             | 29              | (188.771)     | (154.528)     |
| Пайыздық емес шығыстар                                                                        |                 | (87.762.859)  | (56.325.199)  |
| Корпоративтік табыс салығының шығыстарына дейінгі пайда                                       |                 | 23.006.437    | 52.590.216    |
| Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар                                                   | 16              | (9.652.368)   | (176.113)     |
| Бір жылғы пайда                                                                               |                 | 13.354.069    | 52.414.103    |

**ПАЙДА НЕМЕСЕ ЗИЯН ЖӘНЕ БАСҚА ДА ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ  
ЖЕКЕЛЕГЕН ЕСЕП (жалғасы)****2025 жылы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін***(Мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)*

|                                                                                                             | <i>Ескертпе<br/>лер</i> | <i>2025 жыл</i>   | <i>2024 жыл</i>   |
|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------|-------------------|-------------------|
| <i>Келесі кезеңдерде пайда немесе зиян құрамында жіктелуге жатпайтын басқа да жиынтық кіріс</i>             |                         |                   |                   |
| Корпоративтік табыс салығын шегергендегі негізгі құралдарды қайта бағалау                                   |                         | 1.013.396         | —                 |
| <i>Келесі кезеңдерде пайда немесе зиян құрамында қайта жіктелуге жатпайтын басқа да жиынтық кіріс жиыны</i> |                         | 1.013.396         | —                 |
| Корпоративтік табыс салығын шегере отырып, бір жылғы басқа да жиынтық кіріс                                 |                         | 1.013.396         | —                 |
| <b>Бір жылғы жиынтық кіріс жиыны</b>                                                                        |                         | <b>14.367.465</b> | <b>52.414.103</b> |
| Акцияға шаққандағы базалық және бөлінген пайла (теңгемен)                                                   | 32                      | 377,88            | 1.861,00          |

\* Осы бағанда келтірілген кейбір сандар 2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы жекелеген қаржылық есептілікпен үйлеспейді, өйткені жасалған қайта жіктеулерді көрсетеді, олар туралы толық ақпарат 2-ескертпеде келтірілген.

Басқарма атынан:

Г.А. Ахметова  
Басқарма Төрағасы2026 жылғы 30 сәуір  
Алматы қ., ҚазақстанД.К. Қубеева  
Бас бухгалтер

## КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ЖЕКЕЛЕГЕН ЕСЕП

2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

(Мың теңгеммен, егер өзгекі көрсетілмесе)

| Ескертпелер                                               | Жарғылық капитал | Қосымша төленген капитал | Негізгі құрамдары қайта бағалау резерві | Бөлінбеген пайда | Капитал жиыны |
|-----------------------------------------------------------|------------------|--------------------------|-----------------------------------------|------------------|---------------|
|                                                           |                  |                          |                                         |                  |               |
| 2023 жылғы 31 желтоқсан                                   | 62.356.145       | 2.400.340                | 886.737                                 | 65.176.505       | 130.819.727   |
| Бір жылғы пайда                                           | -                | -                        | -                                       | 52.414.103       | 52.414.103    |
| Бір жылғы басқа да жиынтық кіріс                          | -                | -                        | -                                       | -                | -             |
| Бір жылғы жиынтық кіріс жиыны                             | -                | -                        | -                                       | 52.414.103       | 52.414.103    |
| Жарғылық капиталды ұлғайту                                | 25.000.003       | -                        | -                                       | -                | 25.000.003    |
| Негізгі құрамдарды қайта бағалау резервінің амортизациясы | -                | -                        | (14.608)                                | 14.608           | -             |
| 2024 жылғы 31 желтоқсан                                   | 87.356.148       | 2.400.340                | 872.129                                 | 117.605.216      | 208.233.833   |
| Бір жылғы пайда                                           | -                | -                        | -                                       | 13.354.069       | 13.354.069    |
| Бір жылғы басқа да жиынтық кіріс                          | -                | -                        | 1.013.396                               | -                | 1.013.396     |
| Бір жылғы жиынтық кіріс жиыны                             | -                | -                        | 1.013.396                               | 13.354.069       | 14.367.465    |
| Жарғылық капиталды ұлғайту                                | 24.500.004       | -                        | -                                       | -                | 24.500.004    |
| Негізгі құрамдарды қайта бағалау резервінің амортизациясы | -                | -                        | (13.390)                                | 13.390           | -             |
| 2025 жылғы 31 желтоқсан                                   | 111.856.152      | 2.400.340                | 1.872.135                               | 130.972.675      | 247.101.302   |



Басқарма атына

Т.А. Аманжол

Басқарма Төрағасы

2026 жылғы 30 сәуір

Аманы Қ. Қазақстан

А.К. Күбесова

Бас бухгалтер

**АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЖЕКЕЛЕГЕН ЕСЕП****2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН***(Мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)*

|                                                                                                                   | <i>Ескертпе<br/>лер</i> | <i>2025 ЖЫЛ</i>      | <i>2024 ЖЫЛ*</i>     |
|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------|----------------------|----------------------|
| <b>Операциялық қызметтен болған ақша ағындары</b>                                                                 |                         |                      |                      |
| Түскен пайыздар                                                                                                   | 25                      | 252.346.623          | 252.984.009          |
| Төленген пайыздар                                                                                                 | 25                      | (176.256.063)        | (186.118.243)        |
| Алынған комиссиялар                                                                                               |                         | 20.629.082           | 11.991.468           |
| Төленген комиссиялар                                                                                              |                         | (49.378.818)         | (8.815.073)          |
| Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы құралдары бойынша таза іске асырылған пайда/(зиян)   | 28                      | 47.373.213           | 105.406              |
| Шетел валютасымен операциялар бойынша таза жұмсалған пайда                                                        |                         | 39.827.828           | 30.065.766           |
| Шығындарды өтеу                                                                                                   | 14                      | 7.054.969            | -                    |
| Басқа да түскен кірістер                                                                                          |                         | 686.025              | 282.872              |
| Алынған дивидендтер                                                                                               | 29                      | 706.116              | 311.200              |
| Төленген персонал шығыстары                                                                                       |                         | (39.780.056)         | (27.136.375)         |
| Әкімшілік және төленген басқа да операциялық шығыстар                                                             |                         | (28.089.655)         | (20.166.616)         |
| <b>Операциялық активтер мен міндеттемелердегі өзгерістерге дейінгі операциялық қызметтен түскен ақша ағындары</b> |                         | <b>75.119.264</b>    | <b>53.504.414</b>    |
| <i>Операциялық активтердің (ұяғы)/ азаюы</i>                                                                      |                         |                      |                      |
| Қаржы ұйымдарындағы қаражат                                                                                       |                         | (3.725.057)          | 721.618              |
| Туынды қаржы активтері                                                                                            |                         | 92.446               | 1.165.229            |
| Сауда-саттықтағы бағалы қағаздар                                                                                  |                         | 515.678.849          | 89.345.579           |
| Клиенттерге берілген кредиттер                                                                                    |                         | (238.666.878)        | (172.222.691)        |
| Басқа да активтер                                                                                                 |                         | (7.700.234)          | 726.422              |
| <i>Операциялық міндеттемелердің көбеюі/ (азайы)</i>                                                               |                         |                      |                      |
| Қаржы ұйымдарының қаражаты                                                                                        |                         | 34.208.083           | 4.395.950            |
| Клиенттердің қаражаты                                                                                             |                         | 408.299.123          | 278.617.636          |
| «РЕПО» шарттары бойынша кредиторлық берешек                                                                       |                         | (485.389.331)        | (99.701.154)         |
| Ипотекалық ұйым алдындағы міндеттемелер                                                                           |                         | 14.769.267           | 23.521.143           |
| Басқа да міндеттемелер                                                                                            |                         | 841.951              | (278.949)            |
| <b>Корпоративтік табыс салығына дейінгі операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының таза түсуі</b>              |                         | <b>313.527.483</b>   | <b>179.795.197</b>   |
| Төленген корпоративтік табыс салығы                                                                               |                         | (9.773.989)          | (12.407)             |
| <b>Операциялық қызметтен ақша қаражатының таза түсімі</b>                                                         |                         | <b>303.753.494</b>   | <b>179.782.790</b>   |
| <b>Инвестициялық қызметтен болған ақша ағындары</b>                                                               |                         |                      |                      |
| Инвестициялық бағалы қағаздарды сатып алу                                                                         | 9                       | (193.389.809)        | (138.962.815)        |
| Негізгі құралдарды сатып алу                                                                                      |                         | (20.455.111)         | (15.537.608)         |
| Негізгі құралдарды сатудан түскен түсімдер                                                                        |                         | 554.046              | -                    |
| Материалдық емес активтерді сатып алу                                                                             |                         | (6.802.053)          | (4.528.691)          |
| Материалдық емес активтерді сату                                                                                  |                         | 20.138               | -                    |
| Елшілес ұйымның жарғылық капиталына жарна                                                                         |                         | -                    | (4.546.000)          |
| <b>Инвестициялық қызметте ақша қаражатының таза жұмсауы</b>                                                       |                         | <b>(220.072.789)</b> | <b>(163.575.114)</b> |

**АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЖЕКЕЛЕГЕН ЕСЕП (жалғасы)**

(Мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

|                                                                                | Ескертпе<br>лер | 2025 жыл           | 2024 жыл*          |
|--------------------------------------------------------------------------------|-----------------|--------------------|--------------------|
| <b>Қаржылық қызметтен болған ақша ағындары</b>                                 |                 |                    |                    |
| Акцияларды шығарудан түскен түсім                                              | 24              | 24.500.004         | 25.000.003         |
| Жалдау бойынша міндеттемелерді өтеу                                            | 21              | (1.428.281)        | (1.377.940)        |
| <b>Қаржылық қызметтен ақша қаражатының таза түсуі</b>                          |                 | <b>23.071.723</b>  | <b>23.622.063</b>  |
| <b>Ақша қаражаты мен оның баламаларының таза ұлғаюы</b>                        |                 | <b>106.752.428</b> | <b>39.829.739</b>  |
| Айырбастау бағамдары өзгерістерінің ақша қаражаты мен оның баламаларына ықпалы |                 | 11.744.463         | 11.945.928         |
| Күтілетін кредиттік зияндардың ақша қаражаты мен оның баламаларына ықпалы      | 5               | (102.300)          | (33.614)           |
| <b>Жыл басындағы ақша қаражаты мен оның баламалары</b>                         |                 | <b>254.681.637</b> | <b>202.939.584</b> |
| <b>Жыл соңындағы ақша қаражаты мен оның баламалары</b>                         | 5               | <b>373.076.228</b> | <b>254.681.637</b> |

\* Осы бағанда келтірілген кейбір сомалар 2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы жекелеген қаржылық есептілікпен үйлеспейді, өйткені жасалған қайта жіктеулерді көрсетеді, олар туралы толық ақпарат 2-ескертуде келтірілген.

Басқарма атынан:

Г.А. Ахметова  
Басқарма Төрағасы

2026 жылғы 30 сәуір  
Алматы, Қазақстан



Д.К. Күбеева  
Бас бухгалтер

(Мың теңгеммен, егер өзгесі көрсетілмесе)

## 1. Қызметтің сипаттамасы

Банк Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес 2009 жылғы 31 шілдеде тіркелді. Банк өз қызметін Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі (бұдан әрі – «Агенттік») 2011 жылғы 10 маусымда берген № 1.1.260 банк қызметін жүзеге асыруға арналған лицензияның негізінде жүзеге асырады. 2024 жылғы 25 маусымда Банктің № 1.1.108 банктік және өзге операцияларды жүргізуге арналған лицензиясы атауының өзгеруіне және қайта тіркеу рәсімінің жүргізілуіне байланысты қайта ресімделді және ол алдыңғы лицензияларды ауыстырады. 2022 жылғы 22 қазанда Банк Қазақстан Республикасының банк заңнамасында көзделген банктік және өзге де операцияларды жүргізуге және Агенттік берген бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға лицензия алды. Банк қызметін Агенттік реттейді.

Банк халықтың салымдарын қабылдап, кредиттер береді және Қазақстан Республикасының аумағында және одан тыс жерлерге ақша қаражатын аударады, валюталарды айырбастау операцияларын жүргізеді, сондай-ақ Банк клиенттері болып табылатын корпоративтік және жеке тұлғаларға басқа да банк қызметтерін көрсетеді.

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Банктің филиал желісіне Қазақстан Республикасында орналасқан 17 филиал кіреді (2024 жылғы 31 желтоқсан: 16 филиал). Банктің басты кеңсежайының заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Құрманғазы көшесі, 61А.

Банк Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қорының (бұдан әрі – «ҚДКҚ») қатысушысы болып табылады. ҚДКҚ негізгі мақсаты банк-қор қатысушысы мәжбүрлеп таратылған жағдайда салымшылардың мүдделерін қорғау болып табылады. 2025 және 2024 жылдардың 31 желтоқсанына салымшылар 20 миллион теңге максималды соманың шегінде, олардың сомасы мен валютасына қарай, депозиттер бойынша шектелген сақтандыру өтемақысын ала алады.

2015 жылғы қарашадан бастап Банк Қазақстан қор биржасының (бұдан әрі – «ҚҚБ») валюта нарығының мүшесі болып табылады.

2018 жылғы 31 мамырда Банк «ОУСА Nova» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі – «ОУСА Nova» ЖШС) еншілес ұйымы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі – «ҚРҰБ») Банктің 2018 жылғы 2 мамырдағы № 17 еншілес ұйымын құруға рұқсатына сәйкес құрды. «ОУСА Nova» ЖШС қызметінің негізгі түрлері Банктің күмәнді және үмітсіз активтерін сатып алу, Банктің балансына қабылданған жылжымайтын мүлікті қосалқы жалау болып табылады.

2024 жылғы 7 қазанда Тәжікстандағы «Фридом Банк Тәжікстан» ЖАҚ Банктің еншілес ұйымының жарғылық капиталы толықтырылды. Еншілес Банк өз қызметін Тәжікстан Ұлттық Банкі 2024 жылғы 10 қазанда берген № 0000328 банктік қызметті жүзеге асыруға арналған лицензияның негізінде жүзеге асырады. Банк қызметінің негізгі түрлері халықтың салымдарын қабылдау, кредиттер беру, аударымдарды жүзеге асыру және басқа да банктік қызметтер болып табылады.

2024 жылы «Фридом Банк Қазақстан» АҚ облигациялары ҚҚБ-ның ресми тізіміне енгізілді. 2025 және 2024 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша осы облигациялар бойынша сауда-саттық ашылған жоқ.

2025 және 2024 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Банктің айналыстағы акцияларының 100% иеленетін жалғыз акционері «Фридом Финанс» АҚ (бұдан әрі – «Бас ұйым») болып табылады.

Банк түпкілікті бақылаушы тарап болып табылатын Т.Р. Турлов мырзаның нақты бақылауында болады және Банктің қызметін өз қалауы бойынша және өз мүддесі үшін бағыттауға құқылы.

Банктің бұл жекелеген қаржылық есептілігі Банк пен оның еншілес ұйымдарының (бұдан әрі бірлесіп - «Топ») шоғырландырылған қаржылық есептілігіне қосымша шығарылды. Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігін шығаруға Топ басшылығы 2026 жылғы 30 сәуірде бекітті.

Банктің осы 2025 жылғы жекелеген қаржылық есептілігін шығаруға Банк Басқармасы 2026 жылғы 30 сәуірде бекітті.

## Геосаяси оқиғалар

Ресей Федерациясы мен Украина арасындағы қақтығыстың нәтижесінде көптеген елдер жекелеген ресейлік заңды тұлғалар мен Ресей азаматтарына қарсы жаңа санкциялар енгізді және енгізуді жалғастыруда. Беларусь Республикасына қатысты санкциялар да енгізілді.

Қор және валюта нарықтарындағы құбылмалылық, импорт пен экспорттың шектеулері, жергілікті ресурстардың, материалдар мен қызметтердің қол жетімділігі белсенді қызметті жүргізетін немесе Ресей Федерациясымен, Беларусь Республикасымен немесе Украинамен айтарлықтай байланысы бар компанияларға тікелей әсер етеді. Алайда, қалыптасқан жағдайдың салдары жанжалға қатысушы елдерге тікелей қатысы бар компанияларға ғана емес, тікелей немесе жанама әсер етуі мүмкін.

(Мың теңгелен, егер өзгесі көрсетілмесе)

## 1. Қызметтің сипаттамасы (жалғасы)

### Геосаяси оқиғалар (жалғасы)

Елдік тәуекелді басқару мақсатында Банк өзінің алқалы органы белгілеген лимиттер шеңберінде контрагенттермен операцияларды бақылайды, олар үнемі қайта қаралып отырады.

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша күтілетін кредиттік зияндар резервін шегере отырып ақша қаражаты мен оның баламаларымен білдірілген ресейлік контрагенттерге қойылатын талаптардың шоғырлануы 17.139.916 мың теңге (2024 жылғы 31 желтоқсан: 13.643.452 мың теңге) болды.

### Инфляция және ағымдағы экономикалық жағдайлар

Макроэкономикалық және геосаяси ортаның әсері бүкіл әлемдегі барлық дерлік экономикалардағы инфляциялық қысымды күшейтті. Жоғары және өсіп келе жатқан энергия бағалары басқа тауарлар мен қызметтердің құнына теріс әсер етеді, бұл көптеген елдерде тұтыну бағасының айтарлықтай өсуіне әкеледі.

Көптеген тауарлардың, соның ішінде азық-түлік өнімдерінің бағасы жоғары болып қала береді. 2025 жылы Қазақстандағы инфляция ҚРҰБ деректеріне сәй 12,3% болды.

2025 жылғы 1 желтоқсанда ҚРҰБ Ақша-кредит саясаты жөніндегі комитеті базалық мөлшерлемені +/- 1% пайыздық тармақ пайыздық дәлізімен жылдық 18% деңгейінде сақтау туралы шешім қабылдады.

Банк осы оқиғалардың және экономикалық жағдайлардың өзгеруінің өз қызметіне әсерін бағалауды жалғастыруда.

Ағымдағы инфляциялық қысым, макроэкономикалық және геосаяси белгісіздік, соның ішінде Украинадағы қақтығыстың салдары активтер мен міндеттемелерді бағалауға байланысты болжамдар мен белгісіздіктерге әсер етеді.

## 2. Жекелеген қаржылық есептілікті дайындау негізі

### Жалпы ережелер

Осы жекелеген қаржылық есептілік ХҚЕС-тің бухгалтерлік есеп стандарттарына (бұдан әрі – «ХҚЕС») сәйкес дайындалды.

Жекелеген қаржылық есептілік, соның өзгерістері кезеңдегі пайда немесе зиян құрамында көрсетілетін, әділ құны бойынша бағаланатын қаржы құралдарын және қайта бағаланған құны бойынша ескерілетін негізгі құралдарды (жер мен ғимараттар) қоспағанда, тарихи құны бойынша есепке алу қағидатына сәйкес әзірленген.

Банк өздерінің ниеттері мен жекелеген қаржылық есептіліктің тиісті бабы бойынша активтердің/міндеттемелердің көп бөлігін өтеу/өтеу мүмкіндігі негізінде олардың өтімділігі тәртібімен қаржылық жағдай туралы жекелеген есептің баптарын ұсынды. Есепті күннен кейінгі 12 ай ішінде (айналымдағы активтер және қысқа мерзімді міндеттемелер) және есепті күннен кейінгі 12 айдан астам уақыт ішінде (айналымнан тыс активтер және ұзақ мерзімді міндеттемелер) өтеуге немесе өтеуге қатысты талдау 35-ескертпеде келтірілген.

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Банктің 1 жылға дейінгі өтімділік бойынша теріс позициялары бар. Банк өтімділік тәуекелдерін мемлекеттік бағалы қағаздардан тұратын жоғары өтімді активтер портфелін қолдау арқылы басқарады, қаржыландыру көздерінің кең спектрін қолдай отырып, сондай-ақ болжамды және нақты ақша ағындарын қадағалай және қаржы активтері мен міндеттемелерді өтеу мерзімдерін салыстыра отырып, оларды кез-келген ақша ағынының үзілуінен қорғаныс ретінде оңай жоюға болады. Банктің өтімділігін басқару тиісті бюджеттік жоспарлау арқылы операциялық қызмет пен одан кейінгі инвестициялар үшін ақша қаражаты мен оның баламаларының қолжетімділігін, сондай-ақ қажет болған жағдайда Бас ұйым тарапынан қаржылық қолдаудың болуын қамтамасыз етеді.

Осы жекелеген қаржылық есептілікті бекіту күніне Банк басшылығы Банктің жақын болашақта өзінің операциялық қызметін жалғастыру үшін қажетті ресурстарға не деп пайымдайды. Осылайша, жекелеген қаржылық есептілік қызметтің үздіксіздігі туралы жорамал негізінде жасалған.

(Мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

**2. Жекелеген қаржылық есептілікті дайындау негізі (жалғасы)****Жалпы ережелер (жалғасы)**

Банктің функционалдық валютасы теңге болып табылады, әрі ол Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы бола отырып, Банк жүргізетін көптеген операциялардың экономикалық мән-жайын және оның қызметіне әсер ететін соған байланысты жағдайларды барынша көрсетеді.

Осы жекелеген қаржылық есептілік, егер өзгеше көрсетілмесе, қазақстандық теңгемен (бұдан әрі - «мың теңге») білдірілген.

**Қайта жіктеулер**

Келесі өзгертулер 2025 жылғы деректерді ұсыну форматына сәйкес келтіру үшін 2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы қаржылық жағдай туралы жекелеген есепке енгізілді.

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы жекелеген есеп

|                                                                                          | <i>Бұрын<br/>көрсетілгендей</i> | <i>Қайта жіктеу<br/>сомасы</i> | <i>Түзетілген сома</i> |
|------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------|--------------------------------|------------------------|
| <b>Активтер</b>                                                                          |                                 |                                |                        |
| Сауда-саттықтағы бағалы қағаздар                                                         | —                               | 447.781.951                    | 447.781.951            |
| «РЕПО» шарттары бойынша қамтамасыз ету ретінде берілген сауда-саттықтағы бағалы қағаздар | —                               | 718.557.781                    | 718.557.781            |
| Инвестициялық бағалы қағаздар                                                            | 1.420.349.522                   | (1.383.112.848)                | 37.236.674             |
| «РЕПО» шарттары бойынша қамтамасыз ету ретінде берілген инвестициялық бағалы қағаздар    | —                               | 216.773.116                    | 216.773.116            |
| <b>Активтер жиыны</b>                                                                    | <b>2.542.397.078</b>            | <b>—</b>                       | <b>2.542.397.078</b>   |

2024 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы жекелеген есеп

|                                                                                          | <i>Бұрын<br/>көрсетілгендей</i> | <i>Қайта жіктеу<br/>сомасы</i> | <i>Түзетілген сома</i> |
|------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------|--------------------------------|------------------------|
| <b>Активтер</b>                                                                          |                                 |                                |                        |
| Сауда-саттықтағы бағалы қағаздар                                                         | —                               | 241.128.089                    | 241.128.089            |
| «РЕПО» шарттары бойынша қамтамасыз ету ретінде берілген сауда-саттықтағы бағалы қағаздар | —                               | 969.247.342                    | 969.247.342            |
| Инвестициялық бағалы қағаздар                                                            | 1.311.897.043                   | (1.294.162.242)                | 17.734.801             |
| «РЕПО» шарттары бойынша қамтамасыз ету ретінде берілген инвестициялық бағалы қағаздар    | —                               | 83.786.811                     | 83.786.811             |
| <b>Активтер жиыны</b>                                                                    | <b>2.196.217.748</b>            | <b>—</b>                       | <b>2.196.217.748</b>   |

2025 жылы Банк сауда-саттықтағы бағалы қағаздарын, «РЕПО» шарттары бойынша қамтамасыз ету ретінде берілген сауда-саттықтағы бағалы қағаздарын, инвестициялық бағалы қағаздарды және қаржылық жағдай туралы жекелеген есептің жекелеген жолдарымен «РЕПО» шарттары бойынша қамтамасыз ету ретінде берілген инвестициялық бағалы қағаздарды ұсыну туралы шешім қабылдады.

(Мың теңгеммен, егер өзгесі көрсетілмесе)

**2. Жекелеген қаржылық есептілікті дайындау негізі (жалғасы)****Қайта жіктеулер (жалғасы)**

Келесі өзгертулер 2025 жылғы деректерді ұсыну форматына сәйкес келтіру үшін 2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы пайда немесе зиян және басқа да жиынтық кіріс туралы жекелеген есепке енгізілді.

2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін пайда немесе зиян және басқа да жиынтық кіріс туралы жекелеген есеп

|                                                               | <i>Бұрын<br/>көрсетілгендей</i> | <i>Қайта жіктеу<br/>сомасы</i> | <i>Түзетілген сома</i> |
|---------------------------------------------------------------|---------------------------------|--------------------------------|------------------------|
| Комиссиялық кірістер                                          | —                               | 32.111.804                     | 32.111.804             |
| Комиссиялық шығыстар                                          | —                               | (28.834.266)                   | (28.834.266)           |
| <b>Таза комиссиялық кіріс</b>                                 | <b>3.277.538</b>                | <b>—</b>                       | <b>3.277.538</b>       |
| Корпоративтік табыс салығының шығыстарына<br>дейінгі пайда    | 52.590.216                      | —                              | 52.590.216             |
| <b>Бір жылғы пайда</b>                                        | <b>52.414.103</b>               | <b>—</b>                       | <b>52.414.103</b>      |
| <b>Бір жылғы жиынтық кіріс жиыны</b>                          | <b>52.414.103</b>               | <b>—</b>                       | <b>52.414.103</b>      |
| Акцияға шаққандағы базалық және бөлінген пайда<br>(теңгеммен) | 1.861,00                        | —                              | 1.861,00               |

2025 жылы Банк комиссиялық кірістер мен комиссиялық шығыстарды пайда мен зиян және басқа да жиынтық кіріс туралы жекелеген есептің жекелеген баптарымен ұсынуға шешім қабылдады. Банк басшылығы бұл ұсыныс жекелеген қаржылық есептілікті пайдаланушылар үшін анағұрлым орынды деп санайды.

Келесі өзгертулер 2025 жылғы деректерді ұсыну форматына сәйкес келтіру үшін 2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы ақша қаражатының қозғалысы туралы жекелеген есепке енгізілді.

2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін ақша қаражатының қозғалысы туралы жекелеген есеп

|                                                                                                                  | <i>Бұрын<br/>көрсетілгендей</i> | <i>Қайта жіктеу<br/>сомасы</i> | <i>Түзетілген сома</i> |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------|--------------------------------|------------------------|
| Басқа да түскен кірістер                                                                                         | 594.072                         | (311.200)                      | 282.872                |
| Алынған дивидендтер                                                                                              | —                               | 311.200                        | 311.200                |
| Операциялық активтер мен міндеттемелердегі<br>өзгерістерге дейінгі операциялық қызметтен түскен<br>ақша ағындары | 53.504.414                      | —                              | 53.504.414             |
| Корпоративтік табыс салығына дейінгі операциялық<br>қызметтен түскен ақша қаражатының таза түсуі                 | 179.795.197                     | —                              | 179.795.197            |
| Операциялық қызметтен ақша қаражатының таза<br>түсімі                                                            | 179.782.790                     | —                              | 179.782.790            |
| Ақша қаражаты мен оның баламаларының таза<br>ұлғаюы                                                              | 39.829.739                      | —                              | 39.829.739             |
| Жыл басындағы ақша қаражаты мен оның<br>баламалары                                                               | 202.939.584                     | —                              | 202.939.584            |
| <b>Жыл соңындағы ақша қаражаты мен оның<br/>баламалары</b>                                                       | <b>254.681.637</b>              | <b>—</b>                       | <b>254.681.637</b>     |

2025 жылы Банк ақша қаражатының қозғалысы туралы жекелеген есептің жекелеген баптарымен алынған басқа кірістер мен дивидендтерді ұсынуға шешім қабылдады.

Банк басшылығы бұл ұсыныс жекелеген қаржылық есептілікті пайдаланушылар үшін анағұрлым орынды деп санайды.

(Мың теңгеммен, егер өзгесі көрсетілмесе)

### 3. Есеп саясаты туралы маңызды ақпарат

#### Есеп саясатындағы өзгерістер

Банк 2025 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдерге қатысты күшіне енген стандарттарға бірқатар түзетулерді алғаш рет қолданды:

- 21 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер - «Валюта бағамдары өзгеруінің әсері».

Жаңа түзетулер Банктің жекелген қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеді.

Банк шығарылған, бірақ күшіне еңбеген қандай да бір стандарттарды, түсіндірмелерді немесе түзетулерді мерзімінен бұрын қолданған жоқ.

#### Әділ құнды бағалау

Банк пайда немесе зиян арқылы әділ құны («ПЗӘҚ») бойынша және басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны («БЖКӘҚ») бойынша бағаланатын мұндай қаржы құралдарын және инвестициялық жылжымайтын мүлік сияқты қаржылық емес активтерді әрбір есепті күнге әділ құны бойынша бағалайды.

Активтің сатылғаны үшін түскен немесе бағалау күніне нарық қатысушыларының арасындағы әдеттегі мәміленің барысында міндеттемелердің берілгені үшін төленген баға әділ құн болып табылады. Әділ құнды бағалау активті сату немесе міндеттемені беру мақсатындағы мәміле:

- Бұл актив немесе міндеттеме үшін негізгі болып табылатын нарықта; немесе
- Негізгі нарық болмай қалғанда, бұл активке немесе міндеттемеге қатысты барынша тиімді болатын нарықта жүзеге асырылады.

Банк негізгі немесе барынша қолайлы нарыққа қол жеткізе алуы тиіс. Активтің немесе міндеттеменің әділ құны нарық қатысушылары активтің немесе міндеттеменің бағасын белгілеу кезінде пайдаланатын жорамалдарды қолдана отырып бағаланады, бұл ретте нарық қатысушылары өздерінің ең үздік экономикалық мүдделерінде әрекет етеді деп болжануда. Қаржылық емес активтің әділ құнын бағалау нарыққа қатысушының экономикалық пайда әкелуіне немесе активті ең үздік және барынша тиімді тәсілмен пайдалану арқылы не болмаса оны бұл активті барынша жақсы және барынша тиімді тәсілмен пайдаланатын нарыққа басқа қатысушыға сату арқылы пайда әкелу қабілетін назарға алады.

Банк мұндай бағалау үлгілерін пайдаланады, әрі олар мұндай жағдайларда орынды болып табылады және солар үшін әділ құнды бағалау үшін жеткілікті болып табылады, бұл ретте релевантты қадағаланатын бастапқы деректерді пайдалана отырып, қадағаланбайтын бастапқы деректерді мейлінше азайтуға мүмкіндік береді. Әділ құны бағаланатын немесе қаржылық есептілікте ашылып көрсетілетін барлық активтер мен міндеттемелер жалпы әділ құнды бағалау үшін елеулі болып табылатын ең төменгі деңгейдегі бастапқы деректердің негізінде әділ құнның төменде сипатталған иерархиясының шеңберінде жіктеледі:

- 1-деңгей - бірдей активтерге немесе міндеттемелерге арналған белсенді нарықтардағы баға белгілеулері (түзетілмеген);
- 2-деңгей – әділ құнды бағалау үшін маңызды болатын иерархияның ең төменгі деңгейіне жататын бастапқы деректер нарықта тікелей немесе жанама байқалатын болып табылатын бағалау үлгілері;
- 3-деңгей - иерархияның ең төмен деңгейіне жататын бастапқы деректердің әділ құны бойынша бағалау үшін елеулі болатын бағалау модельдері нарықта қадағаланбайтын болып табылады.

Қаржылық есептілікте қайталанатын негізде танылатын активтер мен міндеттемелер болған жағдайда, Банк оларды әрбір есепті кезеңнің соңына жіктеуді қайталап талдай отырып (жалпы әділ құны бойынша бағалау үшін едәуір болып табылатын ең төмен деңгейдегі бастапқы деректердің негізінде) иерархияның деңгейлері арасында аудару қажеттілігін айқындайды.

(Мың теңгелен, егер өзгесі көрсетілмесе)

### 3. Есеп саясаты туралы маңызды ақпарат (жалғасы)

#### Қаржы активтері мен міндеттемелер

##### *Бастапқы тану*

##### *Тану күні*

Қаржы активтері мен міндеттемелерін стандартты талаптарда сатып алу немесе сату амалы мәміленің жасалу күніне, яғни Банк активті немесе міндеттемені сатып алу міндеттемесін өз мойнына алатын күнге көрсетіледі. Стандартты талаптарда сатып алуға немесе сатуға Қаржы активтері мен міндеттемелерді шарт шеңберінде сатып алу немесе сату жатады, соның талаптары бойынша активтер мен міндеттемелерді нарықта қабылданған қағидалармен немесе келісімдермен белгіленген мерзімнің шегінде жеткізу талап етіледі.

Қаржы құралдарын бастапқы тану кезінде жіктеу шарттық талаптардан және құралдарды басқару үшін қолданылатын бизнес-модельден тәуелді болады. Қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелер пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланған жағдайлардан басқа, мәміле бойынша шығындарды қоса алғанда, Қаржы құралдары бастапқыда әділ құны бойынша бағаланады.

##### *Қаржы активтері мен міндеттемелерді бағалау санаттары*

Банк өзінің барлық қаржы активтерін активтерді басқару үшін қолданылатын бизнес-модельдің және мыналар бойынша бағаланатын активтердің шартты талаптарының негізінде жіктейді:

- Амортизацияланған құны;
- БЖКӘҚ;
- ПЗӘҚ.

Банк туынды құралдар мен саудаға арналған құралдарды ПЗӘҚ бойынша жіктейді және бағалайды. Банк өз қарауына қарай Қаржы құралдарын ПЗӘҚ бойынша бағаланатын ретінде жіктей алады, егер мұндай жіктеу амалы бағалау немесе мойындау қағидаларын қолданудың бірізді болмауын жоюға немесе едәуір азайтуға мүмкіндік берсе.

Тану күні Қаржылық міндеттемелер, қарыздар мен қаржылық кепілдіктерді беру міндеттемелерінен басқа, амортизацияланған құны бойынша немесе ПЗӘҚ бойынша бағаланды, егер олар саудаға арналған немесе туынды құралдар болса, не болмаса ұйымның қарауына қарай әділ құны бойынша бағаланатын деп жіктелсе.

Басқа банктердегі және өзге қаржы ұйымдарындағы қаражат, клиенттерге кредиттер, амортизацияланған құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар.

Банк кредиттік ұйымдардағы қаражатты, клиенттерге берілген кредиттерді және басқа да қаржы инвестицияларын амортизацияланған құны бойынша бағалайды, тек егер келесі қос талап орындалатын болса ғана:

- Қаржы активі бизнес-модельдің шеңберінде ұсталады, оның мақсаты Қаржы активтерін шартта көзделген ақша ағындарын алу үшін ұстау болып табылады;
- Қаржы активінің шарттық талаптары көрсетілген күндерге борыштың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне борыштың негізгі сомасы («SPPI») мен пайыздардың есебінен төлемдер ғана болып табылатын ақша ағындарын алуды негіздейді.

Бұл талаптар барынша толық төменде қарастырылады.

##### *Бизнес-модельді бағалау*

Банк бизнес-модельді бизнестің белгілі бір мақсаттарына қол жеткізу үшін топтарға біріктірілген қаржы активтері қалайша басқарылатындығын барынша жақсы көрсететін деңгейде айқындайды.

(Мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

### 3. Есеп саясаты туралы маңызды ақпарат (жалғасы)

#### Қаржы активтері мен міндеттемелер (жалғасы)

##### *Бастапқы тану (жалғасы)*

##### *Бизнес-модельді бағалау (жалғасы)*

Банктің бизнес-модельді бөлек құралдар деңгейінде емес, портфельдерді агрегациялаудың барынша жоғары деңгейінде бағаланады және мынадай бақыланатын факторларға негізделген:

- Бизнес-модельдің нәтижелілігі мен осы бизнес-модельдің шеңберінде ұсталатын қаржы активтерінің кірістілігі қалайша бағаланады, және бұл ақпарат ұйымның негізгі басқарушы персоналына қалайша хабарланады;
- Бизнес-модельдің нәтижелілігіне (және осы бизнес-модельдің шеңберінде ұсталатын қаржы активтерінің кірістілігіне) әсер ететін тәуекелдер, және атап айтқанда, бұл тәуекелдерді басқару тәсілі;
- Бизнесі басқаратын менеджерлерге сыйақы қалайша беріледі (мысалы, сыйақының берілуі басқарылатын активтердің әділ құнына немесе шартта көзделген ақша ағындарына негізделген бе);
- Сатудың күтілетін жиілігі, көлемі мен мерзімдері Банктің бизнес-модельін бағалау кезінде маңызды аспектілер болып табылады.

Бизнес-модельдің бағалауы солардың туындауы «ең нашар» немесе «стрессті» сценарийлерді ескерместен, негізделіп күтілетін сценарийлерге негізделген. Егер ақша ағындары бастапқы мойындалғаннан кейін Банк үміттерінен басқа тәсілмен іске асырылса, Банк бұл бизнес-модельдің шеңберінде ұсталатын қалған қаржы активтерінің жіктелуін өзгертпейді, бірақ келешекте мұндай ақпаратты жуырда құрылған немесе жуырда сатып алынған қаржы активтерін бағалау кезінде назарға алады.

*«Борыштың негізгі сомасының және борыштың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне пайыздар есебінен ғана төлемдер» тестісі (SPPI тестісі)*

Жіктеу процесінің екінші сатысының шеңберінде Банк шартта көзделген актив бойынша ақша ағындары борыштың негізгі сомасының және борыштың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне пайыздар есебінен ғана төлемдер (яғни SPPI тестісі) болып табылатындығын анықтау үшін қаржы активінің шартты талаптарын бағалайды.

Бұл тесттің мақсаттары үшін «негізгі борыш сомасы» бастапқы мойындау кезінде қаржы активінің әділ құнын білдіреді, және ол бұл қаржы активі қолданылуының барлық мерзімінің бойына өзгере алады (мысалы, егер борыштың негізгі сомасын өтеу есебінен төлемдер жасалса немесе сыйлықақы/дисконт амортизациясы болса).

Кредиттік шарттың шеңберінде пайыздардың барынша едәуір элементтері әдетте ақшаның уақытша құны үшін өтемақы және кредиттік тәуекел үшін өтемақы болып табылады. SPPI тестісін өткізу үшін Банк пайымдауды қолданып, орынды факторларды, мысалға, қаржы активінің қай валютада білдірілгенін және пайыздық мөлшерлеме белгіленген кезеңді саралайды.

Сол уақытта тәуекелдерге ұшырағыштыққа немесе шартта көзделген, базалық кредиттік келісіммен байланысты емес ақша ағындарының волатильділігіне аз ғана әсер ететін шарттық талаптар, борыштың негізгі сомасының және борыштың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне пайыздардың есебіне төлемдер болып табылатын шартта көзделген ақша ағындарының пайда болуын негіздемейді. Мұндай жағдайда қаржы активін ПЗӨҚ бойынша бағалау қажет.

##### *Қаржылық кепілдіктер, аккредитивтер және кредиттерді беру міндеттемелері*

Банк қаржылық кепілдіктерді, аккредитивтер мен кредиттерді беру міндеттемелерін шығарады.

Қаржылық кепілдіктер бастапқыда жекелеген қаржылық есептілікте алынған сыйлықақы сомасында әділ құны бойынша танылады. Бастапқы танудан кейін Банк әрбір кепілдік бойынша өз міндеттемесін пайда немесе зиян құрамында танылған жинақталған амортизацияны және ККЗ бағалау резервін иегере отырып бастапқыда танылған сомандан ең үлкен өлшем бойынша бағалайды.

Аккредитивтерді беру міндеттемелері шарттық міндеттемелер болып табылады, солардың талаптары бойынша міндеттеменің қолданылу мерзімінің ішінде Банк клиентке күні бұрын аталған талаптарда кредитті беруге міндетті.

*(Мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)*

### 3. Есеп саясаты туралы маңызды ақпарат (жалғасы)

#### Қаржы активтері мен міндеттемелер (жалғасы)

##### *Бастапқы тану (жалғасы)*

*Қаржылық кепілдіктер, аккредитивтер және кредиттерді беру міндеттемелері (жалғасы)*

Қаржылық кепілдік шарттарымен болған жағдайлардағыдай, ККЗ-ны бағалауға қойылатын талаптар қолданылады. Аккредитивтерді беру міндеттемелері шарттық міндеттемелер болып табылады, солардың талаптары бойынша міндеттеменің қолданылу мерзімінің ішінде Банк клиентке күні бұрын аталған талаптарда кредитті беруге міндетті. Кредиттерді беру міндеттемелері 9 ХҚЕС-те (IFRS) белгілі бір талаптарға сай кредитті беру бойынша тұрақты шарттық міндеттемелер ретінде сипатталады. Мұндай міндеттемелерге қатысты ККЗ-ны бағалау талаптарына қолданылады.

#### Қаржы активтері мен міндеттемелерді қайта жіктеу

Банк қаржы активтерін басқарудың бизнес-моделін өзгертетін айрықша жағдайлардан басқа, қаржы активтері бастапқыда танылғаннан кейін қайта жіктелмейді. Қаржылық міндеттемелер ешқашан қайта жіктелмейді.

#### Ақша қаражаты мен оның баламалары

Ақша қаражаты мен оның баламаларына қолма-қол ақша қаражаты, ҚРҰБ-дағы қаражат, кредиттік және басқа қаржы ұйымдарындағы қаражат және қандай да бір шарттық міндеттемелер жүктелмеген пайда болған күннен бастап тоқсан күннің ішінде өтеу мерзімі бар төлем карталарымен операциялар бойынша қаржы ұйымдарына қойылатын талаптар жатады.

#### «РЕПО» және кері «РЕПО» шарттары және бағалы қағаздармен жасалатын қарыз операциялары

Бағалы қағаздарды сату және кері сатып алу шарттары («РЕПО» шарттары) есептілікте қаржыландырудың құнсызданған операциялары ретінде көрсетіледі. «РЕПО» шарттары бойынша іске асырылған бағалы қағаздардың қаржылық жағдай туралы жекелеген есепте бейнеленуі жалғастырылады және контрагенттің шарт немесе жалпылама қабылданған тәжірибе талаптарынан шығатын осы бағалы қағаздарды сатуға немесе қайта кепілге қоюға құқығы болған жағдайда, «РЕПО» шарттары бойынша қамтамасыз ету есебінде берілген бағалы қағаздардың санатына ауыстырылады. Тиісті міндеттемелер кредиттік ұйымдар немесе клиенттер қаражатының құрамына енгізіледі. Кері сату (кері «РЕПО») шарттары бойынша бағалы қағаздар сатып алу жағдаятқа қарай кредиттік ұйымдар немесе клиенттерге берілетін кредиттер қаражатының құрамында бейнеленеді. Сату бағасы мен кері сатып алу бағасының арасындағы айырма пайыздық түсім ретінде қаралады және тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі бойынша «РЕПО» шарттары қолданысы мерзімі ішінде есептеледі.

#### Туынды қаржы құралдары

Банк өзінің әдеттегі қызметінің барысында валюта нарықтарында түрлі туынды қаржы құралдарын (форвардтар мен своптарды қоса) пайдаланады. Бұл қаржы құралдары сауда-сатыққа арналған және бастапқыда әділ құны бойынша көрсетіледі. Әділ құн нарықтық баға белгілеудің немесе тиісті базалық құралдардың ағымдағы нарықтық және шарттық құнға әрі басқа да факторларға негізделген бағалау модельдерінің негізінде айқындалады. Оң әділ құны бар туынды қаржы құралдары активтердің құрамында, ал теріс әділ құнымен - міндеттемелердің құрамында көрсетіледі. Көрсетілген құралдармен операциялар бойынша пайда мен зиян пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы құралдарымен операциялар бойынша таза пайда/(зиян) құрамындағы пайда немесе зиян және өзге де жиынтық кіріс туралы жекелеген есепте көрсетіледі.

Қаржы активтерін жіктеу бизнес-модель және SPPI тестін бағалау негізінде жүзеге асырылады.

#### Қарыз қаражаты

Қарыз қаражаты, егер шарттық келісімнің нәтижесінде Банктің не ақша қаражатын немесе өзге де қаржы активтерін қою, не міндеттемені ақша қаражатының немесе басқа да қаржы активтерінің тіркелген сомасын меншікті үлестік құралдардың тіркелген санына айырбастау арқылы өзге түрде орындау міндеттемесі болады. Мұндай құралдарға ҚРҰБ алындағы берешек, банктер мен басқа да қаржы ұйымдарындағы қаражат, клиенттердің қаражаты, басқа да қарыз қаражаты және реттелген қарыздар жатады. Бастапқыда мойындалғаннан кейін қарыз қаражаты тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып, амортизацияланған құны бойынша көрсетіледі. Пайда мен зияндар міндеттемелердің мойындалуы тоқтаған кезде, сондай-ақ амортизация процесінде пайда немесе зиян құрамында бейнеленеді.

*(Мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)*

### 3. Есеп саясаты туралы маңызды ақпарат (жалғасы)

#### Жалдау

##### *Банк жалға алушы ретінде*

Банк, қысқа мерзімді жалдауды және төмен құны бар активтерді жалдаудан басқа, барлық жалдау шарттарын мойындауға және бағалауға бірыңғай тәсілді қолданады. Банк жалдау төлемдерінің жасалуына қатысты жалдау міндеттемелерін және пайдалану құқығы нысанындағы активтерді мойындайды, олар базалық активтерді пайдалану құқығын білдіреді. Банк пайдалану құқығы нысанында активтерді және жалдау бойынша міндеттемелерді қаржылық жағдай туралы жекелеген есептің жекелеген баптарымен ұсынады.

##### *Пайдалану құқығы нысанындағы активтер*

Банк жалдаудың басталу күніне (яғни базалық актив пайдалану үшін қолжетімді болатын күнге) пайдалану құқығы нысанындағы активтерді мойындайды. Пайдалану құқығы нысанындағы активтер, жалдау бойынша міндеттемелерді қайта бағалауға түзете отырып жинақталған амортизация мен құнсызданудан жинақталған залалды шегере отырып, бастапқы құны бойынша бағаланады.

Пайдалану құқығы нысанындағы активтердің бастапқы құнына жалдау бойынша мойындалған міндеттемелердің көлемі, болған бастапқы тікелей шығындар және жалдаудың басталу күніне немесе жалдау бойынша алынған ынталандырушы төлемдерді шегере отырып жасалған жалдау төлемдері жатады. Егер Банктің ол жалдау мерзімінің соңында жалға алынған активке меншік құқығын алатындығына жеткілікті сенімділігі болмаса, пайдалану құқығы нысанындағы танылған актив келесі кезеңдердің ең қысқасының бойына желілік әдіспен амортизацияланады: активтің пайдалы қызмет етуінің болжамды мерзімі немесе жалдау мерзімі. Пайдалану құқығы нысанындағы активтер құнсыздану мәніне тексеріледі.

##### *Жалдау бойынша міндеттемелер*

Жалдаудың басталу күніне Банк жалдау мерзімінің ішінде жүзеге асырылатын жалдау төлемдерінің келтірілген құны бойынша бағаланатын жалдау міндеттемелерін мойындайды. Жалдау төлемдеріне алынуға жататын жалдау бойынша кез келген ынталандыратын төлемдерді, индекске немесе мөлшерлемеге тәуелді болатын құбылмалы жалдау төлемдерін және тарату құнының кепілдіктері бойынша төленетін сомаларды шегере отырып белгіленген төлемдер (оның ішінде іс мәні бойынша белгіленген төлемдер) жатады. Жалдау төлемдеріне, егер Банктің бұл опционды орындайтындығына жеткілікті сенімділік болса, сатып алу опционын орындау бағасы және егер жалдау мерзімі Банктің жалдауды тоқтату опционын әлсуетті орындауын көрсететін болса, жалдауды тоқтату үшін айыппұлдарды төлеу жатады. І индекске немесе мөлшерлемеге тәуелді болмайтын құбылмалы жалдау төлемдері мұндай төлемдердің жүзеге асырылуына әкеп соқтыратын оқиға немесе талап орын алатын кезеңде шығыстар ретінде танылады.

Жалдау төлемдерінің келтірілген құнын есептеу үшін Банк, егер жалдау шартында көзделген пайыздық мөлшерлеме оңай айқындала алмаса, жалдаудың басталу күніне қосымша қарыз қаражатын тарту мөлшерлемесін пайдаланады. Жалдаудың басталу күнінен кейін жалдау бойынша міндеттемелер көлемі пайыздардың есептелуін көрсету үшін ұлғайтылады және жүзеге асырылған жалдау төлемдерін көрсету үшін азайтылады. Сонымен бірге, жалдау мерзімі түрлендірілген, өзгертілген, іс мәні бойынша белгіленген жалдау төлемдері өзгертілген немесе базалық активті сатып алу опционын бағалау амалы өзгертілген жағдайда жалдау бойынша міндеттемелердің баланстық құны қайта бағаланады.

##### *Қысқа мерзімді жалдау және төмен құны бар активтерді жалдау*

Банк қысқа мерзімді жалдауға қатысты мойындаудан босатуды қысқа мерзімді жалдау шарттарына (яғни жалдаудың басталу күніне көзделген жалдау мерзімі 12 айдан аспайтын мерзімді құрайтын және сатып алу опционын қамтымайтын шарттарға) қолданады. Сондай-ақ Банк төмен құны бар офистік жабдықты жалдауға қатысты мойындаудан босатуды құны төмен деп есептелетін активтерді жалдау шарттарына қолданады (яғни бес мың АҚШ долларына дейін). Қысқа мерзімді жалдау мен төмен құны бар активтерді жалдау бойынша жалдау төлемдері жалдау мерзімінің бойына желілік әдіспен жалдау бойынша шығыс ретінде танылады.

*(Мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)*

### 3. Есеп саясаты туралы маңызды ақпарат (жалғасы)

#### Қаржы құралдарын өзара есепке алу

Қаржы активі және қаржылық міндеттеме танылған сомаларды есепке алуға заң тұрғысынан қорғалған құқық болғанда және есеп айырысуды нетто-негізде жүзеге асыруға не болмаса бір мезгілде активті өткізуге және міндеттемені орындауға ниет болғанда, қаржылық жағдай туралы жекелеген есепте нетто-көлемді көрсете отырып өзара есепке алынуы тиіс. Есепке алу құқығы келешектегі оқиғамен негізделмеуі тиіс және барлық келесі жағдайларда заңмен қорғалуы тиіс:

- Әдеттегі қызметтің барысында;
- Дефолт болған жағдайда; және
- Ұйым немесе контрагенттердің біреуі дәрменсіз немесе банкрот болып қалған жағдайда.

Бұл талаптар, әдетте, неттинг туралы бас келісімдерге қатысты орындамайды және тиісті активтер мен міндеттемелер қаржылық жағдай туралы жекелеген есепте толық сомада көрсетіледі.

#### Кредиттерді қайта құрылымдау

Кепіл затын өндіріп алудың орнына, мүмкіндігіне қарай, Банк кредиттер бойынша талаптарды қайта қарастыруға тырысады, мысалы, төлемдердің шарттық мерзімдерін ұзартып, кредит берудің жаңа талаптарын келіседі.

Банк қаржы активін, мысалы, клиентке берілген кредитті мойындауды тоқтатады, егер шарт талаптары ол шын мәнінде жаңа кредитке айналатындай етіп қайта қаралады, ал айырма құнсызданудан болған залал танылғанға дейін мойындауды тоқтатудан болған пайда немесе зиян ретінде танылады. Бастапқыда танылған кезде, алынған кредит СҚКҚ активі болып саналған жағдайлардан басқа, ККЗ-ны бағалау мақсатында 1-кезеңге жатады. Клиентке берілген кредитті мойындауды тоқтату қажеттілігін бағалау кезінде Банк, өзгесінен басқа, келесі факторларды қарастырады:

- Кредит валютасының өзгеруі;
- Контрагенттің өзгеруі;
- Түрлендіру құралдың SPI тестісінің критерийлеріне жауап бермейтіндігіне әкеп соқтыруы.

Егер түрлендіру ақша ағындарының едәуір өзгеруіне әкеп соқтырмаса, түрлендіру тануды тоқтатуға әкеп соқтырмайды. Бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлеме («ТПМ») бойынша дисконтталған ақша ағындарының өзгеруі негізінде, Банк құнсызданудан болған залал танылғанға дейін жиынтық кіріс туралы жекелеген есепте жекелеген жолда көрсетілетін түрлендіруден болған пайданы немесе зиянды мойындайды.

Мойындаудың тоқтатылуына әкеп соқтырмайтын түрлендіру амалы жасалған жағдайда, Банк кредиттік тәуекелдің айтарлықтай артуын немесе активтерді кредиттік-құнсызданған ретінде жіктеу қажеттілігін қайталап бағалайды. Актив түрлендірудің нәтижесінде кредиттік-құнсызданған деп жіктелгеннен кейін ол 3-кезең құрамында кем дегенде 6 айлық сынақ кезеңінің бойына қалады. Қайта құрылымдалған қарызды 3-кезеңнен аудару үшін төлемдердің түрлендірілген кестесіне сәйкес сынақ кезеңінің кем дегенде жартысының ішінде негізгі борыштың немесе пайыздардың елеусіз сомаларынан артық тұрақты төлемдер қажет.

#### Қаржы активтері мен міндеттемелерді тануды тоқтату

##### Қаржы активтері

Қаржы активін (немесе қажет болған жағдайда қаржы активінің бір бөлігін немесе осындай қаржы активтері тобының бір бөлігін) тану мына жағдайларда тоқтатылады:

- Активтен ақша қаражатының ағындарын алу құқығының мерзімі аяқталғанда;
- Банк активтен ақша ағындарын алу құқығын бергенде немесе активтен ақша ағындарын алу құқығын сақтап қалғанда, бірақ оларды «аралық» келісімге сәйкес үшінші тарапқа айтарлықтай кідіріссіз толығымен төлеуге міндеттеме алды; және
- Банк (а) не актив бойынша барлық тәуекелдер мен сыйақыны іс жүзінде берсе, (б) не бермесе және актив бойынша барлық тәуекелдер мен сыйақыны іс жүзінде сақтамайтын болса, бірақ осы активтің бақылануын берсе.

*(Мың теңгеммен, егер өзгесі көрсетілмесе)*

### 3. Есеп саясаты туралы маңызды ақпарат (жалғасы)

#### Қаржы активтері мен міндеттемелерді тануды тоқтату (жалғасы)

##### *Қаржы активтері (жалғасы)*

Қаржы активі аударылған кезде тануды тоқтатады және бұл аударым тануды тоқтату талаптарына жауап береді. Аудару Банктен мыналарды талап етеді: (а) актив бойынша ақша ағындарын алу үшін келісімшарттық құқықтарды берді; немесе (б) актив бойынша ақша ағындарын алу құқығын сақтап қалды, бірақ ақша ағындарының деректерін үшінші тарапқа төлеу бойынша келісімшарттық міндеттеме қабылдады. Аударғаннан кейін Банк аударылған активке иелік етудің тәуекелдері мен пайдасын сақтаған дәрежесін қайта бағалайды. Егер, негізінен, барлық тәуекелдер мен пайда сақталған болса, онда актив қаржылық жағдай туралы жекелеген есепте танылуып жалғастырады. Егер, негізінен, барлық тәуекелдер мен пайда берілсе, онда актив бойынша тану тоқтатылады. Егер кейіннен барлық тәуекелдер мен пайда сақталмаса және берілмесе, Банк активке бақылаудың сақталғанын бағалайды. Егер бақылау сақталмаса, активтің мойындалуы тоқтатылады. Егер Банк активке бақылауды сақтап қалса, онда Банк оның қатысуы шеңберінде активті тануды жалғастырады.

##### *Есептен шығару*

Қаржы активтері есептен ішінара не болмаса Банк олардың құнының өтелуін бұдан былай күтпеген жағдайда бүтіндей есептен шығарылады. Егер есептен шығарылуға жататын сома құнсыздануға жиналған резервтің көлемінен жоғары болса, оның айырмасы ел алдымен резервтің ұлғаюы ретінде ескеріледі, әрі ол кейіннен жалпы баланстық құнға қолданылады. Кез келген кейінгі қалпына келтіру амалдары кредиттік зияндар бойынша шығыстарға жатқызылады. Есептен шығару танудың тоқтатылуына жатады.

##### *Қаржылық міндеттемелер*

Қаржылық міндеттеме тиісті міндеттеме орындалған, күші жойылған немесе қолданылу мерзімі аяқталған жағдайда оның танылуы тоқтатылады.

Қолданыстағы бір қаржылық міндеттемені сол кредитордың алдындағы басқа міндеттемеге елеулі ерекшеленетін талаптарда ауыстырған кезде немесе қолданыстағы міндеттеме талаптары айтарлықтай түрлендірілген жағдайда, бастапқы міндеттеменің танылуы тоқтатылады, ал жаңа міндеттеме пайда немесе зиян құрамында міндеттемелердің баланстық құнындағы айырма таныла отырып, есепке алуға бейнеленеді.

##### *Салық салу*

Табыс салығы бойынша ағымдағы шығыстар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес есептеледі.

Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелер баланстық міндеттемелер әдісін пайдалана отырып, барлық уақытта айырмаларға қатысты есептеледі. Кейінге қалдырылған пайда салықтары жүзеге асырылу сәтінде бизнесстердің бірігуін білдірмейтін және бухгалтерлік пайдаға да, салық салынатын пайдаға немесе зиянға да әсер етпейтін операция бойынша гудвилдің, активтің немесе міндеттеменің бастапқы бейнеленуі нәтижесінде туындайтын жағдайлардан басқа кезде кейінге қалдырылған пайда салығы қаржылық есептілік мақсаттары үшін активтер мен міндеттемелердің салықтық базасы мен олардың баланстық құны арасында туындайтын барлық уақытта айырмашылықтары бойынша бейнеленеді.

Кейінге қалдырылған салық активтері салықтық базаны азайтатын осы уақытта айырмашылықтар қарсы есепке алынуы мүмкін болашақта салық салынатын пайда алу ықтималдылығы бар дәрежеде ғана көрсетіледі. Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелері күшіне енген немесе нақ есепті мерзімде күшіне енген заңнамаға сүйене отырып, міндеттемені реттеу немесе активті өткізу кезеңінің ішінде қолданылатын салық салу мөлшерлесемелері бойынша бағаланады.

Уақытта айырманы қалпына келтіру уақытын бақылауға болатын және уақытта айырма таяу арада қалпына келтіріледі деген ықтималдық болған жағдайларды қоспағанда, кейінге қалдырылған табыс салығы еншілес және қауымдасқан ұйымдарға, сондай-ақ бірлескен кәсіпорындарға инвестициялармен байланысты уақытта айырмалар бойынша көрсетіледі.

Сонымен қатар Қазақстан Республикасында Банктің қызметіне қатысты пайдаланылатын түрлі операциялық салықтар қолданылады. Бұл салықтар өзге операциялық шығыстар құрамында бейнеленеді.

(Мың теңгеммен, егер өзгесі көрсетілмесе)

**3. Есеп саясаты туралы маңызды ақпарат (жалғасы)****Негізгі құралдар**

Негізгі құралдар, жер мен ғимараттардан басқа, жинақталған құнсыздану шығындары мен жинақталған амортизация шегерілген, күнделікті қызмет көрсету шығындары ескерілмеген бастапқы құны бойынша көрсетіледі. Мұндай құнға, егер олар мойындау критерийлеріне жауап берсе, орын алу фактісі бойынша танылатын құрал-жабдықты ауыстыруға байланысты шығындар кіреді.

Бұл активтің баланстық құнын өтеудің мүмкін еместігін көрсететін оқиғалар мен жағдайлардағы өзгерістер туындаған жағдайда, негізгі құралдардың баланстық құнының құнсыздануы бағаланады.

Жер мен ғимараттардың бастапқы құны бойынша бастапқыда танылғаннан кейін қайта бағаланған құн бойынша көрсетіледі, әрі олар кейіннен жиналған амортизациясын және құнсызданудан болған кейіннен жинақталған шығындарды шегере отырып қайта бағалау күніне әділ құнды білдіреді. Қайта бағалау қайта бағаланған активтің әділ құны мен оның баланстық құны арасындағы елеулі алшақтықтарды болдырмау үшін жиі орындалады.

Қайта бағалау күніне жинақталған амортизация активтің жалпы баланстық құнының бір мезгілдегі төмендеуімен алынып тасталады және содан түскен сома активтің қайта бағаланған сомасына сүйене отырып қайта бағаланады. Қайта бағалаудан болған құн өсімі, бұрын пайда немесе залал құрамында көрсетілген мұндай актив құнының алдындағы азаюын қалпына келтіру сомаларын қоспағанда, басқа да жиынтық кірістің құрамында негізгі құралдарды қайта бағалау резервінде көрсетіледі. Мұндай жағдайда актив құнының ұлғаюы пайда мен зиян құрамында танылады. Қайта бағалаудан болған құн өсімі, негізгі құралдарды қайта бағалау резервінде көрсетілген дәл сол актив бойынша мұндай азаюдың құнының алдыңғы өсіміне қарсы тікелей есепке алынуын қоспағанда, пайда немесе залал құрамында көрсетіледі.

Негізгі құралдарды қайта бағалау резервінен алынған сомаларды бөлінбеген пайда құрамына жыл сайынғы ауыстыру активтердің қайта бағаланған баланстық құнына сүйене отырып есептелетін амортизация сомасы мен активтердің бастапқы құнына сүйене отырып есептелетін амортизация сомасы арасындағы айырма бөлігінде жүзеге асырылады. Актив есептен шығарылғанда қайта бағалау резервіне қосылған сома бөлінбеген пайданың құрамына ауыстырылады.

Объектінің амортизациясы ол пайдалану үшін қол жетімді болғанда ғана басталады. Амортизация активтердің пайдалы қызметін келесі есепті мерзімдерінің ішінде желілік әдіспен есептеледі:

|                                | <i>Жылдар</i> |
|--------------------------------|---------------|
| Ғимараттар                     | 25-65         |
| Жиназ және офистік жабдық      | 5-25          |
| Компьютерлік жабдық            | 5-10          |
| Көлік құралдары                | 10            |
| Жалға алынған мүлікті жақсарту | 2-3           |

Тарату құны, пайдалы қызмет ету мерзімі және активтердің амортизациясын есептеу әдістері әрбір есепті жылдың соңында талданады және қажетіне қарай түзетіледі.

Жөндеу және бұрынғы қалпына келтіру шығыстары оларды жүзеге асыру шамасына қарай шығындарға жатқызылады және олар капиталға айналатын жағдайларды қоспағанда, басқа да операциялық шығыстардың құрамына қосылады.

**Материалдық емес активтер**

Материалдық емес активтерге бағдарламалық жасақтама мен лицензиялар кіреді.

Жеке сатып алынған материалдық емес активтер бастапқыда бастапқы құны бойынша бағаланады. Бизнесстерді біріктіру шеңберінде сатып алынған материалдық емес активтердің бастапқы құны сатып алу күніне әділ құнды білдіреді. Бастапқы танудан кейін материалдық емес активтер жинақталған құнсыздану шығындары мен жинақталған амортизация шегерілген бастапқы құны бойынша көрсетіледі. Материалдық емес активтердің пайдалы қызмет етуінің шектелген немесе шектелмеген мерзімі бар.

(Мың теңгелен, егер өзгесі көрсетілмесе)

### 3. Есеп саясаты туралы маңызды ақпарат (жалғасы)

#### Материалдық емес активтер (жалғасы)

Шектелген пайдалы қызмет ету мерзімі бар материалдық емес активтер 1 жылдан 25 жылға дейінгі мерзімді құрайтын пайдалы қызмет ету мерзімі ішінде амортизацияланады, ықтимал құнсыздану белгілері болған жағдайда, құнсыздану мәніне сарапталады. Белгісіз тиімді пайдалану мерзімі бар материалдық емес активтер амортизациясының мерзімі мен тәртібі кем дегенде әрбір есепті жылдың соңында сараланады.

#### Еншілес ұйымдарға инвестициялар

Осы жекелеген қаржылық есептіліктің мақсаттары үшін инвестицияларды есепке алу кезінде Банк құнсыздануға арналған резервті шегере отырып бастапқы құн әдісін пайдаланады. Әр есепті кезеңнің соңында басшылық еншілес ұйымдарға салынған инвестициялардың құнсыздану белгілерінің болуын анықтайды. Егер осындай кез келген белгі анықталса, басшылық өтелетін құнды бағалайды, ол екі шаманың ең үлкені ретінде анықталады: активті сату шығындарын және оны пайдалану құнын шегере отырып (яғни болашақта ақша ағындарының таза дисконтталған құны) әділ құн (бағалау күніне нарыққа қатысушылар арасында ерікті негізде операция жүргізу кезінде активті сату кезінде алынуы немесе міндеттемені беру кезінде төленуі мүмкін баға; әділ құнның ең жақсы дәлелі белсенді нарықтағы баға белгіленетін баға болып табылады).

#### Бағалау міндеттемелері

Банктің өткеніндегі белгілі бір оқиғаның салдарынан реттелуі ықтималдылықтың үлкен дәрежесіндегі болашақ экономикалық пайданы қамтитын ресурстар шығысын талап ететін және сенімділіктің жеткілікті дәрежесінде бағалауға болатын заңды немесе практикамен негізделген міндеттемелері болса, бағалау міндеттемелері танылады.

#### Жарғылық капитал

Жай акциялар жарғылық капитал құрамында бейнеленеді. Бизнестерді біріктіру жағдайларын қоспағанда, жаңа акцияларды шығарумен тікелей байланысты үшінші тараптардың қызметтерін төлеуге жұмсалған шығындар осы эмиссияның нәтижесінде алынған соманың азаюы ретінде меншікті капиталдың құрамында көрсетіледі. Алынған қаражаттың әділ құнының шығарылған акциялардың атаулы құнынан асып кету сомасы жарғылық капитал ретінде бейнеленеді.

#### Қосымша төленген капитал

Төлеуден заңды түрде босату салдарынан бас ұйым алындағы міндеттемелерді тануды тоқтату нәтижесінде туындайтын пайда немесе зиян меншік несімен жасалатын операциялар ретінде қаралады және қосымша төленген капиталдың құрамында көрсетіледі.

#### Сегменттік есептілік

Операциялық нешімдер қабылдайтын Банктің басшылығына ұсынылатын операциялық сегменттер туралы ақпарат ХҚЕС-ке сәйкес дайындалған жекелеген қаржылық есептілікке негізделген. Банк басшылығы банктік қызметті жалғыз маңызды операциялық және есеп беру сегменті ретінде анықтады.

Банк кірістері негізінен Қазақстан Республикасында сыртқы клиенттерден алынған және олардың ешқайсысы Банктің жалпы түсімінің 10%-нан немесе одан да көп пайызынан аспайды.

#### Шартты активтер және міндеттемелер

Шартты міндеттемелер қаржылық жағдай туралы жекелеген есепте бейнеленбейді, мұндайда оларды өтеуге байланысты ресурстардың шығарылуы күмәнді болып табылатын жағдайларды қоспағанда олар туралы ақпарат қаржылық есептілікте ашылады. Шартты активтер қаржылық жағдай туралы жекелеген есепте бейнеленбейді, мұндайда оларға байланысты экономикалық пайданы алу мүмкін болып табылатын жағдайларда олар туралы ақпарат жекелеген қаржылық есептілікте ашылады.

*(Мың теңгеммен, егер өзгесі көрсетілмесе)*

### 3. Есеп саясаты туралы маңызды ақпарат (жалғасы)

#### Кірістер мен шығыстарды тану

Егер Банк экономикалық пайда алады деген жоғары ықтималдылық болса, және егер түсімнің сенімді бағалануы мүмкін болса, түсім танылады. Қаржылық есептілікте түсімді тану үшін мынадай белгілер орындалуы тиіс:

#### *Пайыздық және ұқсас түсім мен шығыстар*

|                                                                               | 2025 жылғы<br>31 желтоқсан | 2024 жылғы<br>31 желтоқсан |
|-------------------------------------------------------------------------------|----------------------------|----------------------------|
| Банк қызметі бойынша дебиторлық берешек                                       | 3.106.658                  | 2.663.207                  |
| ҚҚБ-да бағалы қағаздармен операциялар бойынша дебиторлық берешек              | 2.229.692                  | 2.353.884                  |
| Байланысты тараптан бағалы қағаздармен операциялар бойынша дебиторлық берешек | 1.454.849                  | —                          |
| Кредиттік портфельдің сақтандыру өтемақысы бойынша актив                      | 5.170.136                  | —                          |
| Мүлікті бөлін-бөлін сату бойынша дебиторлық берешек                           | —                          | 101.027                    |
| Сатылған активтер бойынша байланысты тараптың дебиторлық берешегі             | 886.565                    | —                          |
| Басқасы                                                                       | 895.014                    | 1.028.639                  |
| <b>ККЗ резерві шегерілгенге дейін басқа да қаржы активтерінің жиыны</b>       | <b>13.742.914</b>          | <b>6.146.757</b>           |
| ККЗ резерві                                                                   | (3.418.253)                | (3.235.681)                |
| <b>Басқа да қаржы активтерінің жиыны</b>                                      | <b>10.324.661</b>          | <b>2.911.076</b>           |
| Сақтандыру бойынша алдын ала төленген шығыстар                                | 5.140.331                  | —                          |
| Алдын ала төленген басқа да әкімшілік шығыстар                                | 4.390.840                  | 2.897.342                  |
| Негізгі құралдар мен материалдық емес активтер үшін алдын ала төлем           | 3.145.148                  | 1.383.280                  |
| Қорлар                                                                        | 730.195                    | 713.001                    |
| Корпоративтік табыс салығынан басқа салықтар бойынша алдын ала төлем          | 8.425                      | 108.496                    |
| Басқасы                                                                       | 42.551                     | 539                        |
| <b>Басқа да қаржылық емес активтердің жиыны</b>                               | <b>13.457.490</b>          | <b>5.102.658</b>           |
| <b>Өзге де активтер жиыны</b>                                                 | <b>23.782.151</b>          | <b>8.013.734</b>           |

(Мың теңгелен, егер өзгесі көрсетілмесе)

**15. Өзге де активтер (жалғасы)**

2025 жылығы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша бағалы қағаздармен операциялар бойынша дебиторлық берешек ҚҚБ мен брокерлік ұйымға 3.684.541 мың теңге сомасында бағалы қағаздар бойынша купондық сыйақы төлеу жөніндегі талаптарды қамтыды (2024 жылығы 31 желтоқсан: 2.353.884 мың теңге).

2025 жылығы маусымда Банк дербес кәсіпкерлерге кредиттердің кредиттік портфелін жалпы баланстық құны 73.518.211 мың теңгеге сақтандырады. 9 ХҚЕС-ке (IFRS) сәйкес, аталған сақтандыру шарты кредиттік шарттардың ажырамас бөлігі болып табылмайтындықтан және клиенттерге тиісті кредиттерді бастапқы танумен байланысты болмағандықтан, аталған шарт тиісті кредиттер бойынша кредиттік залал туындаған жағдайда сақтандыру өтемақысын алу іс жүзінде күмәнсіз болған жағдайда жеке актив ретінде ескеріледі.

Сақтандыру шартының талаптарына сәйкес сақтандыру жағдайы басталған күнге негізгі борыштың өтелмеген сомасы өтелуге жатады. 2025 жылығы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша сақтандыру өтемақысы бойынша активтің құны 5.170.136 мың теңге мөлшерінде бағаланды. 2025 жылығы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша көрсетілген сақтандыру шарты бойынша алдын ала төленген шығыстар сомасы 5.140.331 мың теңге болды.

2025 жылығы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ККЗ бағалау мақсаттары үшін 3-кезеңге жатқызылған өзге активтер 3.591.024 мың теңге сомасында банк қызметі бойынша дебиторлық берешек және өзге де дебиторлық берешек болып табылды (2024 жылығы 31 желтоқсан: 3.335.180 мың теңге). 2025 жылығы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша көрсетілген дебиторлық берешекке қатысты танылған ККЗ резерві 2.862.812 мың теңге (2024 жылығы 31 желтоқсан: 3.196.979 мың теңге) болды.

Төменде 2025 және 2024 жылдардың 31 желтоқсанында аяқтаған жылдардағы басқа да қаржы активтері бойынша жалпы баланстық құн және тиісті ККЗ өзгерістерінің талдауы келтірілген:

|                                                                                       | <i>1-кезең</i>    | <i>2-кезең</i>  | <i>3-кезең</i>     | <i>Жиыны</i>       |
|---------------------------------------------------------------------------------------|-------------------|-----------------|--------------------|--------------------|
| <b>2025 жылығы 1 қаңтарға жалпы баланстық құн</b>                                     | <b>2.743.599</b>  | <b>67.978</b>   | <b>3.335.180</b>   | <b>6.146.757</b>   |
| 1-кезеңге аудару                                                                      | 11.585            | (2.722)         | (8.863)            | —                  |
| 2-кезеңге аудару                                                                      | (318.485)         | 318.578         | (93)               | —                  |
| 3-кезеңге аудару                                                                      | (657.560)         | (134.834)       | 792.394            | —                  |
| Жаңадан құрылған немесе сатып алынған активтер                                        | 8.478.092         | —               | —                  | 8.478.092          |
| Танылуы тоқтатылған немесе өтелген активтер (есептен шығаруды қоспағанда)             | (203.453)         | (150.888)       | (172.003)          | (526.344)          |
| Есептен шығару                                                                        | —                 | —               | (318.836)          | (318.836)          |
| Бағамдық айырмалар                                                                    | —                 | —               | (36.755)           | (36.755)           |
| <b>2025 жылығы 31 желтоқсанға жалпы баланстық құны</b>                                | <b>10.053.778</b> | <b>98.112</b>   | <b>3.591.024</b>   | <b>13.742.914</b>  |
|                                                                                       | <i>1-кезең</i>    | <i>2-кезең</i>  | <i>3-кезең</i>     | <i>Жиыны</i>       |
| <b>2025 жылығы 1 қаңтарға ККЗ</b>                                                     | <b>(14.364)</b>   | <b>(24.338)</b> | <b>(3.196.979)</b> | <b>(3.235.681)</b> |
| 1-кезеңге аудару                                                                      | (10.224)          | 1.361           | 8.863              | —                  |
| 2-кезеңге аудару                                                                      | 196.173           | (196.266)       | 93                 | —                  |
| 3-кезеңге аудару                                                                      | 12.342            | 105.361         | (117.703)          | —                  |
| Жаңадан құрылған немесе сатып алынған активтер                                        | (665.375)         | —               | —                  | (665.375)          |
| Танылуы тоқтатылған немесе өтелген активтер (есептен шығаруды қоспағанда)             | 9.076             | 17.168          | 154.868            | 181.112            |
| Кезеңдер арасындағы аудару нәтижесінде ККЗ-ға әсері және бастапқы деректердің өзгеруі | 15.011            | (1.366)         | (57.486)           | (43.841)           |
| Есептен шығару                                                                        | —                 | —               | 318.836            | 318.836            |
| Бағамдық айырмалар                                                                    | —                 | —               | 26.696             | 26.696             |
| <b>2025 жылығы 31 желтоқсанға ККЗ</b>                                                 | <b>(457.361)</b>  | <b>(98.080)</b> | <b>(2.862.812)</b> | <b>(3.418.253)</b> |

(Мың теңгеммен, егер өзгесі көрсетілмесе)

**15. Өзге де активтер (жалғасы)**

|                                                                           | <i>1-кезең</i>   | <i>2-кезең</i> | <i>3-кезең</i>   | <i>Жиыны</i>     |
|---------------------------------------------------------------------------|------------------|----------------|------------------|------------------|
| <b>1 қаңтарға жалпы баланстық құн</b>                                     | 2.661.284        | 28.601         | 3.017.325        | 5.707.210        |
| 1-кезеңге аудару                                                          | 55.480           | (4.410)        | (51.070)         | —                |
| 2-кезеңге аудару                                                          | (178.007)        | 178.166        | (159)            | —                |
| 3-кезеңге аудару                                                          | (321.563)        | (111.986)      | 433.549          | —                |
| Жаңадан құрылған немесе сатып алынған активтер                            | 38.362.350       | —              | —                | 38.362.350       |
| Танылуы тоқтатылған немесе өтелген активтер (есептен шығаруды қоспағанда) | (39.105.194)     | (22.393)       | (152.100)        | (39.279.687)     |
| Есептен шығару                                                            | —                | —              | (120.235)        | (120.235)        |
| Валюта бағамдарының өзгеру әсері                                          | 1.269.249        | —              | 207.870          | 1.477.119        |
| <b>31 желтоқсанға жалпы баланстық құн</b>                                 | <b>2.743.599</b> | <b>67.978</b>  | <b>3.335.180</b> | <b>6.146.757</b> |

|                                                                                       | <i>1-кезең</i>  | <i>2-кезең</i>  | <i>3-кезең</i>     | <i>Жиыны</i>       |
|---------------------------------------------------------------------------------------|-----------------|-----------------|--------------------|--------------------|
| <b>1 қаңтарға ККЗ</b>                                                                 | (30.443)        | (19.862)        | (2.859.146)        | (2.909.451)        |
| 1-кезеңге аудару                                                                      | (1.189)         | 1.171           | 18                 | —                  |
| 2-кезеңге аудару                                                                      | 69              | (228)           | 159                | —                  |
| 3-кезеңге аудару                                                                      | 14.981          | 69.623          | (84.604)           | —                  |
| Жаңадан құрылған немесе сатып алынған активтер                                        | (278.732)       | —               | —                  | (278.732)          |
| Танылуы тоқтатылған немесе өтелген активтер (есептен шығаруды қоспағанда)             | 501.754         | 8.481           | 96.259             | 606.494            |
| Кезеңдер арасындағы аудару нәтижесінде ККЗ-ға әсері және бастапқы деректердің өзгеруі | (220.975)       | (83.523)        | (277.330)          | (581.828)          |
| Есептен шығару                                                                        | —               | —               | 120.235            | 120.235            |
| Валюта бағамдарының өзгеру әсері                                                      | 171             | —               | (192.570)          | (192.399)          |
| <b>31 желтоқсанға ККЗ</b>                                                             | <b>(14.364)</b> | <b>(24.338)</b> | <b>(3.196.979)</b> | <b>(3.235.681)</b> |

**16. Салық салу**

Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстарға келесі позициялар кіреді:

|                                                                                                           | <i>2025 жыл</i>    | <i>2024 жыл</i>  |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------|------------------|
| Ағымдағы корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар                                                      | (9.044.134)        | —                |
| Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар – уақыт айырмаларының туындауы және азаюы | (608.234)          | (176.113)        |
| <b>Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар</b>                                                        | <b>(9.652.368)</b> | <b>(176.113)</b> |

Банк кірістеріне Қазақстан Республикасында салық салынуға тиіс. 2025 және 2024 жылдары корпоративтік табыс салығының нормативтік мөлшерлемесі 20% болды.

2025 жылы Қазақстан Республикасының салық заңнамасына Қазақстан Республикасының 2025 жылғы 15 шілдедегі № 208-VIII Заңымен өзгерістер енгізілді, нәтижесінде Салық кодексі «Өтпелі ережелер» 26-бөлімімен толықтырылды. Осы бөлімнің 783-бабына сәйкес 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап кірістердің жекелеген түрлеріне 10% мөлшерлеме бойынша корпоративтік табыс салығымен қосымша салық салынады.

2025 жылғы 18 шілдеде екінші деңгейдегі банктер үшін корпоративтік табыс салығының сараланған мөлшерлемелерін енгізу көзделген, 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін Қазақстан Республикасының жаңа Салық кодексі қабылданды. Банк қызметі бойынша салық салынатын кірісті айқындау тәртібі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 2025 жылғы 18 қыркүйектегі № 508 бірлескен бұйрығымен және 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енетін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2025 жылғы 26 қыркүйектегі № 55 қаулысымен белгіленген. Көрсетілген Қағидалар 20% және 25% мөлшерлемелер бойынша корпоративтік табыс салығын есептеу мақсаттары үшін кәсіпкерлік субъектілеріне кредит беру жөніндегі қызметтен және екінші деңгейдегі банктердің өзге де қызметінен салық салынатын кірісті айқындау тәртібін реттейді.

(Мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

**16. Салық салу (жалғасы)**

Банк аталған өзгерістердің кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелеріне әсерін «Табыс салығы» 12 ХҚЕС-тің (IAS) талаптарына сәйкес бағалады және тиісті әсерді 2025 жылғы жекелеген қаржылық есептілікте көрсетті.

Осы жекелеген қаржылық есеп берушілікте көрсетілген корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар мен 31 желтоқсанда аяқталған жылдар үшін салықтың нормативтік мөлшерлемесіне көбейтілген корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстарды есепке алғанға дейінгі пайда арасындағы салыстырып тексеру былайша болды:

|                                                                                                          | 2025 жыл           | 2024 жыл            |
|----------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------|---------------------|
| <b>Корпоративтік табыс салығының шығыстарына дейінгі пайда</b>                                           | <b>23.613.214</b>  | <b>52.407.398</b>   |
| Салықтың нормативтік мөлшерлемесі                                                                        | 20%                | 20 <sup>0</sup> 0   |
| <b>Нормативтік мөлшерлеме бойынша есептелген корпоративтік табыс салығы бойынша теориялық шығыстар</b>   | <b>(4.722.643)</b> | <b>(10.481.480)</b> |
| Мемлекеттік бағамы қағаздар мен ҚҚБ-ың ресми тізіміндегі бағамы қағаздар бойынша салық салынбайтын кіріс | 6.950.966          | 11.178.727          |
| Ұағайтылған мөлшерлеме бойынша салық салынатын қаржы құралдары бойынша кірістер                          | (9.245.724)        | —                   |
| Есептен шығарылмайтын әкімшілік және басқа да операциялық шығыстар                                       | (923.284)          | (653.390)           |
| Корпоративтік табыс салығынан басқа салықтар бойынша есептен шығарылмайтын шығыстар                      | (466.855)          | —                   |
| Корпоративтік табыс салығының нормативтік мөлшерлемесі өзгеруінің әсері                                  | (862.914)          | —                   |
| Кредиттік зияндар бойынша есептен шығарылмайтын шығыстар                                                 | (49.422)           | (49.174)            |
| Регистрмен борыш бойынша есептен шығарылмайтын пайыздық шығыстар                                         | (16.000)           | (16.000)            |
| Басқасы                                                                                                  | (316.492)          | (154.796)           |
| <b>Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыс</b>                                                          | <b>(9.652.368)</b> | <b>(176.113)</b>    |

31 желтоқсанға кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы бойынша активтер мен міндеттемелер, сондай-ақ олардың тиісті жылдардағы қозғалысына мыналар жатады:

|                                                                             | Пайданың<br>немесе<br>зияның<br>құрамында<br>уақыт<br>айырмала-<br>рының пайда<br>болуы және |                    | Пайданың<br>немесе<br>зияның<br>құрамында<br>уақыт<br>айырмала-<br>рының пайда<br>болуы және |                    | Басқа да<br>жынтық<br>кірістің<br>құрамында<br>уақыт<br>айырмала-<br>рының пайда<br>болуы және |  | 2025 жыл           |
|-----------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------|--|--------------------|
|                                                                             | 2023 жыл                                                                                     | азайы              | 2024 жыл                                                                                     | азайы              | азайы                                                                                          |  |                    |
| <b>Шегерілетін уақыт айырмаларының салық әсері</b>                          |                                                                                              |                    |                                                                                              |                    |                                                                                                |  |                    |
| Клиенттерге берілген кредиттер                                              | 254.631                                                                                      | 229.351            | 483.982                                                                                      | 1.165.539          | —                                                                                              |  | 1.649.521          |
| Жалдау бойынша міндеттемелер                                                | 512.558                                                                                      | 165.852            | 678.410                                                                                      | 502.334            | —                                                                                              |  | 1.180.744          |
| Басқа да міндеттемелер                                                      | 183.353                                                                                      | 877.433            | 1.060.786                                                                                    | 787.247            | —                                                                                              |  | 1.848.033          |
| Микроқаржы ұйымына қойылатын талаптар                                       | —                                                                                            | —                  | —                                                                                            | 509.429            | —                                                                                              |  | 509.429            |
| Басқа да активтер                                                           | 3.891                                                                                        | (128)              | 3.763                                                                                        | (3.763)            | —                                                                                              |  | —                  |
| <b>Кейінге қалдырылған салық активтері</b>                                  | <b>954.433</b>                                                                               | <b>1.272.508</b>   | <b>2.226.941</b>                                                                             | <b>2.960.786</b>   | <b>—</b>                                                                                       |  | <b>5.187.727</b>   |
| <b>Салық салынатын уақыт айырмаларының салық әсері</b>                      |                                                                                              |                    |                                                                                              |                    |                                                                                                |  |                    |
| Негізгі құралдар мен материалдық емес активтер                              | (1.473.057)                                                                                  | (1.220.977)        | (2.694.034)                                                                                  | (2.010.691)        | (337.799)                                                                                      |  | (5.042.524)        |
| Сауда-саттықтағы бағамы қағаздар                                            | —                                                                                            | —                  | —                                                                                            | (201.590)          | —                                                                                              |  | (201.590)          |
| Пайдалану құқығы нысанындағы активтер                                       | (624.724)                                                                                    | (227.644)          | (852.368)                                                                                    | (100.202)          | —                                                                                              |  | (952.570)          |
| Басқа да активтер                                                           | —                                                                                            | —                  | —                                                                                            | (1.256.537)        | —                                                                                              |  | (1.256.537)        |
| <b>Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері</b>                             | <b>(2.097.781)</b>                                                                           | <b>(1.448.621)</b> | <b>(3.546.402)</b>                                                                           | <b>(3.569.020)</b> | <b>(337.799)</b>                                                                               |  | <b>(7.453.221)</b> |
| <b>Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы бойынша міндеттемелер</b> | <b>(1.143.348)</b>                                                                           | <b>(176.113)</b>   | <b>(1.319.461)</b>                                                                           | <b>(608.234)</b>   | <b>(337.799)</b>                                                                               |  | <b>(2.265.494)</b> |

(Мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

**17. Қаржы ұйымдарының қаражаты**

Қаржы ұйымдарындағы қаражатқа келесі позициялар кіреді:

|                                           | 2025 жылғы<br>31 желтоқсан | 2024 жылғы<br>31 желтоқсан |
|-------------------------------------------|----------------------------|----------------------------|
| Қаржы ұйымдарынан алынған қарыздар        | 47.350.635                 | 6.967.372                  |
| Басқа банктердің корреспонденттік шоттары | 10.168.618                 | 14.094.507                 |
| Квазимемлекеттік ұйымдардың депозиттері   | 3.043.589                  | 4.843.010                  |
| Қамсыздандыру ретінде алынған салымдар    | 606.636                    | 630.131                    |
| <b>Қаржы ұйымдары қаражатының жиынты</b>  | <b>61.169.478</b>          | <b>26.535.020</b>          |

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қаржы ұйымдарынан алынған қарыздарға «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-дан 21.641.993 мың теңге сомасына және «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-дан 25.708.642 мың теңге сомасына алынған қаражат кірді (2024 жылғы 31 желтоқсан: «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-дан алынған қаражат сомасы 6.967.372 мың теңге).

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-дан алынған қаражат агроөнеркәсіптік кешен субъектілері мен ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативтерін кейіннен кредиттеуге арналған. Көрсетілген қарыздар теңгемен көрсетілген, жылдық 1,5-2,0% номиналды сыйақы мөлшерлемелері (2024 жылғы 31 желтоқсан: жылдық 1,5%) және 2026 және 2040 жылдары (2024 жылғы 31 желтоқсан: 2025 және 2026 жылдары) өтеу мерзімдері бар.

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-дан алынған қаражат теңгемен көрсетілген, жылдық 2,0-3,5% номиналды сыйақы мөлшерлемесі және 2031-2040 жылдары өтеу мерзімі бар. Аталған қаражат Қазақстан Республикасында кәсіпкерлікті ынталандыру және экономикалық дамуға жәрдемдесу мақсатында шағын және орта бизнес субъектілерін жеңілдікті талаптарда кейіннен кредиттеу арқылы қолдауға бағытталған.

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 10.168.618 мың теңге сомасындағы корреспонденттік шоттар он жеті шетелдік Қаржы ұйымынан алынды (2024 жылғы 31 желтоқсан: он екі шетелдік банктен 14.094.507 мың теңге).

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша квазимемлекеттік ұйымдардың депозиттері клиенттердің ипотекалық кредиттерін қайта қаржыландырудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде «Қазақстанның орнықтылық қоры» АҚ-дан алынған 3.043.589 мың теңге сомасындағы депозиттермен (2024 жылғы 31 желтоқсан: 4.843.010 мың теңге), өтеу мерзімі 2036-2050 жылдары және сыйақы мөлшерлемелері жылдық 0,1%-дан 2,99%-ға дейін белгіленген.

2025 және 2024 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Банктің 3 контрагенті болды, олардың үлесіне Қаржы ұйымдары қаражатының жиынтық сомасының 10% астамы келеді. 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша көрсетілген контрагенттердің шоттарындағы қаражаттың жиынтық қалдығы 58.721.031 мың теңге болды (2024 жылғы 31 желтоқсан: 25.740.174 мың теңге).

**18. Клиенттердің қаражаты**

Клиенттердің қаражатына келесі позициялар кіреді.

|                                                                         | 2025 жылғы<br>31 желтоқсан | 2024 жылғы<br>31 желтоқсан |
|-------------------------------------------------------------------------|----------------------------|----------------------------|
| <b>Ағымдағы шоттар және талап еткенге дейінгі депозиттер</b>            |                            |                            |
| - Корпоративтік клиенттер                                               | 289.054.817                | 202.423.752                |
| - Бөлшек клиенттер                                                      | 64.512.320                 | 47.139.536                 |
| <b>Мерзімді депозиттер</b>                                              |                            |                            |
| - Корпоративтік клиенттер                                               | 311.317.729                | 269.233.961                |
| - Бөлшек клиенттер                                                      | 820.913.302                | 540.621.232                |
| <b>Кепілдік депозиттері</b>                                             |                            |                            |
| - Корпоративтік клиенттер                                               | 20.053.099                 | 21.265.507                 |
| - Бөлшек клиенттер                                                      | 4.733.678                  | 2.887.317                  |
| <b>Клиенттерге берілген қаражаттың жиынты</b>                           | <b>1.510.584.945</b>       | <b>1.083.571.305</b>       |
| Клиенттерге берілген кредиттер бойынша қамтамасыз ету ретінде ұсталатын | 19.497.852                 | 22.080.318                 |
| Кепілдіктер бойынша қамтамасыз ету ретінде ұсталатын (33-ескертпе)      | 5.288.925                  | 2.702.637                  |

(Мың теңгеммен, егер өзгесі көрсетілмесе)

**18. Клиенттердің қаражаты (жалғасы)**

Төменде экономика салалары бойынша клиенттер қаражатының бөлінуі келтірілген:

|                                              | 2025 жылы<br>31 желтоқсан |               | 2024 жылы<br>31 желтоқсан |               |
|----------------------------------------------|---------------------------|---------------|---------------------------|---------------|
|                                              | Сомасы                    | %             | Сомасы                    | %             |
| Жеке тұлғалар                                | 889.287.223               | 58,87%        | 590.232.945               | 54,47%        |
| Қаржылық қызметтер                           | 156.280.288               | 10,35%        | 110.519.457               | 10,20%        |
| Құрылыс                                      | 79.228.969                | 5,24%         | 61.304.126                | 5,66%         |
| Сауда                                        | 71.732.735                | 4,75%         | 54.343.127                | 5,02%         |
| Холдинг компанияларының қызметі              | 44.137.954                | 2,92%         | 45.317.019                | 4,18%         |
| Кәсіптік қызметтер                           | 46.486.005                | 3,08%         | 43.088.139                | 3,98%         |
| Тау-кен өндіруші өнеркәсіп                   | 48.934.488                | 3,24%         | 28.155.785                | 2,60%         |
| Байланыс және ақпарат                        | 32.610.081                | 2,16%         | 25.803.583                | 2,38%         |
| Өндіріс                                      | 32.827.188                | 2,17%         | 25.169.016                | 2,32%         |
| Білім беру                                   | 23.371.015                | 1,55%         | 20.034.249                | 1,85%         |
| Жалдау                                       | 8.105.650                 | 0,54%         | 14.396.719                | 1,33%         |
| Жылжымайтын мүлік                            | 11.245.537                | 0,74%         | 12.606.365                | 1,16%         |
| Тасымалдау                                   | 17.440.742                | 1,15%         | 7.763.182                 | 0,72%         |
| Медициналық қызметтер                        | 10.769.045                | 0,71%         | 6.819.023                 | 0,63%         |
| Ауыл шаруашылығы                             | 4.455.083                 | 0,29%         | 6.493.474                 | 0,60%         |
| Электр энергетикасы                          | 4.783.254                 | 0,32%         | 5.271.865                 | 0,49%         |
| Сақтандыру                                   | 5.620.729                 | 0,37%         | 1.884.940                 | 0,17%         |
| Активтерді басқару                           | 386.622                   | 0,03%         | 224.286                   | 0,02%         |
| Басқасы                                      | 22.882.337                | 1,51%         | 24.144.005                | 2,23%         |
| <b>Клиенттерге берілген қаражаттың жиыны</b> | <b>1.510.584.945</b>      | <b>100,0%</b> | <b>1.083.571.305</b>      | <b>100,0%</b> |

2025 жылы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Банктің он ірі клиенттерінің үлесіне клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттеріндегі қаражаттың қалдық құнының 13% келді (2024 жылы 31 желтоқсан: 12%). 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша көрсетілген шоттардағы қаражаттың жиынтық қалдығы 199.095.743 мың теңге болды (2024 жылы 31 желтоқсан: 131.321.485 мың теңге).

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес Банк салымшының алғашқы талабы бойынша салым сомасын беруге міндетті. Салымдарды қабылдаудың қолданыстағы талаптарына сәйкес, мерзімді салым салымшыға оның талабы бойынша мерзім аяқталғанға дейін қайтарылған жағдайларда, салым бойынша сыйақы салымды орналастырудың нақты мерзімі үшін төленеді.

**19. «РЕПО» шарттары бойынша кредиторлық берешек**

2025 және 2024 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Банк ҚҚБ-да РЕПО шарттарын жасады. «РЕПО» шарттары бойынша мәмілелерді Банк өтімділік бойынша қысқа мерзімді позицияны басқару үшін пайдаланады. Шарттардың мәні бөлігінде «РЕПО» шарттары бойынша кредиторлық берешекті талдау төменде келтірілген:

|                                                           | 2025 жылы 31 желтоқсан            |                                 |
|-----------------------------------------------------------|-----------------------------------|---------------------------------|
|                                                           | Міндеттемесінің<br>баланстық құны | Қамсыздандыру-<br>дың әділ құны |
| Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің облигациялары | 359.560.649                       | 357.974.848                     |
| Квазимемлекеттік корпорациялардың облигациялары           | 90.357.637                        | 91.254.209                      |
| Шетелдік корпорациялардың облигациялары                   | 20.737.132                        | 20.949.721                      |
| <b>Жиыны</b>                                              | <b>470.655.418</b>                | <b>470.178.778</b>              |

(Мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

**19. «РЕПО» шарттары бойынша кредиторлық берешек (жалғасы)**

|                                                           | <b>2024 жылғы 31 желтоқсан</b>          |                                        |
|-----------------------------------------------------------|-----------------------------------------|----------------------------------------|
|                                                           | <b>Міндеттемелің<br/>баланстық құны</b> | <b>Қамсыздандыру<br/>дың әділ құны</b> |
| Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің облигациялары | 718.456.616                             | 721.379.591                            |
| Квазимемаскеттік корпорациялардың облигациялары           | 237.329.233                             | 241.619.354                            |
| Шетелдік корпорациялардың облигациялары                   | 1.563.784                               | 1.590.357                              |
| <b>Жиыны</b>                                              | <b>957.349.633</b>                      | <b>964.589.302</b>                     |

Неттинг туралы бас келісімдер Банкке дефолт болған жағдайда қолда бар активтерге қарсы міндеттемелерді өзара есепке алуға мүмкіндік береді. Өзара есеп айырысу құқығы сол контрагенттен алынған сома есебінен қарыз соманың барлығын немесе бір бөлігін өтеуге немесе басқаша азайтуға заңды құқықты білдіреді, осылайша кредиттік тәуекелге ұшырауды азайтады. 2025 және 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Банк қаржылық жағдай туралы жекелеген есепте өзара есепті көрсетпеді.

**20. Реттелген борыш**

2010 жылғы желтоқсанда Банк акция үшін орналастыру құны 1.000 теңге болатын 1.000.000 артықшылықты акцияны орналастырды. Осы артықшылықты акциялар, егер артықшылықты акциялар бойынша дивидендтер төлеу үшін немесе одан да көп айға кепілдірілмесе және оларға жылына кемінде 8% мөлшерінде, бірақ жай акциялардан кем емес жиынтық дивидендтер есептелсе, дауыс беру құқығын бермейді.

32 ХҚЕС-ке (IAS) сәйкес, егер өтелмейтін артықшылықты акция дивидендтер алуға шарттық құқық берсе, онда ол дивидендтерге қатысты қаржылық міндеттемені қамтиды, соның нәтижесінде дивидендтер төлеудегі міндеттеменің таза келтірілген құны міндеттеме ретінде, ал шығарылымнан түскен түсімдердің сальдосы капитал ретінде көрсетіледі. 2025 және 2024 жылдары артықшылықты акциялар бойынша дивидендтер бойынша шығыстар 80.000 мың теңгені құрады және 32 ХҚЕС-ке (IAS) сәйкес пайда немесе зиян және өзге де жиынтық кіріс туралы жекелеген есептің пайыздық шығыстарының құрамында көрсетілді.

**21. Жалдау бойынша міндеттемелер**

Жалдау бойынша міндеттемелер былайша көрсетілген:

|                                                    | <b>2025 жылғы<br/>31 желтоқсан</b> | <b>2024 жылғы<br/>31 желтоқсан</b> |
|----------------------------------------------------|------------------------------------|------------------------------------|
| <b>Өтеу мерзімдерін талдау:</b>                    |                                    |                                    |
| 1 жыл                                              | 2.525.260                          | 1.959.684                          |
| 2 жыл                                              | 1.983.797                          | 1.920.913                          |
| 3 жыл                                              | 654.454                            | 1.488.873                          |
| 4 жыл                                              | 388.466                            | 338.626                            |
| 5 жыл                                              | 44.151                             | 74.273                             |
| Болашақ кезеңдердің қаржылық шығыстарын шегергенде | (873.153)                          | (938.268)                          |
| <b>Жалдау бойынша міндеттемелер жиыны</b>          | <b>4.722.975</b>                   | <b>4.844.101</b>                   |
| <b>Міндеттемелер мерзімінің түрі:</b>              |                                    |                                    |
| Қысқа мерзімді                                     | 2.010.995                          | 1.476.300                          |
| Ұзақ мерзімді                                      | 2.711.980                          | 3.367.801                          |
| <b>Жалдау бойынша міндеттемелер жиыны</b>          | <b>4.722.975</b>                   | <b>4.844.101</b>                   |
| <b>Жалдау бойынша міндеттемелер</b>                | <b>2025 жыл</b>                    | <b>2024 жыл</b>                    |
| 1 қаңтарға баланстық құн                           | 4.844.101                          | 3.281.866                          |
| Түсімдер                                           | 1.615.819                          | 1.382.437                          |
| Шығулар                                            | (912.022)                          | (153.966)                          |
| Төлемдер                                           | (2.377.045)                        | (1.377.940)                        |
| Пайыздар бойынша шығыстар (25-ескертпе)            | 948.764                            | 542.220                            |
| Жаңғыртудан болған өсер                            | 603.358                            | 1.169.484                          |
| <b>31 желтоқсанға баланстық құн</b>                | <b>4.722.975</b>                   | <b>4.844.101</b>                   |

(Мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

**22. Ипотекалық ұйым алдындағы міндеттемелер**

2018 және 2019 жылдары ҚРҰБ «Іпотека «7-20-25» ипотекалық тұрғын үйді кредиттеу бағдарламасын бекітті. Халыққа бастапқы тұрғын үйді сатып алу мүмкіндігін беру және банктің қаржыландыруда қызығушылығын арттыру осы бағдарламаның негізгі мақсаты болып табылады. «Іпотека «7-20-25» бағдарламасының талаптарына сай кредиттер 25 жылға дейінгі мерзіммен және 20% мөлшерінде бастапқы жарнамен жылдық 7,0% мөлшерлемесі бойынша теңгемен беріледі. Кредиттің берілуі және қызмет көрсетуі үшін комиссия алынбайды.

Бағдарлама шеңберінде Банк клиенттерге ипотекалық кредиттер берді және оларды кредиттердің номиналды құны мөлшерінде ақпалай қаражатқа айырбастау үшін «Қазақстанның орнықтылық қоры» АҚ-ға («Оператор») берді. Банк заңгерлік тұрғыдан бұл бағдарлама бойынша агент ретінде болады және алынған пайыздық төлемдерден жылдық 2,5-4,0% мөлшерінде сыйақы алады.

Банк активтерін Операторға беру талаптарына сәйкес, берілген кредиттер бойынша дефолт орын алған жағдайда, Банк берілген кредиттерді Оператордан кері сатып алуға міндетті. Осыған байланысты Банк берілген кредиттерге қатысты кредиттік тәуекелдерді сақтайды және осы кредиттер бойынша барлық пайданы сақтайды, осыған байланысты Банк өз активтерінің құрамында осы кредиттерді тануды тоқтатпайды.

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша берілген кредиттердің баланстық құны 262.964.944 мың теңгені құрады (2024 жылғы 31 желтоқсан: 248.271.027 мың теңге) және Оператор алдындағы міндеттемелердің баланстық құны 263.076.372 мың теңгені құрады (2024 жылғы 31 желтоқсан: 248.307.105 мың теңге).

**23. Басқа да міндеттемелер**

Басқа да міндеттемелерге келесі позициялар кіреді:

|                                                                                             | 2025 ЖЫЛҒЫ<br>31 ЖЕЛТОҚСАН | 2024 ЖЫЛҒЫ<br>31 ЖЕЛТОҚСАН |
|---------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------|----------------------------|
| Өнім жеткізушілердің алдындағы кредиторлық берешек                                          | 2.947.936                  | 1.781.400                  |
| Байланысты тарап алдындағы сақтандыру жарналарын төлеу бойынша кредиторлық берешек          | 2.091.726                  | —                          |
| Берілген кепілдіктер бойынша ККЗ резерві (33-ескертпе)                                      | 162.871                    | 80.461                     |
| Есептелген комиссиялық шығыстар                                                             | 1.562                      | 10.275                     |
| Басқа да қаржылық міндеттемелер                                                             | 1.963.745                  | 1.375.066                  |
| <b>Басқа да қаржылық міндеттемелер</b>                                                      | <b>7.167.840</b>           | <b>3.247.202</b>           |
| Жұмыскерлердің сыйлықақылары бойынша есептелген шығыстар                                    | 5.031.169                  | 4.210.235                  |
| Пайдаланылмаған демалыстар бойынша есептелген шығыстар                                      | 1.908.539                  | 1.093.695                  |
| ҚДКҚ-ға есептелген міндетті жарналар                                                        | 1.618.907                  | 921.380                    |
| Клиенттерге берілген кредиттер бойынша сыйақыны алдын ала төлеу                             | 1.257.314                  | 527.303                    |
| Корпоративтік табыс салығынап басқа, өзге салықтар мен төлемдер бойынша кредиторлық берешек | 1.149.281                  | 461.683                    |
| Бюджетке төленетін міндетті төлемдер                                                        | 555.199                    | —                          |
| Бағалау міндеттемелері (33-ескертпе)                                                        | —                          | 368.015                    |
| Шығарылған кепілдіктер бойынша болашақ кезеңдердің комиссиялық кірістері                    | 9.736                      | 84.332                     |
| Басқа да қаржылық емес міндеттемелер                                                        | 153.820                    | 322.775                    |
| <b>Басқа да қаржылық емес міндеттемелер</b>                                                 | <b>11.683.965</b>          | <b>7.989.418</b>           |
| <b>Басқа да міндеттемелер жиыны</b>                                                         | <b>18.851.805</b>          | <b>11.236.620</b>          |

(Мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

**24. Капитал**

2025 және 2024 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Банктің 53.500.000 жарияланған жай акциясы бар. Бір жай акцияның номиналды құны 1.000 теңгені құрайды.

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша айналысқа шығарылған 36.094.842 дана көлеміндегі жай акцияларды акционер орналастыру бағасы бойынша толық төледі (2024 жылғы 31 желтоқсан: 31.942.299 дана).

2024 жылғы 23 қыркүйекте «Фридом Финанс» АҚ бір акция үшін 5.250 теңге орналастыру құны бойынша Банктің 952.381 жай акциясын сатып алды. 2024 жылғы 23 желтоқсанда «Фридом Финанс» АҚ бір акция үшін 5.900 теңге орналастыру құны бойынша Банктің 3.389.831 жай акциясын сатып алды. 2025 жылғы 27 наурызда «Фридом Финанс» АҚ 24.500.004 мың теңге жалпы сомаға бір акция үшін 5.900 теңге орналастыру құны бойынша «Фридом Банк Қазақстан» АҚ-ның 4.152.543 жай акциясын сатып алды.

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жарғылық капитал 111.856.152 мың теңге (2024 жылғы 31 желтоқсан: 87.356.148 мың теңге) болды.

2025 және 2024 жылдары жай акциялар бойынша дивидендтер жарияланған жоқ және төленген жоқ.

2025 және 2024 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша ҚҚБ Листингтік ережелерінде көрсетілген Әдіснамаға сәйкес есептелген бір жай акцияның баланстық құны төменде келтірілген:

| Акциялар түрі | 2025 жылғы<br>31 желтоқсан   |               | 2024 жылғы<br>31 желтоқсан                      |                              | 2024 жылғы<br>31 желтоқсан |                                                 |
|---------------|------------------------------|---------------|-------------------------------------------------|------------------------------|----------------------------|-------------------------------------------------|
|               | Айналыстағы<br>акциялар саны | Таза активтер | Бір акцияның<br>баланстық<br>құны<br>(теңгемен) | Айналыстағы<br>акциялар саны | Таза активтер              | Бір акцияның<br>баланстық<br>құны<br>(теңгемен) |
| Жай           | 36.094.842                   | 232.296.483   | 6.435,73                                        | 31.942.299                   | 199.489.044                | 6.245,29                                        |

  

| Акциялар түрі                       | 2025 жылғы<br>31 желтоқсан   |                                  | 2024 жылғы<br>31 желтоқсан                      |                              | 2024 жылғы<br>31 желтоқсан |                                                 |
|-------------------------------------|------------------------------|----------------------------------|-------------------------------------------------|------------------------------|----------------------------|-------------------------------------------------|
|                                     | Айналыстағы<br>акциялар саны | Акциялардың<br>баланстық<br>құны | Бір акцияның<br>баланстық<br>құны<br>(теңгемен) | Айналыстағы<br>акциялар саны | Таза активтер              | Бір акцияның<br>баланстық<br>құны<br>(теңгемен) |
| Артықшылық-<br>ты<br>(18-ескертуге) | 1.000.000                    | 1.040.000                        | 1.040                                           | 1.000.000                    | 1.000.000                  | 1.000                                           |

Банк ҚҚБ-ның Листингтік ережелерінде көрсетілген Әдіснамаға сәйкес есептелген жай және артықшылықты акциялардың баланстық құнын ашады. Бұл ақпаратты ашу ХҚЕС-тің бухгалтерлік есеп стандарттарына сәйкес талап етілмейді.

**Қосымша төленген капитал**

2021 жылы Банк пен Freedom Holding Corp. арасында реттелген борыш шарттарын бұзу туралы келісімдерге қол қойылады, соған сай Freedom Holding Corp. реттелген борышты толық кешірді. 2025 және 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша көрсетілген реттелген борыш Банктің қосымша төленген капиталының құрамында 2.400.340 мың теңге сомасында көрсетілді.

**Негізгі құралдарды қайта бағалау резерві**

Негізгі құралдарды қайта бағалау резерві жер мен ғимараттардың әділ құнының ұлғаюын, сондай-ақ тек мұндай азаю бұрын капиталдың құрамында көрсетілген дәл сол активтің алдыңғы ұлғаюымен байланысты болған шамада ғана осы құнның азаюын көрсету үшін пайдаланылады.

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Банктің негізгі құралдарын қайта бағалау резерві 1.872.135 мың теңге болды (2024 жылғы 31 желтоқсан: 872.129 мың теңге).

(Мың теңгемен, егер өзгеі көрсетілмесе)

**25. Таза пайыздық кіріс**

Таза пайыздық кіріске келесі позициялар кіреді:

|                                                                                                      | 2025 ЖЫЛ             | 2024 ЖЫЛ             |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------|----------------------|
| <b>Тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдалана отырып есептелген пайыздық түсім</b>                       |                      |                      |
| Ақша қаражаты мен оның баламалары                                                                    | 6.953.789            | 3.617.260            |
| Қаржы ұйымдарындағы қаражат                                                                          | 1.007.461            | 656.910              |
| Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар                             | 46.580.778           | 19.142.343           |
| Клиенттерге берілген кредиттер                                                                       | 131.113.072          | 98.316.826           |
| Басқа да активтер                                                                                    | 80.012               | 55.290               |
| <b>Тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдалана отырып есептелген пайыздық түсім жиыны</b>                 | <b>185.735.112</b>   | <b>121.788.629</b>   |
| <b>Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері бойынша пайыздық түсім</b> |                      |                      |
| Сауда-саттықтағы бағалы қағаздар                                                                     | 67.375.683           | 140.131.384          |
| <b>Пайыздық түсім жиыны</b>                                                                          | <b>253.110.795</b>   | <b>261.920.013</b>   |
| <b>Пайыздық шығыстар</b>                                                                             |                      |                      |
| Қаржы ұйымдарының қаражаты                                                                           | (382.916)            | (562.048)            |
| Клиенттердің қаражаты                                                                                | (81.951.685)         | (37.047.701)         |
| «РЕПО» шарттары бойынша кредиторлық берешек                                                          | (87.988.723)         | (142.837.840)        |
| Реттелген борыш                                                                                      | (80.000)             | (80.000)             |
| Ипотекалық ұйым алдындағы міндеттемелер                                                              | (8.821.039)          | (7.701.846)          |
| Жалдау бойынша міндеттемелер (20-ескертуге)                                                          | (948.764)            | (542.220)            |
| <b>Пайыздық шығыстар жиыны</b>                                                                       | <b>(180.173.127)</b> | <b>(188.771.655)</b> |
| <b>Таза пайыздық кіріс</b>                                                                           | <b>72.937.668</b>    | <b>73.148.358</b>    |

Алынған пайыздық кірістер былайша көрсетілген:

|                                                                          | 2025 ЖЫЛ           | 2024 ЖЫЛ           |
|--------------------------------------------------------------------------|--------------------|--------------------|
| Ақша қаражаты мен оның баламалары                                        | 6.952.975          | 3.640.004          |
| Қаржы ұйымдарындағы қаражат                                              | 965.464            | 670.566            |
| Сауда-саттықтағы бағалы қағаздар                                         | 96.583.717         | 146.421.894        |
| Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар | 23.958.404         | 5.492.801          |
| Клиенттерге берілген кредиттер                                           | 123.886.063        | 96.758.744         |
| <b>Жиыны</b>                                                             | <b>252.346.623</b> | <b>252.984.009</b> |

Төленген пайыздық шығыстар былайша көрсетілген:

|                                             | 2025 ЖЫЛ             | 2024 ЖЫЛ             |
|---------------------------------------------|----------------------|----------------------|
| Қаржы ұйымдарының қаражаты                  | (383.449)            | (562.048)            |
| Клиенттердің қаражаты                       | (77.369.181)         | (34.896.509)         |
| «РЕПО» шарттары бойынша кредиторлық берешек | (88.693.630)         | (142.837.840)        |
| Реттелген борыш                             | (40.000)             | (120.000)            |
| Ипотекалық ұйым алдындағы міндеттемелер     | (8.821.039)          | (7.701.846)          |
| Жалдау бойынша міндеттемелер                | (948.764)            | —                    |
| <b>Жиыны</b>                                | <b>(176.256.063)</b> | <b>(186.118.243)</b> |

(Мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

**26. Кредиттік зияндар бойынша шығыстар**

Төмендегі кестеде 2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы пайда немесе зиян құрамында көрсетілген қаржы құралдары бойынша ККЗ шығыстары көрсетілген:

|                                                 | <i>Ескер.</i> | <i>1-кезең</i>     | <i>2-кезең</i>     | <i>3-кезең</i>   | <i>Жиыны</i>        |
|-------------------------------------------------|---------------|--------------------|--------------------|------------------|---------------------|
| Ақша қаражаты мен оның баламалары               | 5             | (102.300)          | —                  | —                | (102.300)           |
| Қаржы ұйымдарындағы қаражат                     | 6             | 36.100             | —                  | —                | 36.100              |
| Клиенттерге берілген кредиттер                  | 7             | (6.036.207)        | (7.485.861)        | 2.806.123        | (10.715.945)        |
| Инвестициялық бағалы қағаздар                   | 9             | (43.816)           | —                  | —                | (43.816)            |
| Микроқаржы ұйымына қойылатын талаптар           | 13            | (458.050)          | —                  | —                | (458.050)           |
| Басқа да қаржы активтері                        | 14            | (641.288)          | 15.802             | 97.382           | (528.104)           |
| Кредиттік сипаттағы шартты міндеттемелер        |               | (82.410)           | —                  | —                | (82.410)            |
| <b>Кредиттік зияндар бойынша шығыстар жиыны</b> |               | <b>(7.327.971)</b> | <b>(7.470.059)</b> | <b>2.903.505</b> | <b>(11.894.525)</b> |

Төмендегі кестеде 2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы пайда немесе зиян құрамында көрсетілген қаржы құралдары бойынша ККЗ шығыстары көрсетілген:

|                                                 | <i>Ескер.</i> | <i>1-кезең</i>     | <i>2-кезең</i>     | <i>3-кезең</i>     | <i>Жиыны</i>        |
|-------------------------------------------------|---------------|--------------------|--------------------|--------------------|---------------------|
| Ақша қаражаты мен оның баламалары               | 5             | (33.614)           | —                  | —                  | (33.614)            |
| Қаржы ұйымдарындағы қаражат                     | 6             | 32.798             | —                  | (42.556)           | (9.758)             |
| Клиенттерге берілген кредиттер                  | 7             | (2.274.947)        | (5.573.212)        | (7.126.938)        | (14.975.097)        |
| Инвестициялық бағалы қағаздар                   | 9             | (124.179)          | —                  | —                  | (124.179)           |
| Басқа да қаржы активтері                        | 14            | 2.047              | (75.042)           | (181.071)          | (254.066)           |
| Кредиттік сипаттағы шартты міндеттемелер        |               | (80.461)           | —                  | —                  | (80.461)            |
| <b>Кредиттік зияндар бойынша шығыстар жиыны</b> |               | <b>(2.478.356)</b> | <b>(5.648.254)</b> | <b>(7.350.565)</b> | <b>(15.477.175)</b> |

2025 жылы пайда немесе зиян және өзге де жинақтық кіріс туралы жекелеген есепте кредиттік залалдар бойынша шығыстар кредиттік портфельді сақтандыру өтемі бойынша активті тану нәтижесінде 5.170.136 мың теңге сомасында кірісті қамтыды (14-ескертуге).

**27. Таза комиссиялық (залал) / кіріс**

Таза комиссиялық кіріске келесі позициялар кіреді:

|                                               | <i>2025 жыл</i>     | <i>2024 жыл</i>     |
|-----------------------------------------------|---------------------|---------------------|
| Төлем карталары                               | 41.584.181          | 25.207.672          |
| Есеп айырысу операциялары                     | 30.580.503          | 9.784.513           |
| Клиенттердің шоттарын ашу және жүргізу        | 2.095.158           | 146.259             |
| Агенттік қызметтер                            | 1.871.059           | 15.922              |
| Кассалық операциялар                          | 1.175.776           | 955.324             |
| Берілген кепілдіктер                          | 247.312             | 102.800             |
| Шетел валютасымен операциялар                 | 144.049             | 87.145              |
| Кешбэк                                        | (59.164.439)        | (4.492.696)         |
| Басқасы                                       | 2.205.360           | 304.865             |
| <b>Комиссиялық кірістер жиыны</b>             | <b>20.738.959</b>   | <b>32.111.804</b>   |
| Клиенттердің карт-шоттары бойынша операциялар | (44.119.150)        | (26.556.357)        |
| Бағалы қағаздармен операциялар                | (3.409.431)         | (1.487.812)         |
| Есеп айырысу операциялары                     | (1.713.529)         | (534.529)           |
| Агенттік қызметтер                            | (127.984)           | (241.589)           |
| Шетел валютасымен операциялар                 | (11)                | (13.979)            |
| <b>Комиссиялық шығыстар жиыны</b>             | <b>(49.370.105)</b> | <b>(28.834.266)</b> |
| <b>Таза комиссиялық (залал) / кіріс</b>       | <b>(28.631.146)</b> | <b>3.277.538</b>    |

(Мың теңгеммен, егер өзгесі көрсетілмесе)

**27. Таза комиссиялық (залал) / кіріс (жалғасы)**

Банк, әдетте, олар тиесілі операция аяқталғанға дейін немесе ол аяқталғаннан кейін бірден комиссия алады (белгілі бір уақытта орындау міндеті орындалатын шарттар болған жағдайда, мысалы, есеп айырысу операциялары). Банк 15 ХҚЕС (IFRS) 121-тармағында көзделген практикалық сипаттағы оңайлатуды қолданады және бастапқы күтілетін қолданылу мерзімі бір жылдан аспайтын шарттар бойынша орындауға қалған міндеттер туралы ақпаратты ашпайды.

2024 жылғы қыркүйекте Банк адалдық бағдарламасын іске қосты, оның шеңберінде клиенттерге транзакция сомасының 1%-дан 4%-ға дейін төлем карталарымен операциялар бойынша кешбэк, сондай-ақ «Freedom» экожүйесінде сатып алулар үшін 30%-ға дейін жоғары кешбэк беріледі. Көрсетілген шығыстар төлем карточкалары бойынша комиссиялық кірістер бойынша ауыспалы өтемнің бөлігі ретінде танылады және Банк клиент тиісті транзакцияны жасаған сәтте мойындайды.

2025 жылы Банк адалдық бағдарламасы бойынша 59.164.439 мың теңге сомасында шығыстар көтерді (2024 жыл: 4.492.696 мың теңге). Банктің есеп саясатына және ХҚЕС талаптарына сәйкес аталған шығыстар тиісті кірістерді азайту жолымен комиссиялық кірістің құрамында көрсетілді. Көрсетілген шығыстар Банктің бекітілген бюджетінде көзделді және клиенттерді тартуға және ұстап қалуға бағытталған әдеттегі операциялық қызмет шеңберінде жұмсалды.

**28. Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы құралдарымен операциялар бойынша таза пайда**

Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы құралдарымен операциялар бойынша таза пайда келесі позицияларды қамтиды:

|                                                                                                                       | 2025 жыл          | 2024 жыл          |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------|-------------------|
| Сауда-саттықтағы бағалы қағаздар бойынша таза жұмсалмаған (залалдар)/пайда                                            | (27.499.200)      | 38.012.287        |
| Сауда-саттықтағы бағалы қағаздар бойынша таза жұмсалған пайда                                                         | 45.539.417        | 1.003.205         |
| Туынды қаржы құралдары бойынша таза жұмсалмаған (залалдар)/пайда                                                      | (148.192)         | 1.468.279         |
| Туынды қаржы құралдары бойынша таза жұмсалған пайда/(залалдар)                                                        | 1.833.796         | (897.799)         |
| <b>Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы құралдарымен операциялар бойынша таза пайда жиыны</b> | <b>19.725.821</b> | <b>39.585.972</b> |

**29. Басқа да кірістер мен шығыстар**

|                                                                                | 2025 жыл         | 2024 жыл       |
|--------------------------------------------------------------------------------|------------------|----------------|
| <b>Басқа да кірістер</b>                                                       |                  |                |
| Дивидендік кіріс                                                               | 706.116          | 311.200        |
| Басқасы                                                                        | 981.514          | 302.903        |
| <b>Басқа кірістер жиыны</b>                                                    | <b>1.687.630</b> | <b>614.103</b> |
| <b>Басқа да шығыстар</b>                                                       |                  |                |
| Негізгі құралдардың және материалдық емес активтердің шығуынан болған шығыстар | 188.771          | —              |
| Бағалау міндеттемелерінің резервтерін қалыптастыру бойынша шығыстар            | —                | 154.528        |
| <b>Басқа да шығыстар жиыны</b>                                                 | <b>188.771</b>   | <b>154.528</b> |

**30. Персонал шығыстары**

Персонал шығыстарына мыналар жатады:

|                                                          | 2025 жыл          | 2024 жыл          |
|----------------------------------------------------------|-------------------|-------------------|
| Жеке табыс салығын қоса алғанда, жалақы мен сыйлауақылар | 36.598.636        | 28.743.765        |
| Әлеуметтік қамсыздандыруға аударымдар                    | 4.817.647         | 2.779.773         |
| <b>Персонал шығыстарының жиыны</b>                       | <b>41.416.283</b> | <b>31.523.538</b> |

(Мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

**31. Әкімшілік және басқа да операциялық шығыстар**

Әкімшілік және басқа да операциялық шығыстарға мыналар кіреді:

|                                                           | 2025 ЖЫЛ          | 2024 ЖЫЛ          |
|-----------------------------------------------------------|-------------------|-------------------|
| Тозу және амортизация (10,11, 12, 13-ескертпелер)         | 6.070.062         | 3.535.956         |
| Жарнама және маркетинг қызметтері                         | 4.614.794         | 2.394.492         |
| Байланыс қызметтері және ақпараттық қызметтер             | 3.477.037         | 2.446.469         |
| Техникалық қолдау және бағдарламалық жасақтама            | 3.081.878         | 2.861.783         |
| ҚАКҚ-ға жарналар                                          | 2.740.160         | 2.588.852         |
| Корпоративтік табыс салығынан басқа салықтар              | 2.601.330         | 1.750.292         |
| Пошталық және курьерлік қызметтер шығыстары               | 2.128.450         | 1.753.468         |
| Пластик карталарын шығарумен байланысты шығыстар          | 2.035.142         | 806.589           |
| Жалдау шығыстары                                          | 1.467.299         | 575.845           |
| BilimClass білім беру жүйесімен байланысты шығыстар       | 1.376.875         | —                 |
| Сақтандыру                                                | 1.375.184         | 43.858            |
| Қайырымдылық және демеушілік                              | 1.173.071         | 1.209.247         |
| Ағымдағы жөндеу және қызмет көрсету                       | 1.029.716         | 586.384           |
| Кәсіптік қызметтер бойынша шығыстар                       | 888.730           | 393.417           |
| Қызметтік іссапарлар шығыстары                            | 588.068           | 422.263           |
| Күзет                                                     | 538.610           | 394.064           |
| Кепілдік лимитін белгілеу үшін Қорға жарналар             | 537.000           | —                 |
| Клиринг алымы                                             | 340.122           | 357.174           |
| Коммуналық қызметтер                                      | 266.299           | 181.558           |
| Көлік                                                     | 223.657           | 87.488            |
| Инкассациялау                                             | 185.814           | 70.427            |
| Айыппұндар мен өсімақылар                                 | 178.301           | 27.161            |
| Өкілдік шығыстары                                         | 61.525            | 54.864            |
| Кеңсе шығыстары                                           | 87.444            | 58.645            |
| Мүшелік жарналар                                          | 77.733            | 72.798            |
| Оқыту                                                     | 69.664            | 81.145            |
| Басқа                                                     | 2.277.198         | 1.892.894         |
| <b>Әкімшілік және басқа да операциялық шығыстар жиыны</b> | <b>39.491.163</b> | <b>24.647.133</b> |

2025 және 2024 жылдардың 31 желтоқсанында аяқталған жылдары аудиторлық қызметтерге жұмсалған шығыстар сомасы тиісінше қосылған құн салығын қоспағанда, 145.546 мың теңгені және 58.016 мың теңгені құрады.

**32. Акцияға шаққандағы пайда**

Акцияға шаққандағы базалық пайда жай акцияларды ұстаушыларға тиесілі есепті кезеңдегі таза пайданы кезең ішінде айналыста болатын акциялардың орташа алынған санына бөлу арқылы есептеледі.

Төменде пайда және акцияға шаққандағы базалық және бөлінген пайданы есептеу кезінде пайдаланылған акциялар туралы деректер көрсетілген:

|                                                                                                              | 2025 ЖЫЛ          | 2024 ЖЫЛ          |
|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------|-------------------|
| Бір жылғы таза пайда                                                                                         | 13.354.069        | 52.414.103        |
| Пайда толық бөлінген жағдайда артықшылықты акциялардың акционерлері төлеу мүмкін дивидендтерді шегере отырып | (80.000)          | (80.000)          |
| <b>Жай акциялардың ұстаушыларына келетін таза пайда</b>                                                      | <b>13.274.069</b> | <b>52.334.103</b> |
| Базалық және акцияға бөлінген пайданы анықтау мақсатында жай акциялардың орташа алынған саны                 | 35.127.811        | 28.116.941        |
| Акцияға шаққандағы базалық және бөлінген пайда (теңгемен)                                                    | 377,88            | 1.861,00          |

2024 және 2025 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Банкте акцияға шаққандағы пайдаға бөлінетін қаржы құралдары болған жоқ.

*(Мың теңгелен, егер өзгесі көрсетілмесе)*

### 33. Шарттық және шартты міндеттемелер

#### Заңгерлік мәселелер

Банк іскерлік операциялармен байланысты түрлі сот талқылауларының әлеуетті нысанысы болып табылады. Банк мұндай әрекеттер мен шағымдардың нәтижесінде туындайтын түпкілікті міндеттеме, егер ондай орын алатын болса, Банктің қаржылық жағдайына немесе қызметінің нәтижелеріне айтарлықтай теріс әсерін тигізбейді деп есептейді.

Банк жекелеген міндеттемелер нәтижесінде туындайтын елеулі міндеттемелер ықтималдылығын бағалап, міндеттеменің туындау себебі болған оқиғалардың орын алу ықтималдылығы болған және міндеттеме сомасы жеткілікті дәрежедегі нақтылықпен есептелуі мүмкін болған кезде ғана жекелеген қаржылық есептілігінде резервтер құрады.

#### Салық салу

Қазақстан Республикасындағы салық талаптары өзгеруге, тиянақсыз қолдануға және түсіндіруге ұшырағыш. Қазақстандық уәкілетті органдардың қазақстандық заңдар мен Банк ережелерінің түсіндіруіндегі алшақтықтар қосымша салықтардың, айыппұлдар мен өсімпұлдардың есептелуіне әкеп соқтыра алады.

Қазақстандық заңнама және салық салу практикасы үздіксіз даму жағдайында тұр және сондықтан кері күші болуы мүмкін түрлі және талқылауға әрі жиі өзгерістерге ұшырағыш. Кейбір жағдайларда салық салынатын базаны анықтау мақсатында салық заңнамасы ХҚЕС-тің бухгалтерлік есебінің ережелеріне сілтеме жасайды. Бұл ретте қазақстандық салық органдарының ХҚЕС-тің бухгалтерлік есебінің тиісті ережелерін түсіндіруі осы жекелеген қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық қолданған есеп саясаттарынан, пайымдаулардан және бағалаулардан өзгеше болуы мүмкін, бұл Банкте қосымша салық міндеттемелерінің туындауына әкелуі мүмкін. Салық органдары салық жылы аяқталғаннан кейін бес жылдың ішінде ретроспективті тексеруді жүргізе алады.

Банк басшылығы оның тиісті заңнаманы түсіндіруі қолайлы болып табылады және Банктің салықтық позициясы негіздемелі болып табылады деп санайды.

Банкті сатып алу-сату шартына сәйкес, 2020 жылы акционер ауысқан кезде, 2016-2020 жылдар кезеңдерінде салық салуға байланысты қосымша салықтардың тәуекелдері сатушыға толық көлемде сақталады, олар туындаған жағдайда Банкке тиісті залалдарды өтеуге міндеттенеді.

2021 жылы 2016 жылғы құжаттық салықтық тексеру қорытындысы бойынша Алматы қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті Банкке 213.487 мың теңге төлеуге ұйғарды. Банк осы төлемге толық сомда резерв құрды.

2024 жылы 2018-2020 жылғы құжаттық салықтық тексеру қорытындысы бойынша Алматы қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті Банкке 257.627 мың теңге төлеуге ұйғарды. Банк осы төлемге 154.528 мың теңге сомасында резерв құрды.

2024 жылғы 7 наурызда Банк Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің апелляциялық департаментіне шағым түсірді. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің апелляциялар департаменті деңгейінде 264.739 мың теңге сомасына шағым қанағаттандырылды.

2025 жылы шағымдану процесінің аяқталуына байланысты Банк 368.015 мың теңге сомасында салық төлеу бойынша бағалау міндеттемелерін таратты.

(Мың теңгеммен, егер өзгесі көрсетілмесе)

**33. Шарттық және шартты міндеттемелер (жалғасы)****Шарттық және шартты міндеттемелер**

Банктің шарттық және шартты міндеттемелеріне мыналар кіреді:

|                                                                                          | 2025 жылғы<br>31 желтоқсан | 2024 жылғы<br>31 желтоқсан |
|------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------|----------------------------|
| <b>Кредит сипатындағы міндеттемелер</b>                                                  |                            |                            |
| Пайдаланылмаған кредит желілері                                                          | 114.253.100                | 84.780.442                 |
| Берілген кепілдіктер                                                                     | 21.663.798                 | 7.670.616                  |
| Пайдаланылмаған кепілдік желілері                                                        | 3.957.898                  | 5.521.041                  |
|                                                                                          | <b>139.874.796</b>         | <b>97.972.099</b>          |
| <b>Күрделі шығындар бойынша міндеттемелер</b>                                            | 15.582                     | —                          |
| <b>Шарттық және шартты міндеттемелер (қамтамасыз ету шегерілгенге дейін)</b>             | <b>139.890.378</b>         | <b>97.972.099</b>          |
| Кепілдіктер бойынша қамтамасыз ету ретінде ұсталатын клиенттердің қаражаты (18-ескертпе) | (5.288.925)                | (2.702.637)                |
| Кредиттік сипаттағы міндеттемелер бойынша ККЗ бағалау резерві (23-ескертпе)              | <b>(162.871)</b>           | <b>(80.461)</b>            |

Шарттарға сәйкес пайдаланылмаған кредит желілері мен кепілдіктер бойынша жалпы міндеттемелер сомасы келешек ақша талаптарын міндетті түрде білдірмейді, өйткені қарыз алушыға қаражатты берместен аталған міндеттемелердің қолданылу мерзімінің өтуі немесе күші жойылуы мүмкін. Кредит желілерін беру туралы келісімдерде кез келген қолайсыз жағдайлар туындаған жағдайда Банктің қаражат беруден біржақты тәртіппен бас тарту құқығы көзделеді. Банк қаражат берілгенге дейін қарыз алушының кредиттік тәуекеліне талдау жүргізеді. Осылайша, Банк оның кредиттік шығындар тәуекеліне ұшырауы кредит желісінің пайдаланылмаған бөлігінің күшін жою туралы хабарлама беру үшін шарттық мерзіммен шектелмей деп санайды.

2025 және 2024 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Банктің кредит сипатындағы міндеттемелері мерзімі өтпеген болып табылады.

**34. Тәуекелдерді басқару****Кіріспе**

Тәуекелдерді басқару банк қызметінің негізінде жатыр және Банктің операциялық қызметінің елеулі элементі болып табылады. Нарықтық тәуекел, кредиттік тәуекел, өтімділік тәуекелі және операциялық тәуекел Банк өз қызметін жүзеге асыру процесінде тап болатын негізгі тәуекелдер болып табылады.

Банктің тәуекелдерді басқару саясаты Банк ұшырағыш келетін тәуекелдерді анықтауға, талдау мен басқаруға, тәуекелдердің шектерін және тиісті бақылауларды белгілеуге, сондай-ақ тәуекелдер деңгейін және олардың белгіленген шектерге сәйкестігін тұрақты бағалауға бағытталған. Тәуекелдерді басқару саясаты мен процедуралары нарықтық жағдайдың өзгеруін, болжамды банк өнімдері мен қызметтерін және ең үздік тәжірибені көрсету мақсатында тұрақты негізде қайта қаралып отырады.

**Тәуекелдерді басқару құрылымы***Директорлар кеңесі*

Директорлар кеңесі тәуекелдерді басқаруды бақылау жүйесінің лайықты түрде қызмет етуіне, шешуші тәуекелдерді басқаруға және тәуекелдерді басқару саясаттары мен процедураларын мақұлдауға, сондай-ақ ірі мәмілелердің мақұлданыуына жауап береді.

*(Мың теңгеммен, егер өзгесі көрсетілмесе)*

## 34. Тәуекелдерді басқару (жалғасы)

### Тәуекелдерді басқару құрылымы (жалғасы)

#### *Тәуекелдер комитеттері*

Директорлар кеңесі жанындағы Тәуекелдер жөніндегі комитет Банктің тәуекелдерді басқару жүйесінің жұмыс істеуін қадағалауды және бақылауды, оның ішінде бекітілген тәуекел-тәбеттің сақталуына мониторингті, тәуекелдер бейіні және түйінді ауытқулар туралы ақпаратты қарауды, сондай-ақ тәуекелдерді басқару мәселелері бойынша Директорлар кеңесіне ұсынымдар дайындауды және Банк қызметінің белгіленген лимиттер мен саясаттарға сәйкестігін жүзеге асырады.

#### *Басқарма*

Банк Басқармасы Директорлар кеңесі бекіткен стратегия және тәуекел-тәбет шеңберінде тәуекелдерді басқару жүйесін ұйымдастыруға және оның жұмыс істеуіне жауап береді, ішкі саясат пен рәсімдерді енгізуді жүзеге асырады, тәуекелдерді ескере отырып басқарушылық шешімдер қабылдайды, сондай-ақ тәуекел-бейін туралы тұрақты есептілікті қарайды және елеулі ауытқулар анықталған кезде түзету шараларын қабылдайды.

#### *Кредиттік тәуекелді басқару бөлімшелері*

Кредиттік тәуекелді басқару бөлімшелері қарыз алушылар мен портфельдер бойынша кредиттік тәуекелді талдауды және бағалауды жүзеге асырады, кредитті төлей алу қабілетін және күтілетін кредиттік зияндарды бағалау әдістемелерін әзірлейді және қолданады, қарыз алушылар, операциялар өнімдері мен түрлері бойынша лимиттерді белгілеу, мониторингтеу және бақылау арқылы кредиттік тәуекелді басқарады, тәуекелдің тәбетке және Банктің ішкі саясаттарына сәйкестігі тұрғысынан жаңа және өзгертілетін кредиттік өнімдерді келісуге қатысады, сондай-ақ басқару органдары үшін тұрақты есептілікті дайындайды.

#### *Қаржылық тәуекелдер бөлімшесі*

Бөлімше Банктің контрагентіне нарықтық тәуекелдерді және өтімділік тәуекелін және кредиттік тәуекелді басқаруға жауапты болады, сондай-ақ осы тәуекелдерді басқару жөніндегі ішкі нормативтік құжаттарды әзірлеуді жүзеге асырады. Бөлімше нарықтық тәуекелдер мен өтімділік тәуекелдерін бағалау және болжау бойынша модельдерді әзірлеуді, тестілеуді, мониторингті, бэк-тестілеуді және қайта калибрлеуді жүзеге асырады, сондай-ақ бақылау лимиттерін және ерте ескерту индикаторларын белгілейді.

#### *Банк қазынашылығы*

Банк қазынашылығы Банктің активтері мен міндеттемелерін, сондай-ақ жалпы қаржылық құрылымын басқару үшін жауап береді. Сондай-ақ Банктің өтімділік тәуекелі мен қаржыландыру тәуекелі үшін негізгі жауапкершілікті қазынашылық көтереді.

#### *Ішкі аудит*

Банкте өтетін тәуекелдерді басқару үрдістеріне ішкі аудит бөлімі жыл сайын тексеріп отырады, ол процедуралардың жеткіліктілігін, сонымен қатар Банктің бұл процедураларды орындауын тексереді. Ішкі аудит бөлімі басшылықпен жүргізілген тексерулердің нәтижелерін талқылайды және өзінің қорытындылары мен ұсыныстарын Директорлар кеңесіне тікелей береді.

#### *Тәуекелдерді бағалау және тәуекелдер туралы ақпарат беру жүйелері*

Банк тәуекелдері күнделікті қызмет барысында орын алуы мүмкін күтілетін шығынды да, санақ модельдері негізінде неғұрлым үлкен нақты шығындардың бағасы болып табылатын болжанбаған шығындарды да бейнелейтін әдіс көмегімен бағаланады. Модельдер өткен тәжірибелерден алынған және экономикалық жағдайларды ескере отырып түзетілген ықтималдық мәндерін пайдаланады. Банк, сондай-ақ ықтималдылығы төмен деп саналатын оқиғалар туындаған жағдайда орын алатын «ең жаман сценарийлердің» де моделін жасайды.

*(Мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)*

## 34. Тәуекелдерді басқару (жалғасы)

### Тәуекелдерді басқару құрылымы (жалғасы)

*Тәуекелдерді бағалау және тәуекелдер туралы ақпарат беру жүйелері (жалғасы)*

Тәуекелдерге мониторинг жүргізу және бақылау, негізінен Банк белгілеген лимиттерге негізделеді. Мұндай шектер қызмет жүргізу стратегиясы мен Банк қызмет ететін нарықтық жағдайларды, сондай-ақ банк қабылдауға дайын тәуекел деңгейін білдіреді. Мұнымен қоса, Банк тәуекелдер мен операциялардың барлық түрлері бойынша жиынтық бағыттарға қатысты тәуекелдерді көтерудегі өзінің жалпы қабілетін бақылайды және бағалайды.

Қызметтің барлық түрлері бойынша алынған ақпарат тәуекелдерді талдау, бақылау және ерте анықтау мақсатында зерттеледі және өңделеді. Көрсетілген ақпарат Басқармаға, тәуекелдер комитетіне және әрбір бөлімшенің басшыларына түсініктемелермен бірге ұсынылады. Есепте кредиттік тәуекелдің жиынтық мөлшері, болжамды кредиттік көрсеткіштер, белгіленген тәуекел шектерінің шектеулері, өтімділік көрсеткіштері және тәуекел деңгейіндегі өзгерістер туралы ақпарат бар. Ай сайын жоғары басқарушы қызметкерлер кредиттік шығындарға резервтерді құру қажеттілігін айқындайды. Тоқсан сайын Директорлар кеңесі тәуекелдер туралы толық есепті алады, әрі онда Банктің тәуекелдерін бағалау және тиісті шешімдерді қабылдау үшін барлық қажетті ақпарат бар.

Банктің барлық деңгейлеріне Банктің барлық бөлімшелерін жан-жақты, қажетті және өзекті ақпаратпен қамтамасыз ету үшін таратылатын тәуекелдер туралы түрлі есептер жасалады.

*Тәуекелді азайту*

Банк тәуекелдерді басқару аясында пайыздық мөлшерлемелердегі, айырбастау бағамдарындағы өзгерістер, кредиттік тәуекел салдарынан туындайтын бағыттарды, сондай-ақ болжалды мәмілелер бойынша бағыттарды басқару үшін туынды және басқа құралдарды қолданады.

Банк өзінің кредиттік тәуекелін азайту үшін белсенді түрде қамтамасыз етуді пайдаланады.

*Тәуекелдің аса шоғырлануы*

Тәуекелдердің шоғырлануы бірқатар контрагенттер ұқсас қызмет түрлерін жүзеге асырған жағдайда немесе олардың қызметі бір географиялық аймақта жүргізілгенде немесе контрагенттер ұқсас экономикалық сипаттамаларға ие болғанда туындайды және экономикалық, саяси және басқа да факторлардың өзгеруі нәтижесінде осы контрагенттердің шарттық міндеттемелерді орындау қабілетіне сол тәрізді ықпал етеді. Тәуекелдің шоғырлануы Банк қызметі нәтижелерінің белгілі бір салаға немесе географиялық аймаққа әсер ететін шарттардағы өзгерістерге салыстырмалы сезімталдығын көрсетеді.

Тәуекелдің аса шоғырлануын болдырмас үшін Банктің саясаты мен процедураларына әртараптандырылған портфельді қолдауға бағытталған арнайы қағидаттар кіреді.

### Кредиттік тәуекел

Кредиттік тәуекел – Банк клиенттерінің немесе контрагенттерінің шарттық міндеттемелерін орындамауы салдарынан шығынға ұшырау тәуекелі. Банк кредиттік тәуекелді жекелеген контрагенттер, тәуекелдің географиялық немесе салалық шоғырлануы бойынша Банк қабылдауға дайын тәуекелдің шекті мөлшерін белгілеу арқылы, сондай-ақ тәуекелдің белгіленген шектерінің сақталуына мониторинг жүргізу көмегімен басқарады.

Банк қамтамасыз ету мөлшерін кезеңділікпен қайта қарауды қоса отырып, контрагенттердің кредиттік қабілетіндегі мүмкін өзгерістерді ертерек анықтауды қамтамасыз ету үшін кредиттік сапаны тексеру процедурасын әзірледі. Жеке тұлғалар мен дербес кәсіпкерлерге қатысты кредит сапасын тексеру рәсімі төлем тәртібін және кредитті төлей алу қабілетінің нашарлауының өзге де индикаторларын тұрақты талдауды да қамтиды. Заңды тұлғаларға қатысты кредит сапасын тексеру рәсімі қаржылық көрсеткіштерді, ақша ағындарын, ковенанттардың орындалуын және кредиттік тәуекел деңгейіне әсер етуі мүмкін өзге де факторларды тұрақты талдауды көздейді. Кредиттік сапаны тексеру процедурасы Банкке өзі бейім тәуекелдер бойынша әлеуетті шығындардың мөлшерін бағалау және қажетті шаралар қабылдау мүмкіндігін береді.

(Мың теңгеммен, егер өзгесі көрсетілмесе)

**34. Тәуекелдерді басқару (жалғасы)****Кредиттік тәуекел (жалғасы)***Құнсыздануды бағалау*

Банк ККЗ-ны ТПМ немесе оның шамамен алынған мәнін пайдалана отырып дисконтталатын ақша қаражатын жеткіліксіз алуын бағалау үшін ықтималдылықты ескере отырып алынған бірнеше сценарийдің негізінде есептейді. Ақша қаражатын толық алмау - бұл ұйымға шарттарға сәйкес тиесілі болатын ақша ағындары мен ұйым алынуын күтіп отырған ақша ағындары арасындағы айырма. ККЗ-ны есептеу механикасы төменде сипатталған, ал негізгі элементтері мыналар болып табылады:

|                                        |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |
|----------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Дефолт ықтималдылығы (PD)              | Дефолт ықтималдылығы белгіленген уақыт аралығының бойына дефолттың орын алу ықтималдығын есепті бағалау білдіреді. Егер активтің танылуы тоқтатылмаса және ол бұрынғысынан портфельдің бір бөлігі болып табыласа, дефолт қарастырылатын кезең ішінде белгілі бір уақыт сәтінде орын алуы мүмкін.                                                                                             |
| Дефолт тәуекеліне ұшыраған өлшем (EAD) | Дефолт тәуекеліне ұшыраған өлшем, шартта немесе өзгеше көзделген негізгі борыш сомасы мен пайыздардың төленуін, төлем жасау мерзімдерінің өтуі нәтижесінде есептелген берілген қарыздар мен пайыздардың өтелуін қоса алғанда, бұл көлемнің есепті күннен кейінгі күтілетін өзгерістерін ескере отырып, келешекте қандай да бір күнге дефолтқа ұшыраған көлемнің есепті бағалануын білдіреді. |
| Дефолт кезіндегі шығын деңгейі (LGD)   | Дефолт кезіндегі шығын деңгейі белгілі бір уақыт сәтінде дефолт орын алған жағдайда туындайтын залалдың есепті бағалануын білдіреді. Бұл көрсеткіш шартта көзделген ақша ағындары мен кредитор, оның ішінде қамтамасыз етуді өткізу нәтижесінде алуы күтіп отырған ақша ағындары арасындағы айырмаға сүйене отырып есептеледі.                                                               |

ККЗ бағалау резерві пайда болуы активтің қолданылу мерзімінің бойынша күтілетін (бүкіл мерзім үшін күтілетін кредиттік зияндар немесе бүкіл мерзім үшін ККЗ) кредиттік зияндардың негізінде есептеледі, егер бастапқы мойындау сәтінен бастап кредиттік тәуекел айтарлықтай ұлғайса, өйтпеген жағдайда бағалау резерві 12 айлық күтілетін кредиттік зияндарға (12 айлық ККЗ) тең болатын сомада есептеледі. 12 айлық ККЗ – есепті күннен кейін 12 айдың ішінде болуы мүмкін қаржы құралы бойынша дефолттардың салдарынан туындайтын ККЗ білдіретін бүкіл мерзім үшін ККЗ-ның бір бөлігі. Бүкіл мерзімдегі ККЗ мен 12 айлық ККЗ ара негізде не қаржы құралдарының базалық портфелінің сипатына қарай ұжымдық негізде есептеледі.

Банк қаржы құралы қолданылуының қалған мерзімінің бойына дефолттың орын алу тәуекелінің өзгеруін есепке алу арқылы, қаржы құралы бастапқы танылған сәттен бастап сол бойынша кредиттік тәуекелдің айтарлықтай ұлғаюының болуына қатысты әрбір есепті кезеңнің соңына бағалауды жүзеге асыруға арналған ішкі құжатты әзірледі. Жоғарыда сипатталған процестің негізінде Банк ол берген кредиттерді келесі топтарға біріктіреді:

|          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |
|----------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1-кезең: | Кредит бастапқыда танылған кезде Банк 12-айлық ККЗ тең болатын сомада бағалау резервін мойындайды.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |
| 2-кезең: | Егер кредит бойынша кредиттік тәуекел бастапқыда танылған сәттен бастап айтарлықтай ұлғайса, Банк бүкіл мерзім үшін ККЗ тең болатын сомада бағалау резервін мойындайды.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |
| 3-кезең: | Кредиттік-құнсызданған болып табылатын кредиттер. Банк бүкіл мерзім үшін ККЗ тең болатын сомада бағалау резервін мойындайды.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |
| СҚКҚ:    | Сатып алынған немесе құрылған кредиттік-құнсызданған (СҚКҚ) активтер – солар бойынша бастапқы мойындау сәтіне кредиттік құнсыздануы болған қаржы активтері. Бастапқы мойындау кезінде СҚКҚ активтері әділ құны бойынша бағаланады және кейіннен кредиттік тәуекелді ескере отырып түзетілген тиімді пайыздық мөлшерлесмені пайдалана отырып есептелген пайыздық түсім танылады. ККЗ бағалау резерві бүкіл мерзім үшін күтілетін кредиттік зияндар сомасының кейіннен өзгеруі болған көлемде танылады немесе танылуы тоқтатылады. |

*(Мың теңгеммен, егер өзгесі көрсетілмесе)*

## 34. Тәуекелдерді басқару (жалғасы)

### Кредиттік тәуекел (жалғасы)

#### *Дефолтты және сауықтыруды анықтау*

Банк қаржы құралы бойынша дефолт орын алды деп есептейді және тиісінше, қарыз алушы шартта көзделген төлем мерзімін жеке тұлғалар үшін (дербес кәсіпкерлер) 90 күнге және заңды тұлғалар үшін 60 күннен артық мерзімді одан артық кешіктірген жағдайда ККЗ-ны есептеу мақсатында 3-кезеңге (кредиттік-құнсызданған активтер) жатқызады.

Клиент бойынша дефолттың болуын сапалы бағалау шеңберінде Банк төлем болмай қалуы мүмкін екендігіне нұсқайтын бірқатар оқиғаны қарастырады. Мұндай оқиғалар орын алған жағдайда Банк мұндай оқиғаның дефолтқа әкеп соқтыратындығын және активтерді ККЗ есептеу мақсатында 3-кезеңге жатқызудың қажет екендігін немесе 2-кезең лайықты болатындығын мұқият саралайды. Мұндай жағдайларға мыналар жатады:

- Кредиттің өтелуі қамтамасыз етуді сату нәтижесінде күтілгенде қамтамасыз ету құнының едәуір азаюы;
- Қарыз алушы банкроттық туралы арыз берді немесе өзін банкрот деп жариялады;
- Қарыз алушының қаржылық жай-күйінің нашарлауына орай кредитті қайта құрылымдау;
- Қарыз алушының өлімі.

Банктің саясатына сәйкес қаржы құралдары «сауықтырылған» болып саналады, демек, дефолттың басталу критерийлерінің ешқайсысы есепті күнге байқалмаған кезде, осы қаржы құралы бойынша берешек оның бір бөлігін өтеу нәтижесінде төмендеген жағдайда, сондай-ақ қайта құрылымдау болған жағдайда - қарыз тіпті тәртіпте қатарынан үштен кем емес шарттық төлем жасаған жағдайда 3-кезеңнен 2-кезеңге ауыстырылады. Банк кредиттік тәуекелдің айтарлықтай ұлғаюы немесе құнсыздану орын алған құрал ретінде қаржы құралын ұстап қалу тәжірибесін кредиттік тәуекелдің елеулі ұлғаю белгісі мен құнсыздану белгісі байқалуды тоқтатқаннан кейін қатарынан үш ай ішінде қолданады.

#### *Қазынашылық және банкаралық операциялар бойынша ККЗ-ны бағалау*

Банктің қазынашылық және банкаралық операцияларын қаржылық қызметтерді көрсететін ұйымдар, банктер, брокер-дилерлер, біржалар, клиринг ұйымдары, сондай-ақ кастодиандық және брокерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар сияқты контрагенттермен операциялар жатады. Мұндай операциялар бойынша ККЗ-ны бағалау жеке негізде жүргізіледі. 9 ХҚЕС-тің (IFRS) талаптарына сәйкес Банк қазынашылық активтерді резервтеу мақсатында жинақталған тарихи деректерді, сондай-ақ ағымдағы және болашақта ақпаратты ескере отырып, кредиттік шарттардың кредит сапасының нашарлауын немесе жақсаруын уақтылы көрсету негізгі қағидаты болып табылатын күтілетін кредиттік зияндар моделін қолданады.

#### *Корпоративтік кредиттеу және ШОБ-ты кредиттеу*

Корпоративтік кредиттеу және шағын әрі орта бизнес субъектілерін («ШОБ») кредиттеу қамтамасыз етілген және қамтамасыз етілмеген нысандарда овердрафттар мен кредит желілерін қоса алғанда, қарыз алушылардың ағымдағы және инвестициялық қызметін қаржыландыру операциялары бойынша кредиттік тәуекелмен байланысты. Өтінімдерді қарау стандартталған онлайн-процестерді пайдалана отырып, сондай-ақ қарыз алушының жеке талдауын көздейтін классикалық офлайн-рәсімдер шеңберінде жүзеге асырылады. Кредиттік тәуекелді бағалау қарыз алушының қаржылық жағдайы мен ақша ағындарын, оның бизнес-моделінің тұрақтылығын, салалық факторларды және корпоративтік басқару сапасын талдауға негізделген. Тәуекелдің негізгі факторлары өтімділік, борыштық жүктеме және борышты жабу көрсеткіштері, қарыз алушының және онымен байланысты тұлғалардың кредиттік тарихы, салық міндеттемелерін сақтау, сондай-ақ кредит сомасының қамтамасыз етудің кепілдік құнына ара қатынасы болып табылады.

*(Мың теңгелен, егер өзгесі көрсетілмесе)*

## 34. Тәуекелдерді басқару (жалғасы)

### Кредиттік тәуекел (жалғасы)

#### *Бөлшек кредиттеу*

Бөлшек кредиттеу кредиттік карталарды, овердрафттарды және өзге де бөлшек өнімдерді қоса алғанда, жеке тұлғалар мен дербес кәсіпкерлерге кепілмен қамтамасыз етілген және қамтамасыз етілмеген кредиттермен байланысты кредиттік тәуекелге ұшырайды. Қамтамасыз етілмеген өнімдер бойынша кредиттік тәуекелді бағалау кредиттік тарихты, кірістердің деңгейі мен тұрақтылығын, қарыз алушының әлеуметтік-демографиялық сипаттамаларын, салықтық және өзге де міндеттемелерді орындау тәртібін, сондай-ақ борыштық жүктеме көрсеткіштерін талдауға негізделген автоматтандырылған скорингтік модельдерді пайдалана отырып жүзеге асырылады. Қамтамасыз етілген өнімдер бойынша кредиттік тәуекел қарыз алушының төлем қабілеттілігі және кредит сомасының қамтамасыз етудің кепілдік құнына ара қатынасы негізінде бағаланады, бұл қарыз алушы дефолтқа ұшыраған жағдайда Банктің ықтимал шығындарын шектеуге мүмкіндік береді.

#### *Дефолт тәуекеліне ұшыраған өлшем*

Дефолт тәуекеліне ұшыраған өлшем (EAD) құнсыздану мәніне бағалануға жататын Қаржы құралдарының жалпы баланстық құнын білдіреді және дефолтқа жақындаған кезде клиенттің өз берешегін ұлғайту қабілеттілігін, сол сияқты өтеу нәтижесінде берешекті азайту мүмкіндігін көрсетеді.

Банк өз клиенттеріне әр түрлі овердрафттарды ұсынады, олар Банк кері қайтарып алуға құқылы және/немесе лимиттерді азайта алады. Банк кредиттік зияндар тәуекеліне ұшырағыштықты хабарламаны беру үшін шарттық мерзіммен шектемейді және осының орнына кезең бойына ККЗ-ны есептейді, ол клиенттің мінез-құлқына, дефолт ықтималдылығына және Банк қолға алатын кредиттік тәуекелді азайту бойынша келешек шараларға қатысты Банк үміттерін көрсетеді. Кредиттік карталар бойынша ККЗ дисконттау үшін пайдаланылатын пайыздық мөлшерлеме орташа тиімді пайыздық мөлшерлемеге негізделген, ол күтілетін тәуекелге ұшырау кезеңінде қолданылады деп күтілуде.

#### *Дефолт кезіндегі шығын деңгейі*

Корпоративтік қарыз алушыларға кредит берілген жағдайда LGD көрсеткіші мерзімді негізде бағаланады және тәуекел-менеджмент тобы қайта қарайды.

Кредиттік тәуекелді бағалау LGD бағалаудың стандартты моделіне негізделеді, соның нәтижесінде белгілі бір LGD деңгейлері орнатылады. Бұл LGD деңгейлері ұсталатын қамтамасыз етуді сату нәтижесінде қалпына келтіріледі немесе өткізіледі деп күтілетін сомалармен салыстырғанда EAD күтілетін көрсеткішін ескереді.

Банк өзінің бөлшек кредит өнімдерін келешек ақша ағындарын бағалау үшін орынды болатын негізгі сипаттамалардың негізінде біртекті топтарға біріктіреді. Бұл үшін залалдар туралы тарихи ақпарат пайдаланылып, мәмілелерге тән сипаттамалардың кең спектрі (мысалға, өнім түрі, қамтамасыз ету түрлері), сондай-ақ қарыз алушының сипаттамалары қарастырылады.

Қажет болғанда, қаржы құралдарының әр тобы үшін LGD деңгейін айқындау үшін жаңа деректер мен болжамды экономикалық сценарийлер пайдаланылады. Болжамды ақпаратты бағалау кезінде күтілетін нәтижелер көптеген сценарийлерге негізделеді. Негізгі бастапқы деректердің мысалдарына қамтамасыз ету құнының өзгеруі, оған қоса ипотекалық кредиттеу жағдайында тұрғын-үйлерге бағалар, төлемдердің мәртебесі немесе құралдардың тобы бойынша залалдарды куәландыратын басқа факторлар жатады.

LGD деңгейлері 1, 2 және 3-кезең активтерінің барлық кластары мен СҚКҚ үшін бағаланады. Мұндай LGD деңгейлеріне арналған бастапқы деректер бағаланады және қажетіне қарай, жақын арада болған қалпына келтіруді ескере отырып, тарихи деректердің негізінде тестілеу арқылы түзетіледі.

#### *Шарттың ажырамас бөлігі болып табылмайтын кепілдіктер*

Кредиттік шарттың ажырамас бөлігі болып табылмайтын кепілдіктерді Банк тиісті кредиттік активтен бөлек ескереді және ол бойынша күтілетін кредиттік зияндар есебіне енгізілмейді. Мұндай кепілдіктерге қатысты Банк кепілдік берілген кредиттік актив бойынша күтілетін кредиттік зияндар шамасында өтеу жөніндегі жеке талапты мойындайды. Осы актив бойынша күтілетін кредиттік зияндар сомасының өзгеруі кредиттік зияндар бойынша шығыстардың құрамында көрсетіледі.

*(Мың теңгеммен, егер өзгеі көрсетілмесе)*

#### 34. Тәуекелдерді басқару (жалғасы)

##### Кредиттік тәуекел (жалғасы)

###### *Кредиттік тәуекелдің айтарлықтай ұлғаюы*

Банк соларға қатысты ККЗ есептелетін барлық активтерді үнемі тексеріп отырады. Құрал немесе құралдар портфелі бойынша ККЗ-ның бағалау резервін құрудың қай сомала қажет екендігін анықтау үшін (яғни 12-айлық ККЗ немесе бүкіл мерзім үшін ККЗ), Банк бастапқы танылған сәттен бастап бұл құрал немесе құралдар портфелі бойынша кредиттік тәуекелдің айтарлықтай ұлғайғанын саралайды.

Егер шартта көзделген төлем мерзімдері 30 күннен артық мерзімге өтсе, кредиттік тәуекел бастапқыда танылған сәттен бастап едәуір ұлғаяды.

###### *Бағалануы ұжымдық негізде жүзеге асырылатын қаржы активтерін топтастыру*

Төменде көрсетілген факторларға қарай, Банк ККЗ-ны дербес негізде не болмаса ұжымдық негізде есептейді.

Банк дербес негізде ККЗ есептейтін актив кластарына мыналар жатады:

- Қазынашылық және банкаралық операциялар (мысалы, банктердегі қаражат, ақша қаражатының баламалары және инвестициялық бағалы қағаздар);
- СҚКҚ ретінде жіктелген қаржы активтері, оның ішінде бастапқы активті тану тоқтатылған кезде және борышты кредиттік қайта құрылымдау нәтижесінде жаңа кредит табылған кезде;
- Есеігі күнге жалпы баланстық құны Банктің меншікті капиталының 0,2%-нан асатын қаржы активтері, сондай-ақ өзара байланысты тарапқа қойылатын талаптарды білдіретін Банк активтері.

Жеке негізде ККЗ бағалауға жатпайтын активтер кластарын Банк ұжымдық негізде бағалайды.

Банк осы қаржы активтерін кредиттердің ішкі және сыртқы сипаттамаларына, мысалы, төлемдердің кепілдіру мерзімдеріне, өнім түріне, кепілмен қамтамасыз ету түріне немесе қарыз алушы өз қызметін жүзеге асыратын салаға байланысты біртекті топтарға біріктіреді.

###### *Болжамды ақпарат пен көптеген экономикалық сценарийлер*

ККЗ-ны есептеу модельдерінде Банк бастапқы экономикалық деректер ретінде болжамды ақпараттың кең спектрін пайдаланады, мысалға:

- Жалпы ішкі өнімінің («ЖІӨ») индексі;
- ҚРҰБ базалық мөлшерлемесі;
- Brent маркалы мұнай бағасы;
- АҚШ долларының теңгеге бағамы;
- Инфляция деңгейі;
- Тұрғын-үй бағасының индексі.

Болжамды ақпарат алу үшін Банк сыртқы көздерден (сыртқы рейтингтік агенттіктер, мемлекеттік органдар, мысалы, ҚРҰБ, Ұлттық статистика бюросы, Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігі, халықаралық қаржы институттары және басқалар) деректерді пайдаланады. Банктің тәуекел-менеджменті бөлімшесінің мамандары көптеген сценарийлерге қатысты салмақ коэффициенттерін анықтайды. Төмендегі кестеде әр экономикалық сценарийде ККЗ-ны бағалау үшін қолданылатын бірнеше сценарийлер бойынша (негізгі және пессимистік) негізгі болжамды экономикалық айнымалылардың/болжамдардың мәндері көрсетілген.

(Мың теңгеммен, егер өзгесі көрсетілмесе)

**34. Тәуекелдерді басқару (жалғасы)****Кредиттік тәуекел (жалғасы)***Болжамды ақпарат пен көптеген экономикалық сценарийлер (жалғасы)*

| Негізгі факторлар                            | 2026 жыл |             |
|----------------------------------------------|----------|-------------|
|                                              | Базальқ  | Пессимистік |
| Brent мұнайына баға (Бrent ICE), АҚШ доллары | 68,50    | 50,60       |
| ҚРҰБ базальқ мөлшерлемесі, %                 | 16,5     | 20,0        |
| ЖІӨ индексі, %                               | 105,22   | 101,88      |
| Инфляция деңгейі, %                          | 9,40     | 10,90       |
| АҚШ долларының теңгеге бағамы                | 560      | 608         |
| Тұрғын-үйге бағалар индексі, %               | 125,2    | 112,51      |

  

| Негізгі факторлар                            | 2025 жыл |             |
|----------------------------------------------|----------|-------------|
|                                              | Базальқ  | Пессимистік |
| Brent мұнайына баға (Бrent ICE), АҚШ доллары | 78,00    | 54,22       |
| ҚР ҰБ базальқ мөлшерлемесі, %                | 13,50    | 15,50       |
| ЖІӨ индексі, %                               | 105,00   | 99,31       |
| Инфляция деңгейі, %                          | 7,44     | 13,33       |
| АҚШ долларының теңгеге бағамы                | 530,00   | 583,00      |
| Тұрғын-үйге бағалар индексі, %               | 100,38   | 91,17       |

**Кредиттік тәуекелдің ең көп мөлшері**

Неттинг туралы бас келісімдерді және қамтамасыз етуді ұсыну туралы келісімдерді пайдалануың салдарынан тәуекелдің азаюының ықпалын ескерместен қаржылық жағдай туралы жекелеген есеп баптарының баланстық құны мұндай баптар бойынша кредиттік тәуекелдің ең жоғары мөлшерін барынша дәл етіп көрсетеді.

Әділ құнымен бейнелентен қаржы құралдары бойынша баланстық құны құндағы өзгеріс нәтижесінде болашақта туындауы мүмкін тәуекелдің ең жоғарғы мөлшерін емес, кредиттік тәуекелдің ағымдағы мөлшерін білдіреді.

*Кредиттік сипаттағы міндеттемелермен байланысты тәуекелдер*

Банк өз клиенттеріне кепілдіктерді алу мүмкіндігін береді, әрі солар бойынша Банктің клиенттердің алдында төлемдерді жүргізу қажеттілігі туындауы мүмкін. Клиенттер кепілдіктерді ұсыну шарттарына сәйкес Банктің мұндай төлемдерін өтейді. Банк көрсетілген шарттар бойынша кредиттер бойынша тәуекелдерге ұқсас болатын және тәуекелдерді бақылау процедуралары мен саясаттарының көмегімен азаятын тәуекелдерді көтереді.

Қаржы секторының ұйымдары тұтастай алғанда қаржы активтері мен шартты міндеттемелерге қатысты туындайтын кредиттік тәуекелге ұшырайды. Кредиттік тәуекел дәрежесі Банк бекіткен тәуекелдерді басқару саясатына сәйкес кредиттер мен кредит қабілеттілігі бойынша лимиттердің сақталуын қамтамасыз ету мақсатында тұрақты мониторингтен өтеді.

(Мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмеген)

**34. Тәуекелдерді басқару (жалғасы)****Кредиттік тәуекелдің ең көп мөлшері (жалғасы)****Қаржы активтерінің кластары бойынша кредиттік сапа**

Банк Fitch Ratings халықаралық рейтингтік агенттігі берген кредиттік рейтингтердің көмегімен Қаржы активтерінің кредиттік сапасын басқарады. Төмендегі кестеде Банктің кредиттік рейтингтер жүйесінің негізінде Қаржылық жағдай туралы жекелеген есептің баптары бойынша активтердің кластары бөлігіндегі кредит сапасының сараптамасы берілді.

| <i>2025 жылғы 31 желтоқсан</i>       | <i>A-тен A+<br/>дейін</i> | <i>AA-тен<br/>AA+ дейін</i> | <i>BBB-тен<br/>BBB+<br/>дейін</i> | <i>BB-тен<br/>BB+ дейін</i> | <i>B-тен B+<br/>дейін</i> | <i>Кредиттік<br/>рейтинг<br/>берілмеген</i> | <i>Жиыны</i> |
|--------------------------------------|---------------------------|-----------------------------|-----------------------------------|-----------------------------|---------------------------|---------------------------------------------|--------------|
| Ақша Қаражаты мен оның<br>баламалары |                           |                             |                                   |                             |                           |                                             |              |
| - 1-кезең                            | 63.142.844                | 17.630.151                  | 189.255.340                       | 11.887.837                  | 3.259.444                 | 44.772.541                                  | 329.948.157  |
| Қаржы ұйымдарындағы Қаражат          |                           |                             |                                   |                             |                           |                                             |              |
| - 1-кезең                            | 20.566.313                | 13.227.557                  | 14.948.811                        | 755.437                     | —                         | 720.807                                     | 50.218.925   |
| - 3-кезең                            | —                         | —                           | —                                 | —                           | —                         | 1.302.373                                   | 1.302.373    |
| Инвестициялық бағамы Қағаздар        |                           |                             |                                   |                             |                           |                                             |              |
| - 1-кезең                            | —                         | —                           | 470.227.279                       | —                           | —                         | —                                           | 470.227.279  |
| Басқа да Қаржы активтері             | —                         | —                           | 3.684.541                         | 5.171.233                   | —                         | 4.887.140                                   | 13.742.914   |
| <i>2024 жылғы 31 желтоқсан</i>       | <i>A-тен A+<br/>дейін</i> | <i>AA-тен<br/>AA+ дейін</i> | <i>BBB-тен<br/>BBB+ дейін</i>     | <i>BB-тен<br/>BB+ дейін</i> | <i>B-тен B+<br/>дейін</i> | <i>Кредиттік<br/>рейтинг<br/>берілмеген</i> | <i>Жиыны</i> |
| Ақша Қаражаты мен оның<br>баламалары |                           |                             |                                   |                             |                           |                                             |              |
| - 1-кезең                            | 14.933.833                | —                           | 109.020.171                       | 19.761.100                  | 6.701.657                 | 81.229.184                                  | 231.645.945  |
| Қаржы ұйымдарындағы Қаражат          |                           |                             |                                   |                             |                           |                                             |              |
| - 1-кезең                            | 14.150.502                | 5.427.252                   | 300.000                           | 787.665                     | —                         | 26.930.116                                  | 47.595.535   |
| - 3-кезең                            | —                         | —                           | —                                 | —                           | —                         | 1.170.868                                   | 1.170.868    |
| Инвестициялық бағамы Қағаздар        |                           |                             |                                   |                             |                           |                                             |              |
| - 1-кезең                            | —                         | —                           | 254.215.096                       | —                           | —                         | —                                           | 254.215.096  |
| Басқа да Қаржы активтері             | —                         | —                           | 2.663.207                         | —                           | —                         | 3.483.550                                   | 6.146.757    |

(Мың теңгеммен, егер өзгегі көрсетілмесе)

**34. Тәуекелдерді басқару (жалғасы)****Географиялық шоғырлану**

2025 және 2024 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша қаржы активтері мен міндеттемелердің географиялық шоғырлануы туралы ақпарат төменде көрсетілген:

| <i>2025 жылғы 31 желтоқсан</i>              | <i>Қазақстан<br/>Республикасы</i> | <i>ӘБДҰ елдері</i> | <i>Басқалары</i>     | <i>Жиыны</i>         |
|---------------------------------------------|-----------------------------------|--------------------|----------------------|----------------------|
| <b>Қаржы активтері</b>                      |                                   |                    |                      |                      |
| Ақна қаражаты мен оның баламалары           | 324.843.931                       | 9.458.947          | 38.773.350           | 373.076.228          |
| Қаржы ұйымдарындағы қаражат                 | 16.331.821                        | 33.793.870         | —                    | 50.125.691           |
| Сауда-саттықтағы бағалы қағаздар            | 524.098.407                       | 39.162.486         | 27.269.969           | 590.530.862          |
| Инвестициялық бағалы қағаздар               | 469.978.157                       | —                  | —                    | 469.978.157          |
| Клиенттерге берілген кредиттер              | 995.688.639                       | —                  | —                    | 995.688.639          |
| Микроқаржы ұйымына қойылатын талаптар       | 9.627.264                         | —                  | —                    | 9.627.264            |
| Басқа да қаржы активтері                    | 9.782.168                         | —                  | 542.493              | 10.324.661           |
| <b>Қаржы активтерінің жиыны</b>             | <b>2.350.350.387</b>              | <b>82.415.303</b>  | <b>66.585.812</b>    | <b>2.499.351.502</b> |
| <b>Қаржылық міндеттемелер</b>               |                                   |                    |                      |                      |
| Туыпды қаржылық міндеттемелер               | 101.039                           | —                  | —                    | 101.039              |
| Қаржы ұйымдарының қаражаты                  | 50.394.225                        | 480.950            | 10.294.303           | 61.169.478           |
| Клиенттердің қаражаты                       | 1.026.211.104                     | 11.882.429         | 472.491.412          | 1.510.584.945        |
| «РІІО» шарттары бойынша кредиторлық берешек | 470.655.418                       | —                  | —                    | 470.655.418          |
| Реттелген борын                             | 1.040.000                         | —                  | —                    | 1.040.000            |
| Жалдау бойынша міндеттемелер                | 4.722.975                         | —                  | —                    | 4.722.975            |
| Ипотекалық ұйым аясындағы міндеттемелер     | 263.076.372                       | —                  | —                    | 263.076.372          |
| Басқа да қаржылық міндеттемелер             | 6.069.744                         | 7.695              | 1.090.401            | 7.167.840            |
| <b>Қаржылық міндеттемелердің жиыны</b>      | <b>1.822.270.877</b>              | <b>12.371.074</b>  | <b>483.876.116</b>   | <b>2.318.518.067</b> |
| <b>Нетто позиция</b>                        | <b>528.079.510</b>                | <b>70.044.229</b>  | <b>(417.290.304)</b> | <b>180.833.435</b>   |

| <i>2024 жылғы 31 желтоқсан</i>              | <i>Қазақстан<br/>Республикасы</i> | <i>ӘБДҰ елдері</i> | <i>Басқалары</i>     | <i>Жиыны</i>         |
|---------------------------------------------|-----------------------------------|--------------------|----------------------|----------------------|
| <b>Қаржы активтері</b>                      |                                   |                    |                      |                      |
| Ақна қаражаты мен оның баламалары           | 197.449.301                       | 5.232.773          | 51.999.563           | 254.681.637          |
| Қаржы ұйымдарындағы қаражат                 | 27.749.062                        | 19.570.590         | 199.303              | 47.518.955           |
| Сауда-саттықтағы бағалы қағаздар            | 1.113.465.761                     | 35.220.944         | 17.653.027           | 1.166.339.732        |
| Инвестициялық бағалы қағаздар               | 254.009.790                       | —                  | —                    | 254.009.790          |
| Туыпды қаржы активтері                      | 397.649                           | —                  | —                    | 397.649              |
| Клиенттерге берілген кредиттер              | 766.612.520                       | —                  | —                    | 766.612.520          |
| Микроқаржы ұйымына қойылатын талаптар       | —                                 | —                  | —                    | —                    |
| Басқа да қаржы активтері                    | 2.891.977                         | —                  | 19.099               | 2.911.076            |
| <b>Қаржы активтерінің жиыны</b>             | <b>2.362.576.060</b>              | <b>60.024.307</b>  | <b>69.870.992</b>    | <b>2.492.471.359</b> |
| <b>Қаржылық міндеттемелер</b>               |                                   |                    |                      |                      |
| Туыпды қаржылық міндеттемелер               | —                                 | —                  | —                    | —                    |
| Қаржы ұйымдарының қаражаты                  | 11.810.380                        | 73.933             | 14.650.707           | 26.535.020           |
| Клиенттердің қаражаты                       | 609.302.362                       | 5.994.798          | 468.274.145          | 1.083.571.305        |
| «РІІО» шарттары бойынша кредиторлық берешек | 957.349.633                       | —                  | —                    | 957.349.633          |
| Реттелген борын                             | 1.000.000                         | —                  | —                    | 1.000.000            |
| Жалдау бойынша міндеттемелер                | 4.844.101                         | —                  | —                    | 4.844.101            |
| Ипотекалық ұйым аясындағы міндеттемелер     | 248.307.105                       | —                  | —                    | 248.307.105          |
| Басқа да қаржылық міндеттемелер             | 3.245.772                         | 112                | 1.318                | 3.247.202            |
| <b>Қаржылық міндеттемелердің жиыны</b>      | <b>1.835.859.353</b>              | <b>6.068.843</b>   | <b>482.926.170</b>   | <b>2.324.854.366</b> |
| <b>Нетто позиция</b>                        | <b>526.716.707</b>                | <b>53.955.464</b>  | <b>(413.055.178)</b> | <b>167.616.993</b>   |

(Мың теңгеммен, егер өзгесі көрсетілмесе)

## 34. Тәуекелдерді басқару (жалғасы)

### Нарықтық тәуекел

Нарықтық тәуекел – нарықтық бағалардың өзгеруі салдарынан қаржы құралы бойынша ақша қаражатының әділ құнының немесе келешек ағындарының өзгеру тәуекелі. Нарықтық тәуекел валюталық тәуекелден, сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеру тәуекелінен, сондай-ақ басқа да бағалық тәуекелдерден тұрады. Нарықтық тәуекел нарықтағы жалпы және ерекше өзгерістердің және нарықтағы бағалардың волатильділік деңгейі мен валюталардың айырбас бағамдары өзгеруінің ықпалына ұшыраған пайыздық және үлестік қаржы құралдарына қатысты ашық позициялар бойынша туындайды.

Нарықтық тәуекелді басқару міндеті нарықтық тәуекелге ұшырағыштық қолайлы параметрлердің шеңберінен тыс шығып кетпеуін басқару және бақылау болып табылады, бұл ретте қабылданған тәуекел үшін алынатын кірістіліктің оңтайлануын қамтамасыз ету.

Нарықтық тәуекелдерді шектеу мақсатында Банк Директорлар кеңесі бекітетін тәуекел-тәбет Өтініші шеңберінде нарықтық тәуекелдер бойынша тәуекел-тәбет деңгейлерін белгілейді.

Банк жекелеген қаржы құралдары бойынша портфельдің көлеміне, пайыздық мөлшерлемелерді өзгерту мерзімдеріне, валюталық позицияларға, шығын лимиттеріне және олардың орындалуына тұрақты мониторингті жүргізіп отыруға қатысты ашық позиция бойынша лимиттерді белгілеу арқылы нарықтық тәуекелді басқарады, әрі соның нәтижелерін Банк Басқармасы мен Директорлар кеңесі қарастырып, бекітеді.

Жоғарыда аталғанға қосымша, Банк жеке айрықша нарықтық сценарийлердің жеке сауда портфельдері мен жалпы позицияға ықтимал қаржылық ықпалын модельдеу үшін түрлі стресс-тесттерді пайдаланады. Стресс-тесттер экстремалды жағдайларда орын алуы мүмкін залалдардың әлеуетті мөлшерін айқындауға мүмкіндік береді. Банк пайдаланатын стресс-тесттерге мыналар жатады: тәуекел факторларын стресс-тестілеу, әрі соның шеңберінде тәуекелдің әрбір санаты стресстік өзгерістерге ұшырайды, сондай-ақ жеке позицияларға ықтимал стресс оқиғаларын қолдану кіретін, арнайы стресс-тесттер.

### Пайыздық тәуекел

Пайыздық тәуекел – нарықтық сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеруі салдарынан қаржы құралы бойынша ақша қаражатының әділ құнының немесе келешек ағындарының өзгеру тәуекелі.

Пайыздық тәуекелді басқару мақсатында Банк пайыздық активтердің мерзімдері бойынша пайыздық міндеттемелерге (пайыздық ГЭП), өзгертілген ұзақтыққа және пайыздық маржаға сәйкессіздік шамасын бағалауды жүзеге асырады. Банк басым нарықтық сыйақы мөлшерлемелерінің оның қаржылық жағдайына және ақша қаражатының ағындарына құбылу ықпалына ұшырағыш келеді. Мұндай құбылулар пайыздық маржаның деңгейін ұлғайта алады, дегенмен оны азайта не болмаса сыйақы мөлшерлемелері кездейсоқ өзгерген жағдайда, шығындардың пайда болуына әкеп соқтыра алады.

Пайыздық ГЭП-ке мониторинг жасау арқылы сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеру тәуекелін басқару таза пайыздық маржаның сыйақы мөлшерлемелері өзгеруінің түрлі стандартты және стандартты емес сценарийлеріне сезімталдылыққа мониторинг процедурасымен толықтырылады.

Қисық кірістіліктің параллельді өзгеруінің жеңілдетілген сценарийінің негізінде жасалған сыйақы мөлшерлемелерінің (сыйақы мөлшерлемелерін қайта қарау тәуекелі) ұлғаюына немесе азаюына қарай 100 базистік тармаққа азаю жағына және 100 базистік тармақтың ұлғаю жағына қарай өзгеруіне салық салынғанға дейінгі пайданың сезімталдығын активтер мен міндеттемелер бойынша қайта қаралған ұстанымдарды талдау.

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша мөлшерлемелерді төмендету жағына қарай 100 базистік тармаққа параллель ауысымға салық салуға дейінгі пайдаға әсер ету ұлғаю жағына қарай 24.817.203 мың теңгені құрайды (2024 жылғы 31 желтоқсан: 37.448.734 мың теңге), мөлшерлемелерді ұлғайту жағына қарай 100 базистік тармаққа параллель ауысымнан салық салуға дейінгі пайдаға әсер ету азаю жағына қарай 24.817.203 мың теңгені құрайды (2024 жылғы 31 желтоқсан: 37.448.734 мың теңге).

(Мың теңгелен, егер өзгесі көрсетілмесе)

**34. Тәуекелдерді басқару (жалғасы)****Нарықтық тәуекел (жалғасы)****Баға тәуекелі**

Баға тәуекелі - бұл нарықтық бағалардың қолайсыз өзгеруінен болатын шығындар (тікелей шығындар немесе алынбаған пайда) тәуекелі. Баға тәуекелін шектеу мақсатында Банк бағалы қағаздар бағасының өзгеруінен (stop-loss) ең жоғары шығын лимиттерін белгілейді. Төменде акциялар бағасының индекстеріндегі ықтимал өзгерістер салдарынан 31 желтоқсандағы жағдай бойынша пайдаға немесе зиянға әсер ету (ПЗӨҚ бойынша бағаланатын үлестік құралдардың әділ құнының өзгеруі нәтижесінде); басқа параметрлер тұрақты шамалар ретінде қабылданды:

|                                                             | <i>Салық салынғанға дейін пайдаға әсері</i> |                 |
|-------------------------------------------------------------|---------------------------------------------|-----------------|
|                                                             | <i>2025 жыл</i>                             | <i>2024 жыл</i> |
| Ұлағу жағына қарай 100 базистік тармаққа параллельді өзгеру | 101.380                                     | 106.389         |
| Алау жағына қарай 100 базистік тармаққа параллельді өзгеру  | (101.380)                                   | (106.389)       |

**Валюталық тәуекел**

Банктің бірнеше шетел валютасында білдірілген активтері мен міндеттемелері бар.

Валюталық тәуекел – валюталардың айырбас бағамдарының өзгеруі салдарынан Қаржы Құралы бойынша ақша қаражатының әділ құнының немесе келешек ағындарының өзгеру тәуекелі. Банк өзінің валюталық тәуекелге ұстанымдығын хеджирлейтіндігіне қарамастан, мұндай операциялар ХҚЕС-ке сәйкес хеджирлеу қатынастарының анықтамасына сәйкес келмейді.

Банктің 2025 және 2024 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша валюталық позициясы бұдан әрі келтірілген:

| <i>2025 жылғы 31 желтоқсанға</i>                                        | <i>Теңге</i>         | <i>АҚШ доллары</i> | <i>Еуро</i>        | <i>Басқа валюталар</i> | <i>Жиыны</i>         |
|-------------------------------------------------------------------------|----------------------|--------------------|--------------------|------------------------|----------------------|
| <b>Қаржы активтері</b>                                                  |                      |                    |                    |                        |                      |
| Ақша қаражаты мен оның баламалары                                       | 181.681.580          | 123.256.244        | 14.916.666         | 53.221.738             | 373.076.228          |
| Қаржы ұйымдарындағы қаражат                                             | 6.633.543            | 34.561.485         | 8.926.930          | 3.733                  | 50.125.691           |
| Сауда-саттықтағы бағалы қағаздар                                        | 281.096.025          | 265.880.846        | 36.589.704         | 6.964.287              | 590.530.862          |
| Инвестициялық бағалы қағаздар                                           | 469.978.157          | —                  | —                  | —                      | 469.978.157          |
| Клиенттерге берілген кредиттер                                          | 993.576.637          | 2.112.002          | —                  | —                      | 995.688.639          |
| Микроқаржы ұйымына қойылатын талаптар                                   | 9.627.264            | —                  | —                  | —                      | 9.627.264            |
| Басқа да қаржы активтері                                                | 10.238.287           | 68.184             | —                  | 18.190                 | 10.324.661           |
| <b>Қаржы активтерінің жиыны</b>                                         | <b>1.952.831.493</b> | <b>425.878.761</b> | <b>60.433.300</b>  | <b>60.207.948</b>      | <b>2.499.351.502</b> |
| <b>Қаржылық міндеттемелер</b>                                           |                      |                    |                    |                        |                      |
| Туынды қаржылық міндеттемелер                                           | 27.305               | —                  | —                  | 73.734                 | 101.039              |
| Қаржы ұйымдарының қаражаты                                              | 50.977.136           | 3.966.898          | 5.682.987          | 542.457                | 61.169.478           |
| Клиенттердің қаражаты                                                   | 991.394.561          | 312.744.852        | 142.553.731        | 63.891.801             | 1.510.584.945        |
| «РЕНКО» шарттары бойынша кредиторлық берешек                            | 470.655.418          | —                  | —                  | —                      | 470.655.418          |
| Реттелген борыш                                                         | 1.040.000            | —                  | —                  | —                      | 1.040.000            |
| Жалдау бойынша міндеттемелер                                            | 4.722.975            | —                  | —                  | —                      | 4.722.975            |
| Ипотекалық ұйым адындағы міндеттемелер                                  | 263.076.372          | —                  | —                  | —                      | 263.076.372          |
| Басқа да қаржылық міндеттемелер                                         | 5.802.077            | 986.435            | 291.104            | 88.224                 | 7.167.840            |
| <b>Қаржылық міндеттемелердің жиыны</b>                                  | <b>1.787.695.844</b> | <b>317.698.185</b> | <b>148.527.822</b> | <b>64.596.216</b>      | <b>2.318.518.067</b> |
| Тәуекелді басқару мақсатында ұсталатын туынды қаржы құралдарының әсері. | (3.377.112)          | (105.970.447)      | 91.983.200         | 17.263.320             | (101.039)            |
| <b>Нетто позиция</b>                                                    | <b>161.758.537</b>   | <b>2.210.129</b>   | <b>3.888.678</b>   | <b>12.875.052</b>      | <b>180.732.396</b>   |

(Мың теңгеммен, егер өзгесі көрсетілмесе)

### 34. Тәуекелдерді басқару (жалғасы)

#### Нарықтық тәуекел (жалғасы)

#### Валюталық тәуекел (жалғасы)

| 2024 жылғы 31 желтоқсанға                                                              | Теңге                | АҚШ<br>доллары     | Еуро                | Басқа<br>валюталар | Жиыны                |
|----------------------------------------------------------------------------------------|----------------------|--------------------|---------------------|--------------------|----------------------|
| <b>Қаржы активтері</b>                                                                 |                      |                    |                     |                    |                      |
| Ақша қаражаты мен оның<br>баламалары                                                   | 73.860.994           | 66.103.517         | 39.572.976          | 75.144.150         | 254.681.637          |
| Қаржы ұйымдарындағы қаражат                                                            | 4.355.766            | 20.400.639         | 7.117.693           | 15.644.857         | 47.518.955           |
| Туынды қаржы активтері                                                                 | 75.674               | 219.897            | 102.078             | —                  | 397.649              |
| Сауда-саттықтағы бағалы<br>қағаздар                                                    | 1.049.899.208        | 115.079.244        | 1.361.280           | —                  | 1.166.339.732        |
| Инвестициялық бағалы қағаздар                                                          | 254.009.790          | —                  | —                   | —                  | 254.009.790          |
| Клиенттерге берілген кредиттер                                                         | 764.510.305          | 2.102.215          | —                   | —                  | 766.612.520          |
| Микроқаржы ұйымына<br>қойылатын талаптар                                               | —                    | —                  | —                   | —                  | —                    |
| Басқа да қаржы активтері                                                               | 2.522.653            | 302.481            | 31.857              | 54.085             | 2.911.076            |
| <b>Қаржы активтерінің жиыны</b>                                                        | <b>2.149.234.390</b> | <b>204.207.993</b> | <b>48.185.884</b>   | <b>90.843.092</b>  | <b>2.492.471.359</b> |
| <b>Қаржылық міндеттемелер</b>                                                          |                      |                    |                     |                    |                      |
| Туынды қаржылық міндеттемелер                                                          | —                    | —                  | —                   | —                  | —                    |
| Қаржы ұйымдарының қаражаты                                                             | 13.784.516           | 11.814.805         | 874.417             | 61.282             | 26.535.020           |
| Клиенттердің қаражаты                                                                  | 571.667.273          | 304.605.718        | 131.351.945         | 75.946.369         | 1.083.571.305        |
| «РЕПО» шарттары бойынша<br>кредиторлық берешек                                         | 950.359.274          | 6.990.359          | —                   | —                  | 957.349.633          |
| Реттелген борыш                                                                        | 1.000.000            | —                  | —                   | —                  | 1.000.000            |
| Жалдау бойынша міндеттемелер                                                           | 4.844.101            | —                  | —                   | —                  | 4.844.101            |
| Ипотекалық ұйым алдындағы<br>міндеттемелер                                             | 248.307.105          | —                  | —                   | —                  | 248.307.105          |
| Басқа да қаржылық<br>міндеттемелер                                                     | 2.956.125            | 174.380            | 32.439              | 84.258             | 3.247.202            |
| <b>Қаржылық міндеттемелердің<br/>жиыны</b>                                             | <b>1.792.918.394</b> | <b>323.585.262</b> | <b>132.258.801</b>  | <b>76.091.909</b>  | <b>2.324.854.366</b> |
| <b>Тәуекелді басқару мақсатында<br/>ұсталатын туынды қаржы<br/>құралдарының әсері.</b> | <b>(188.635.570)</b> | <b>117.813.640</b> | <b>71.219.578</b>   | <b>—</b>           | <b>397.648</b>       |
| <b>Нетто позиция</b>                                                                   | <b>167.680.426</b>   | <b>(1.563.629)</b> | <b>(12.853.339)</b> | <b>14.751.183</b>  | <b>168.014.641</b>   |

Келесі кестеде Банктің 31 желтоқсанға саудалық емес монетарлық активтер мен міндеттемелер бойынша, сондай-ақ болжамды ақша ағындары бойынша едәуір позициялары бар валюталар көрсетілген. Банк сыртқы көздердің консенсус пікірін ескере отырып, мультипликативті маусымдықпен prophet модельді қолданды. Бұл талдау салықтарды иегере отырып жасалған және Банк тұрғысынан есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша негізделген түрде ықтимал болып табылатын валюталардың айырбас бағамдарының өзгерістеріне негізделген. Талдау барлық қалған ауыспалылар, әсіресе пайыздық мөлшерлемелер өзгеріссіз қалады деп пайымдайды. Кестелегі теріс сомалар пайдадағы немесе капиталдағы ықтимал таза азаюды көрсетеді, ал оң сомалар әлеуетті таза ұлғаюды көрсетеді. Бұл сезімталдық деңгейлері 2024 жылғы 31 желтоқсанмен салыстырғанда 2025 жылғы 31 желтоқсанға өзгерді және Банк басшылығының геосаяси тәуекелдердің болашақтағы өзгеруіне және олардың Қазақстан экономикасына әсеріне қатысты белгісіздікке байланысты валюта бағамдарының ықтимал өзгеруін бағалауын білдіреді.

(Мың теңгелен, егер өзгесі көрсетілмесе)

**34. Тәуекелдерді басқару (жалғасы)****Нарықтық тәуекел (жалғасы)****Валюталық тәуекел (жалғасы)**

|             | 2025 жыл                 |                                      | 2024 жыл                 |                                      |
|-------------|--------------------------|--------------------------------------|--------------------------|--------------------------------------|
|             | Валюта бағамының өсуі, % | Салық салынғанға дейін пайдаға әсері | Валюта бағамының өсуі, % | Салық салынғанға дейін пайдаға әсері |
| Валюта      |                          |                                      |                          |                                      |
| АҚШ доллары | 15,88%                   | 350.968                              | 11,00%                   | (171.999)                            |
| Еуро        | 22,29%                   | 866.786                              | 9,00%                    | (1.156.801)                          |

  

|             | 2025 жыл                  |                                      | 2024 жыл                  |                                      |
|-------------|---------------------------|--------------------------------------|---------------------------|--------------------------------------|
|             | Валюта бағамының азаюы, % | Салық салынғанға дейін пайдаға әсері | Валюта бағамының азаюы, % | Салық салынғанға дейін пайдаға әсері |
| Валюта      |                           |                                      |                           |                                      |
| АҚШ доллары | 6,68%                     | (147.637)                            | 1,00%                     | 15.636                               |
| Еуро        | 4,26%                     | (165.658)                            | 5,95%                     | 764.774                              |

**Операциялық тәуекел**

Операциялық тәуекел - бұл жүйелік іркістің, персонал қателіктерінің, алаяқтықтың немесе сыртқы оқиғалардың салдарынан туындайтын тәуекел. Бақылау жүйесі жұмысын тоқтатқан кезде операциялық тәуекелдер беделге нұқсан келтіруі, құқықтық салдары болуы немесе қаржылық шығындарға әкеп соқтыруы мүмкін. Банк барлық операциялық тәуекелдер жойылды деген болжам жасай алмайды, бірақ бақылау жүйесінің көмегімен және әлеустті тәуекелдерді қадағалау мен тиісті реакциялар арқылы Банк мұндай тәуекелдерді басқара алады. Бақылау жүйесі міндеттерді, қол жеткізу құқықтарын, бекіту және салыстыру рәсімдерін, персоналды оқытуды, сондай-ақ ішкі аудитті қоса алғанда, бағалау рәсімдерін тиімді бөлуі көздейді.

**Өтімділік тәуекелі**

Өтімділік тәуекелі – Банк қаржылық міндеттемелерді орындау қиындықтарына тап болуы мүмкін екендігінің тәуекелі, әрі солар бойынша есеп айырысулар ақша қаражатын немесе басқа да қаржы активін беру арқылы жүзеге асырылады. Өтімділік тәуекелі активтер мен міндеттемелерді өтеу мерзімдері бойынша сәйкес келмеуі кезінде туындайды. Өтеу мерзімдері және активтер мен міндеттемелер бойынша сыяқы мөлшерлемелері бойынша сәйкес келу және/немесе бақыланатын сәйкес келмеу өтімділік тәуекелін басқаруда негізін қалаушы сәт болып табылады. Жасалатын операциялардың әралуандығының және соған байланысты белгісіздіктің салдарынан активтер мен міндеттемелерді өтеу мерзімдері бойынша толық сәйкестік қаржы институттары үшін әлеттегі тәжірибе болып табылмайды. Мұндай сәйкессіздік операциялардың пайдалылығын ұағайту мүмкіндігін береді, дегенмен залалдардың пайда болу тәуекелін арттырады.

Банк міндеттемелерді өтеу мерзімдерінің орын алуына қарай олардың барлығын орындауға қажетті ақша қаражатының үнемі болуын қамтамасыз ету мақсатында өтімділіктің қажетті деңгейін қолдап отырады.

Өтімділік тәуекелін басқару мақсатында Банк Директорлар кеңесі бекітетін тәуекел-тәбет Өтініші шеңберінде өтімділік тәуекелі бойынша тәуекел-тәбет деңгейлерін белгілейді.

*(Мың теңгелен, егер өзгесі көрсетілмесе)*

### 34. Тәуекелдерді басқару (жалғасы)

#### Өтімділік тәуекелі (жалғасы)

Банк негізгі корпоративтік клиенттер мен жеке тұлғалардың депозиттерінен тұратын қаржыландыру көздерінің әртараптандырылған әрі тұрақты құрылымын, сондай-ақ Банк өтімділікке қатысты көзделмеген талаптарға шұғыл және тым асыра жауап беруге қабілетті болатындай үшін өтімділігі жоғары активтердің әртараптандырылған портфелін белсенді қолдап отыруға тырысады. Өтімділік тәуекелін басқару келесі рәсімдерден тұрады:

- Негізгі валюталар бөлігінде және өтімді активтердің қажетті деңгейінің осы ақша қаражаты ағындарымен байланысты есептен ақша қаражатының ағындарын болжаудан;
- Қаржыландыру көздерінің әртараптандырылған құрылымын қолдаудан;
- Қарыз қаражатын шоғырландыруды және құрылымын басқарудан;
- Қарыз қаражатының есебінен қаржыландыруды тарту жоспарларын әзірлеуден;
- Кассалық өтімділік жоғалған жағдайда қорғану шарасы ретінде еркін өткізуге болатын өтімділігі жоғары активтер портфелін қолдаудан;
- Өтімділікті және қаржыландырудың белгіленген деңгейін қолдау бойынша резервтік жоспарларды әзірлеуден;
- Өтімділіктің заңнамамен белгіленген нормативтерінің көрсеткіштеріне сәйкес келуіне бақылау жасаудан.

Банк Қазынашылығы бөлімшелерден олардың қаржы активтері мен міндеттемелерінің өтімділік құрылымы туралы және болашақта жоспарланып отырған бизнестен күтілетін ақша қаражаты ағындарының болжамы туралы ақпаратты алады. Содан кейін Қазынашылық жалпы Банк үшін өтімділіктің қажетті деңгейін қамтамасыз ету мақсатында саудаға арналған қысқа мерзімді өтімді бағалы қағаздардан, банктердің кредиттерінен және басқа да банкаралық өнімдерден тұратын қысқа мерзімді өтімді активтердің тиісті портфелін қалыптастырады.

Қазынашылық өтімділік бойынша позицияға күн сайын мониторинг жасап отырады, бұл ретте тәуекел-менеджменті бөлімшесі жүйесі негізде қалыпты, сол сияқты қолайсыз жағдайларда нарықтың жай-күйінің түрлі ықтимал сценарийлерін ескере отырып стресс-тесттерді өткізіп отырады. Қалыпты нарықтық жағдайларда өтімділіктің жай-күйі туралы есептер жоғары басшылыққа ай сайын ұсынылып отырады. Өтімділікті басқару саясатына қатысты шешімдерді АПБК қабылдап, Қазынашылық орындап отырады.

Бұл ретте бағалы қағаздар Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің және квазимемлекеттік компаниялардың жоғары сапалы қағаздарынан тұрады (портфельдің 90%-дан астамы), ал «РЕПО» операциялары орталық контрагент арқылы жүзеге асырылады. Қажет болған жағдайда Банк өтімділік қажеттіліктерін жабу үшін жоғары өтімді бағалы қағаздарды өткізе алады, сондай-ақ өтімділікпен күтпеген жағдайлар туындаған жағдайда өтімділікті тартудың баламалы құралдары бар, оның ішінде бас ұйым тарапынан қаржылық қолдауы бар.

(Мың теңгеммен, егер өзгесі көрсетілмесе)

**34. Тәуекелдерді басқару (жалғасы)****Өтімділік тәуекелі (жалғасы)***Өтеуіне дейін қалған мерзімдер бойынша қаржылық міндеттемелер сараптамасы*

Төмендегі кестеде 2025 және 2024 жылдардың 31 желтоқсандағы жағдай бойынша өтеу бойынша шарттық дисконтталмаған міндеттемелер негізінде өтеуіне дейін қалған мерзімдер бөлігіндегі Банктің қаржылық міндеттемелері берілді. Алағашқы талап бойынша өтелуі тиіс міндеттемелер барынша ықтимал ерте күнге өтеу туралы талап мәлімделгендей етіп қарастырылады. Алайда, Банк көптеген клиенттер Банк тиісті төлем жүргізуге міндетті болатын ең ерте мерзімде өтеуді талап етпейді деп күтеді және осыған орай кестеде өткен кезеңдердегі салымдарды талап ету туралы ақпарат негізінде Банк есептеген күтілетін ақша ағымдары бейнеленбеген.

|                                                                             | 2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖСАТОҚСАН     |             |                             |                              |                   |               |                  |
|-----------------------------------------------------------------------------|-----------------------------|-------------|-----------------------------|------------------------------|-------------------|---------------|------------------|
|                                                                             | Талап<br>етілгенге<br>дейін |             | 3 айдан<br>1 жылға<br>дейін | 1 жылдан<br>5 жылға<br>дейін | 5 жылдан<br>артық | Жиыны         | Баланстық<br>құн |
|                                                                             | 3 айдан ксм                 |             |                             |                              |                   |               |                  |
| Қаржылық<br>міндеттемелер                                                   |                             |             |                             |                              |                   |               |                  |
| Туыпды қаржылық<br>міндеттемелер                                            | —                           | 101.039     | —                           | —                            | —                 | 101.039       | 101.039          |
| Қаржы ұйымдарының<br>қаражаты                                               | 12.805.610                  | 13.948.559  | 467.456                     | 8.450.007                    | 33.413.305        | 69.084.937    | 61.169.478       |
| Клиенттерінің қаражаты<br>«РЕПО» шарттары<br>бойынша кредиторлық<br>беренек | 358.449.800                 | 413.910.809 | 428.516.621                 | 352.603.554                  | 1.205.804         | 1.554.686.588 | 1.510.584.945    |
| Реттелген борыш*                                                            | —                           | —           | 80.000                      | 320.000                      | 1.080.000         | 1.480.000     | 1.040.000        |
| Жалдау бойынша<br>міндеттемелер                                             | 189.147                     | 408.629     | 1.927.484                   | 3.070.868                    | —                 | 5.596.128     | 4.722.975        |
| Ипотекалық ұйым<br>алдындағы<br>міндеттемелер                               | 104.415                     | 1.993.792   | 9.985.052                   | 48.597.820                   | 433.017.265       | 493.698.344   | 263.076.372      |
| Басқа да қаржылық<br>міндеттемелер                                          | 2.038.397                   | 2.213.870   | 2.915.573                   | —                            | —                 | 7.167.840     | 7.167.840        |
| Дисконтталмаған<br>қаржылық<br>міндеттемелердің<br>жиыны                    | 844.242.787                 | 434.400.137 | 443.939.669                 | 413.042.249                  | 468.716.374       | 2.604.341.216 | 2.318.518.067    |

\* «5 жылдан астам» санатына жатқызылған мерзімсіз реттелген борыш сомасы дисконтталмаған сомалармен білдірілген.

(Мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

**34. Тәуекелдерді басқару (жалғасы)****Өтімділік тәуекелі (жалғасы)**

Өтеуге дейін қалған мерзімдер бойынша қаржылық міндеттемелер сараптамасы (жалғасы)

|                                                                            | 2024 жылғы<br>31 желтоқсан  |                |                             |                              |                   | Жиыны            | Баланстық<br>құн |
|----------------------------------------------------------------------------|-----------------------------|----------------|-----------------------------|------------------------------|-------------------|------------------|------------------|
|                                                                            | Талап<br>етілгенге<br>дейін | 3 айдан<br>кем | 3 айдан<br>1 жылға<br>дейін | 1 жылдан<br>5 жылға<br>дейін | 5 жылдан<br>артық |                  |                  |
| <b>Қаржылық<br/>міндеттемелер</b>                                          |                             |                |                             |                              |                   |                  |                  |
| Қаржы ұйымдарының<br>қаражаты                                              | 19.691.761                  | 126.010        | 385.030                     | 4.045.808                    | 6.619.983         | 30.868.592       | 26.535.020       |
| Клиенттердің қаражаты<br>«РНИО» шарттары<br>бойынша кредиторлық<br>берешек | 269.749.564                 | 269.777.760    | 202.369.671                 | 362.772.765                  | 89.336            | 1.104.759.096    | 1.083.571.305    |
| Реттелген борыш*                                                           | 957.349.633                 | 3.804.516      | —                           | —                            | —                 | 961.154.149      | 957.349.633      |
| Жалдау бойынша<br>міндеттемелер                                            | —                           | —              | —                           | —                            | 1.000.000         | 1.000.000        | 1.000.000        |
| Ипотекалық ұйым<br>алдындағы<br>міндеттемелер                              | 193.713                     | 298.317        | 1.432.497                   | 3.857.842                    | —                 | 5.782.369        | 4.844.101        |
| Басқа да қаржылық<br>міндеттемелер                                         | 28.120                      | 1.880.347      | 9.429.733                   | 45.721.823                   | 414.143.269       | 471.203.292      | 248.307.105      |
| <b>Дисконтталмаған<br/>қаржылық<br/>міндеттемелердің<br/>жиыны</b>         | <b>1.133.181</b>            | <b>333.085</b> | <b>1.780.936</b>            | <b>—</b>                     | <b>—</b>          | <b>3.247.202</b> | <b>3.247.202</b> |
|                                                                            | 1.248.145.972               | 276.220.035    | 215.397.867                 | 416.398.238                  | 421.852.588       | 2.578.014.700    | 2.324.854.366    |

\* «5 жылдан астам» санатына жатқызылған мерзімді реттелген борыш сомасы дисконтталған сомалармен білдірілген.

Өтімділік тәуекелі туралы ақпаратты ашу мақсатында 2025 жылғы және 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша кредиттік сипаттағы міндеттемелер «талап етілгенге дейін» ретінде жіктелген. 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша шарттардың талаптарына сәйкес кепілдіктер мен аккредитивтердің дисконтталмаған сомасы 12.468.606 мың теңгені құрады (2024 жылғы 31 желтоқсан: 7.171.974 мың теңге).

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес салымшылардың өздерінің мерзімді депозиттерін кез келген сәтте алуға құқығы бар, бұл ретте көпшілік жағдайларда олар есептелген пайыздық кірісті алу құқығынан айырылып қалады. Банк көптеген клиенттер олар тиісті төлемді жасауға міндетті болатын ең ерте күнге өтеуді талап етпейді деп күтіп отыр. Тиісінше, жоғарыда аталған кестеде жеке тұлғалардың депозиттері осы жорамалды ескере отырып шарттық мерзімдерге сәйкес көрсетілген.

Басшылық міндеттемелерді өтеу және активтерді сату шарттарда белгіленгендерден ерекшеленуі мүмкін екен деп есептейді не болмаса басшылық ақша қаражатының ағындарын басқаруға уәкілетті не болмаса бұрынғы тәжірибе осы қаржы активтері мен міндеттемелер бойынша ақша қаражаты ағындарының қозғалу мерзімі шарттарда белгіленген мерзімдерден ерекшеленуі мүмкін екендігіне нұсқап отыр.

**35. Әділ құнды бағалау****Әділ құнды бағалау процедуралары**

Жылымайтын мүлік сияқты маңызды активтерді бағалау үшін бөгде бағалаушылар тартылады. Бөгде бағалаушыларды тарту туралы мәселені Банк Басқармасы шешеді. Бағалаушыны таңдауды айқындайтын критерийлердің қатарына нарықты білу, бедел, тәуелсіздік және кәсіби стандарттарды сақтау кіреді. Әдетте, бағалаушылар үш жыл сайын өзгеріп отырады.

(Мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

**35. Әділ құнды бағалау (жалғасы)****Әділ құнды бағалау процедуралары (жалғасы)**

Әрбір есепті күнге Банк активтер мен міндеттемелер құнының өзгеруін саралайды, әрі соларға қатысты Банктің есеп саясатына сай қайта бағалау не болмаса қайта талдау талап етіледі. Бұл талдаудың мақсаттары үшін Банк бағалау есептеулеріндегі ақпаратты шарттармен және басқа да маңызды құжаттармен салыстыра отырып, алдыңғы бағалау кезінде пайдаланылған негізгі бастапқы деректерді тексереді. Бөгде бағалаушылармен бірге Банк әрбір актив пен міндеттеменің әділ құнындағы кез келген өзгерісті мұндай өзгерістің негізді екенін анықтау үшін тиісті сыртқы дерек көздерімен салыстырады.

Мерзімді түрде Банк және Банктің бөгде бағалаушылары бағалау нәтижелерін Банктің Аудит жөніндегі комитетіне ұсынады. Бұл ретте бағалау кезінде пайдаланылған негізгі жорамалдар талқыланады.

Әділ құн туралы ақпаратты ашып көрсету мақсаты үшін Банк актив немесе міндеттеме бойынша тәуекелдердің табиғаты мен сипаттамаларының негізінде активтер мен міндеттемелердің кластарын, сондай-ақ жоғарыда атап өтілгендей әділ құн көздерінің иерархиясын айқындайды.

**Әділ құн көздерінің иерархиясы**

| <i>Бастапқы деректерді пайдалана отырып<br/>Әділ құнды бағалау</i> |                     |                 |                 |                 |              |
|--------------------------------------------------------------------|---------------------|-----------------|-----------------|-----------------|--------------|
| <i>2025 жылғы 31 желтоқсан</i>                                     | <i>Бағалау күні</i> | <i>1-деңгей</i> | <i>2-деңгей</i> | <i>3-деңгей</i> | <i>Жиыны</i> |
